

Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартты бейімдеу жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 472-ІІ Заңы

Стамбулда 1999 жылғы 19 қарашада жасалған Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартты бейімдеу жөніндегі келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы
ш а р т т ы б е й і м д е у ж ө н і н д е г і
Келісім

Төмендегі Қатысушы мемлекеттер деп аталатын Әзербайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Бельгия Корольдігі, Болгария Республикасы, Венгрия Республикасы, Германия Федерациялық Республикасы, Грек Республикасы, Грузия, Дания Корольдігі, Исландия Республикасы, Испания Корольдігі, Италия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Канада, Люксембург Ұлы Герцогтігі, Молдова Республикасы, Нидерланд Корольдігі, Норвегия Корольдігі, Польша Республикасы, Португалия Республикасы, Ресей Федерациясы, Румыния, Словак Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Америка Құрама Штаттары, Түрік Республикасы, Украина, Француз Республикасы және Чех Р е с п у б л и к а с ы ,

1990 жылғы 19 қарашада Парижде төменде Шарт деп аталатын Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартқа қол қойылған уақыттан бастап Еуропада болған түбегейлі өзгерістерді сезіне отырып,

Еуропалық қауіпсіздіктің өзекті мәселесі ретінде Шарттың шешуші маңызын сақтауға бекем бел буа отырып,

Шарттың бастапқы мақсаттары - Шартты қолдану ауданы шегінде Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника саны 40 000 жауынгерлік танкісінен, 60 000 броньды жауынгерлік машинасынан, 40 000 артиллерия бірлігінен, 13 600 жауынгерлік ұшақтан және 4000 соққы беруші тікұшақтан аспауын қамтамасыз етуге қол жеткізуді а т а п к ө р с е т е о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Шарттың кіріспесі алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"Төмендегі Қатысушы мемлекеттер деп аталатын Әзербайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Бельгия Корольдігі, Болгария

Республикасы, Венгрия Республикасы, Германия Федерациялық Республикасы, Грек Республикасы, Грузия, Дания Корольдігі, Исландия Республикасы, Испания Корольдігі, Италия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Канада, Люксембург Ұлы Герцогтігі, Молдова Республикасы, Нидерланд Корольдігі, Норвегия Корольдігі, Польша Республикасы, Португалия Республикасы, Ресей Федерациясы, Румыния, Словак Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Америка Құрама Штаттары, Түрік Республикасы, Украина, Француз Республикасы және Чех Р е с п у б л и к а с ы ,

1998 жылғы 10 қаңтардағы Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер жөніндегі келіссөздер мандатын басшылыққа ала отырып,

осы Шарт бойынша Венада келіссөздер жүргізілген, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Ұйымның (бұрын - Кеңестер) мақсаттары мен міндеттерін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына сәйкес келмейтін қандай да бір жолмен кез-келген мемлекеттің аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы ретінде олардың өзара және жалпы халықаралық қатынастарына күш қолданудан немесе қоқан-лоққы көрсетуден тартыну туралы өз міндеттемелерін ескере отырып,

Еуропада кез-келген әскери қақтығысты болдырмау қажеттілігін мойындай отырып,

Еуропада үлкен тұрақтылық пен қауіпсіздікке қол жеткізу үшін, және олардың одақтық шарттарға қатысу немесе қатыспау құқығын ескере отырып, олардың барлығының бірлескен жауапкершілігін сезіне отырып,

бейбіт ынтымақтастық негізінде барлық Қатысушы мемлекеттер арасында қауіпсіздік қатынастарының жаңа сипатын бұдан әрі дамытуға және нығайтуға және сөйтіп Еуропада қауіпсіздіктің ортақ және бөлінбейтін кеңістігін құруға үлес қосуға ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

келешекте, осыған дейінгі, Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер қауіпсіздігінің, тұрақтылығының және тепе-теңдігінің жалпы деңгейін бұдан да төмендетуді, тұрақтылық пен қауіпсіздікке нұқсан келтіретін теңсіздіктерді жоюды және кенеттен шабуыл жасауды жүзеге асыру және Еуропада ірі ауқымды шабуыл әрекеттерін бастау әлеуетін жоюды қолдау мақсатын ұстана отырып,

осы Шарт кез-келген мемлекеттің қауіпсіздік мүддесіне кері ықпал жасауды мақсат етпейтіндігін растай отырып,

1999 жылғы 17-19 қарашада Стамбулда болған Еуропаның кәдімгі қарулы күштері туралы шартқа Қатысушы мемлекеттер конференциясының қорытынды актісін, сондай-ақ онда келтірілген кейбір Қатысушы мемлекеттердің саяси міндеттемелеріне қатысты мәлімдемелерді назарға ала отырып,

Атлант мұхитынан Орал тауларына дейінгі ауданда географиялық аумағы бар

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымға басқа да қатысушы мемлекеттердің қосылуы үшін Шарттың ашықтығын назарға ала отырып, келіссөздерді қоса алғанда, кәдімгі қару-жарақты бақылау процестерін жалғастыруда өздерінің адалдықтарын, сондай-ақ Еуропадағы саяси жағдайды дамыту тұрғысында еуропалық тұрақтылық пен қауіпсіздікке қатысты болашақ талаптарды растай отырып, төмендегілер туралы келісті:".

2-бап

Шарттың 1-бабы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"1-бап

1. Әрбір Қатысушы мемлекеттер осы Шарттың ережелеріне сәйкес кәдімгі қарулы күштердің мынадай бес санатына: жауынгерлік танктерге, жауынгерлік броньды машиналарға, артиллерияға, жауынгерлік ұшақтарға және жауынгерлік тікұшақтарға қатысты міндеттемелерді қоса онда белгіленген міндеттемелерді орындайды.

2. Әрбір Қатысушы мемлекеттер, сондай-ақ осы Шартта белгіленген, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған басқа шараларды жүзеге асырады.

3. Қатысушы мемлекеттің Шартпен шектейтін санаттағы кәдімгі қару-жарағы мен техникасы басқа Қатысушы мемлекеттің аумағында тек халықаралық құқыққа, қабылдайтын Қатысушы мемлекеттің айқын көрсетілген келісіміне немесе Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тиісті қарарына сәйкес қана бола болады. Айқын көрсетілген келісім алдын ала берілуі тиіс және ол XIII-баптың 1-бис тармағында көрсетілгеніндей қолданылуын жалғастыруы қажет.

4. Осы Шартқа төмендегі қосымшасымен, Қолда бар тұрпаттар туралы хаттама деп аталатын Кәдімгі қару-жарақ пен техниканың қолда бар типтері туралы хаттама; төменде Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттама деп аталатын Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартпен шектелетін Кәдімгі қару-жарақ пен техниканың ұлттық шекті деңгейлері туралы хаттама; төменде аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттама деп аталатын Еуропадағы әдеттегі қарулы күштер туралы шартпен шектелетін Кәдімгі қару-жарақ пен техниканың аумақтық шекті деңгейлері туралы хаттама; төменде Ұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттама деп аталатын Жауынгерлік оқу-жаттығу ұшақтардың нақтылы модельдерін немесе түрлерін қарусыз оқу-жаттығу ұшақтарына қайта топтастыруды реттейтін рәсімдер туралы хаттама; төменде Қысқартулар туралы хаттама деп аталатын Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартпен шектелетін Кәдімгі қару-жарақ пен техниканы қысқартуды реттейтін рәсімдер туралы хаттама; төменде Тікұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттама деп аталатын Жауынгерлік тікұшақтарды топтастырудың және көп мақсатты беруші тікұшақтардың қайта топтастырылуын реттейтін рәсімдер туралы хаттама; төменде Ақпарат алмасу туралы хаттама деп аталатын Хабарламалар мен ақпарат алмасу туралы хаттама, төменде Көлем туралы қосымша деп аталатын Ақпарат алмасу үшін көлем туралы қосымшасымен қоса; Инспекциялар туралы хаттама; және Бірлескен консультациялық

т о п т у р а л ы х а т т а м а қ о с ы л а д ы .

Бұл құжаттардың әрқайсысы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады".

3-бап

1. Шарттың II-бабы 1-тармағының (А) және (G) тармақшалары алынып тасталады.

2. Шарттың II-бабы 1-тармағының (B) тармақшасы алынып тасталады және
м ы н а л а р м е н а у ы с т ы р ы л а д ы :

"(B) "Қолданыс ауданы" деген термин Дания Корольдігінің Фарер, Свальбард (Шпицберген) аралдарын, Аюлы аралын, Норвегия Корольдігін, Португалия Республикасының Азор және Мадейра аралдарын, Испания Корольдігінің Канар аралдарын және Ресей Федерациясының Франц-Иосиф жері мен Жаңа жерін қоса, Қатысушы мемлекеттердің барлық еуропалық аралдық аумақтарын қамтитын Атлант мұхитынан Орал тауына дейінгі барлық құрылықтық аумақты білдіреді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының жағдайында қолданыс ауданына Жайық өзені мен Каспий теңізінің батысындағы барлық аумақ қосылады.

Түрік Республикасының жағдайында қолданыс ауданына түрік шекарасының 39-параллельмен қиылысар нүктесінен өтетін сызық бойымен солтүстікке және батысқа қарай Мурадиеге, Патносқа, Қараязиге, Текманға, Кемалиеге, Фекеге, Жейханға, Доғанкентке, Гезнеге және одан әрі теңізге дейінгі Түрік Республикасының аумағы
қ о с ы л а д ы " .

3. Шарттың II-бабы 1-тармағының (H) тармақшасы алынып тасталады және
м ы н а л а р м е н а у ы с т ы р ы л а д ы :

"(H) "Тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленген орыны" деген термин табиғи шекарасы анық айқындалған, Шартпен шектелетін, ұлттық шекті деңгейдің есебіне кіретін, әдеттегі қару-жарағы мен техникасы бар, бірақ тұрақты бөлімдерде Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарағы мен техникасы бар, бірақ тұрақты бөлімдерде Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарағы мен техникасы шектелудің аясына кірмейтін жерді
б і л д і р е д і " .

4. Шарттың II-бабы 1-тармағының (J) тармақшасы алынып тасталады және
м ы н а л а р м е н а у ы с т ы р ы л а д ы :

"(J) "Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника" деген термин IV, V, VII баптарда, Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттама мен Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген сандық шектелуге жататын жауынгерлік танктерді, жауынгерлік броньды машиналарды, артиллерияны, жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші
ті к ұ ш а қ т а р д ы бі л д і р е д і " .

5. Шарттың II-бабы 1-тармағының (U) тармақшасы алынып тасталады және
м ы н а л а р м е н а у ы с т ы р ы л а д ы :

"(U) "қысқарту нормасы" деген термин IV бапты сақтауды қамтамасыз ету

мақсатында Шарттың ережелеріне сәйкес қысқартуға міндеттенген Қатысушы мемлекеттің Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарағы мен техникасының әр санатының санын білдіреді".

4-бап

Шарттың III-бабының 1-тармағы алынып тасталады және мыналармен а у ы с т ы р ы л а д ы :

"1. Осы Шарттың мақсаты үшін Қатысушы мемлекеттер мынадай есептеу ережесін қ о л д а н а д ы :

Барлық жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтар, олар II бапта айқындалғандай, қолданыс ауданы шегінде сандық шектелуге жатады және оларға IV, V және VII баптарда, Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада және Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамада көрсетілген басқа да ережелер қолданылады, бұған Қатысушы мемлекеттің кәдімгі тәжірибесіне сәйкес:

(A) сынақ өндірісімен байланысты өндіру процесінде тұрған;

(B) тек зерттеу және жасап шығару мақсаты үшін пайдаланылатындар;

(C) тарихи жәдігерлерге жататындар;

(D) IX баптың ережелеріне сәйкес қару-жаракты есептен шығарғаннан кейін п а й д а ғ а а с ы р у д ы к ү т е т і н д е р ;

(E) экспортты немесе кері экспортты күтетін немесе экспорты немесе кері экспорт үшін қайта жабдықталатындар және қолданыс ауданы шегінде уақытша қалатындар қосылмайды. Мұндай жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік ұшақтар және соққы беруші тікұшақтар Ақпараттар алмасу туралы хаттаманың V бөлімінің ережелеріне сәйкес жарияланған жерлерден гөрі басқа орындарда, немесе былтырғы жыл сайынғы ақпараттар алмасу кезінде хабарланған, оннан аспайтын осындай жарияланған орындарда орналастырылады. Соңғы жағдайда олар Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарак пен техникадан бөлек ерекшеленуі тиісті.

(F) имеются, в случае бронетранспортеров, боевых машин пехоты (БМП), боевых машин с тяжелым вооружением (БМТВ) или многоцелевых ударных вертолетов, в наличии у организаций, созданных и структурно организованных для осуществления в мирное время функций обеспечения внутренней безопасности; или

(G) следуют транзитом через район применения из пункта, лежащего за пределами района применения, в конечный пункт, лежащий за пределами района применения, и находятся в районе применения в общей сложности не более семи дней".

Статья 5

Статья IV Договора изымается и заменяется следующим:

"Статья IV

1. В пределах района применения каждое Государство-участник ограничивает и, при необходимости, сокращает свои боевые танки, боевые бронированные машины,

артиллерию, боевые самолеты и ударные вертолеты таким образом, чтобы их количества не превышали национальный предельный уровень, предельный подуровень для регулярных частей и предельный подуровень для подкатегорий, установленные для данного Государства-участника в соответствии с настоящей статьей и Протоколом о национальных предельных уровнях. Предельный подуровень для регулярных частей устанавливает максимальное количество боевых танков, боевых бронированных машин и артиллерийских единиц, которое Государство-участник может иметь в наличии в регулярных частях в пределах района применения. Предельный подуровень для регулярных частей равен национальному предельному уровню, если иное не указано в Протоколе о национальных предельных уровнях. Любые боевые танки, боевые бронированные машины и артиллерийские единицы в рамках национального предельного уровня в любой категории сверх соответствующего предельного подуровня для регулярных частей располагаются в обозначенных местах постоянного складского хранения. Предельный подуровень для подкатегорий устанавливает максимальное суммарное количество боевых машин пехоты и боевых машин с тяжелым вооружением, а также максимальное количество боевых машин с тяжелым вооружением, которые Государству-участнику разрешается иметь в наличии в пределах района применения в категории боевых бронированных машин.

2. В пределах района применения все обычные вооружения и техника в категориях, ограничиваемых Договором: учитываются и контролируются Государством-участником; засчитываются в соответствии с положениями статьи III в национальный предельный уровень Государства-участника; переводятся в районе применения только в другие Государства-участники, как это предусмотрено в настоящем Договоре; и подпадают под действие положений Протокола об обмене информацией. В случае если Государство-участник не способно осуществлять свои полномочия в этом отношении, любое Государство-участник может поднять вопрос в соответствии с положениями статьи XVI и статьи XXI с целью рассмотрения ситуации и обеспечения полного соблюдения положений Договора в отношении таких обычных вооружений и техники в категориях, ограничиваемых Договором. Неспособность Государства-участника осуществлять свои полномочия в отношении вышеуказанных обычных вооружений и техники в категориях, ограничиваемых Договором, сама по себе не освобождает Государство-участник от каких бы то ни было обязательств по Д о г о в о р у .

3. Каждое Государство-участник имеет право изменять свой национальный предельный уровень, свой предельный подуровень для регулярных частей и свой предельный подуровень для подкатегорий следующим образом:

(А) Каждое Государство-участник имеет право в соответствии с пунктами 4 и 6 настоящей статьи повышать свой национальный предельный уровень, свой предельный подуровень для регулярных частей и свой предельный подуровень для подкатегорий в

любой категории или подкатегории обычных вооружений и техники, ограничиваемых Договором. Любое такое повышение предваряется или сопровождается соответствующим снижением национального предельного уровня, предельного подуровня для регулярных частей или предельного подуровня для подкатегорий одного или нескольких других Государств-участников в той же категории или подкатегории, за исключением случаев, предусмотренных в пункте 6 настоящей статьи. Государство-участник или Государства-участники, которые осуществляют соответствующее снижение своего национального предельного уровня, предельного подуровня для регулярных частей или предельного подуровня для подкатегорий, уведомляют все Государства-участники о своем согласии на соответствующее повышение национального предельного уровня, предельного подуровня для регулярных частей или предельного подуровня для подкатегорий другого Государства-участника. Ни один национальный предельный уровень Государства-участника, имеющего территорию в районе применения, не должен превышать территориальный предельный уровень этого Государства-участника в той же категории обычных вооружений и техники, ограничиваемых Договором.

(В) Каждое Государство-участник имеет право в одностороннем порядке снижать свой национальный предельный уровень, предельный подуровень для регулярных частей или предельный подуровень для подкатегорий в любой категории или подкатегории обычных вооружений и техники, ограничиваемых Договором. Одностороннее снижение национального предельного уровня, предельного подуровня для регулярных частей или предельного подуровня для подкатегорий Государства-участника как таковое не дает никакому другому Государству-участнику права повысить свой национальный предельный уровень, предельный подуровень для регулярных частей или предельный подуровень для подкатегорий.

РҚАО-ның ескертуі: қазақша аудармасы жоқ (10-11 бет)

4. ХХІ баптың 1-тармағына сәйкес өткізілетін Қатысушы мемлекеттердің конференциялары аралығындағы әрбір бесжылдық кезең ішінде әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ұлттық шекті деңгейін немесе тұрақты бөлімдер үшін шекті кіші деңгейін :

(А) жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар мен артиллерия санаттарында - кемінде 40 жауынгерлік танктен, 60 жауынгерлік броньды машинадан және 20 артиллериялық бірліктен, Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамадағы осы Қатысушы мемлекет үшін белгіленген жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия үшін ұлттық шекті деңгейдің 20%-нен аспайтын мөлшерде, қайсысы көп, соған байланысты, бірақ қандай жағдайда болсын 150 жауынгерлік танктен, 250 жауынгерлік броньды машинадан және 100 артиллерия бірлігінен аспайтын не ;

(В) жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтар санаттарында - кемі 30 жауынгерлік ұшақ пен 25 соққы беруші тікұшақтан асырмай көтеруге құқылы.

Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттер келіскен жағдайда , жоғарыда, 4-тармақтың (А) және (В) тармақшаларында көрсетілген деңгейден тыс өзінің ұлттық шекті деңгейін немесе тұрақты бөлімдер үшін шекті кіші деңгейін көтеруге құқылы .

5. Өзінің ұлттық шекті деңгейін, тұрақты бөлімдер үшін шекті кіші деңгейін немесе кіші санат үшін шекті кіші деңгейін өзгертуге тілек білдірген Қатысушы мемлекет сол хабарламада көрсетілген сондай өзгертудің іске қосылатын күніне дейін кемінде 90 күн бұрын барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді. Көтеру үшін барлық басқа Қатысушы мемлекеттердің келісімі талап етілген жағдайда бірде бір Қатысушы мемлекет хабарламадан кейін 60 күн ішінде осы өзгертуге қарсылық білдірмесе және басқа Қатысушы мемлекеттер өзінің қарсылығы туралы хабарламаған жағдайда ғана хабарламада көрсетілген күннен бастап өзгерту қолданысқа енеді. Ұлттық шекті деңгей , тұрақты бөлімдер үшін шекті кіші деңгей немесе кіші санат үшін шекті кіші деңгей сол шекті деңгейге немесе шекті кіші деңгейге өзгерту іске қосылғанға дейін өз күшінде қалады .

6. 4-тармақтың ережелеріне қосымша, кез келген Қатысушы мемлекеттің тұрақты бөлімдер үшін шекті кіші деңгейі оның жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия санаттарындағы ұлттық шекті деңгейінен төмен болса, осы шектеулі кіші деңгейді:

(А) тұрақты бөлімдер үшін шекті кіші деңгейді көтеру, Шартпен шектелетін сол санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техниканың ұлттық шекті деңгейінің төмендеуімен қатар жүретін ;

(В) Қатысушы мемлекет тұрақты бөлімдер үшін өздерінің шекті кіші деңгейін көтеретін әрбір жауынгерлік танкке, жауынгерлік броньды машинаға немесе артиллерия бірлігіне, осы Қатысушы мемлекет Шартпен шектелетін өзінің сол санаттағы кәдімгі қару-жарағы мен техникасының ұлттық шекті деңгейін төрт бірлікке төмендеткен ;

(С) соның нәтижесінде тұрақты бөлімдер үшін шекті кіші деңгей, жоғарыда, (В) тармақшасында ұйғарылған, азайту есебінен қол жеткізілген, жаңа ұлттық кіші деңгейден аспаған жағдайда көтеруге құқылы."

6-бап

Шарттың V бабы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"V бап

1. II бапта айқындалғанындай, қолданыс ауданы шегінде, әрбір Қатысушы мемлекет өздерінің жауынгерлік танктерін, жауынгерлік броньды машиналарын және артиллерияларын өз аумағында, сондай-ақ оның аумағында болуына рұқсат ететін басқа Қатысушы мемлекеттердің жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды

машиналарының және артиллерияларының жалпы санын шектейді, және әрбір Қатысушы мемлекет басқа Қатысушы мемлекеттердің аумағында тұрған өздерінің жауынгерлік танктерін, жауынгерлік броньды машиналарын және артиллерия бірліктерін шектейді сөйтіп, олардың жалпы саны, егер VII бапта өзге көзделмесе, осы бапқа және Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамаға сәйкес белгіленген аумақтық шекті деңгейлерден және аумақтық шекті кіші деңгейлерден аспайтын болады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі немесе Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Ұйымы бұрыштамасының немесе шешімінің негізінде және соған сәйкес өткізілетін бітімгершілік операциялары үшін Қатысушы мемлекеттің аумағында тұрған жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия аумақтық шекті деңгейдің немесе сол Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті кіші деңгейінің есебіне кірмейді. Қатысушы мемлекеттің аумағындағы осы жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың және артиллерияның болу ұзақтығы сондай бұрыштамаға немесе шешімге сәйкес келеді.

Осы тармаққа сәйкес өткізілетін бітімгершілік операциясы үшін Қатысушы мемлекеттің аумағында тұрған жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия туралы Ақпараттар алмасу туралы хаттамаға сәйкес хабарлама беріледі.

3. Транзитпен келетін жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия, транзит арқылы жүзеге асырылатын Қатысушы мемлекеттердің аумақтық шекті деңгейінің және III баптың 1-тармағындағы (G) тармақшасында көзделген, есеп ережесінен алып тастау үшін нұқсан келмейтін аумақтық шекті кіші деңгейінің есебіне:

(А) қолданыс ауданы шегінде жатқан пунктке транзитпен келетін жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия, егер VII бапта өзге көзделмесе, соңғы мақсаттағы Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті деңгейін көтеруді көздемейді. Қолданыс ауданының шегінен тысқары жатқан пунктке, транзитпен келетін жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия үшін сандық шектеу белгіленбеген;

(В) транзитпен келетін жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия қолданыс ауданындағы транзит арқылы жүзеге асыратын Қатысушы мемлекеттердің аумақтарында, жалпы алғанда 42 күннен аспайтын уақытқа қалған; ж ә н е

(С) транзитпен келетін жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия транзит арқылы жүзеге асыратын кез келген дербес Қатысушы мемлекеттің аумағында немесе қолданыс ауданындағы аумақтық шекті кіші деңгейі бар аумақта 21 күннен аспайтын уақытқа қалған жағдайда алынбайды.

Осы тармаққа сәйкес транзитпен келетін жауынгерлік танктерге, жауынгерлік броньды машиналарға және артиллерияға Ақпараттар алмасу туралы хаттаманың XII

бөліміне сәйкес хабарлама беріледі. Кез келген Қатысушы мемлекет ол туралы хабарлама берілгеннен кейін транзитке байланысты Бірлескен консультациялық топтан түсінік сұрата алады. Оған қатысы бар Қатысушы мемлекеттер сұрау жасаған күннен бастап жеті күн ішінде жауап береді.

4. Әрбір Қатысушы мемлекет мынадай жағдайда өзінің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін өзгертуге құқылы:

(А) Әрбір Қатысушы мемлекет осы баптың 5-тармағына сәйкес кез келген санаттағы жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия үшін өздерінің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін арттыруға құқылы. Кез келген осындай арттыру - аумақтық шекті деңгейге немесе аумақтық шекті кіші деңгейге сәйкес келетін Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттаманың ережелерін сақтай отырып, сол санаттағы бір немесе бірнеше басқа Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін тиісінше төмендетумен алдын ала хабардар етіледі немесе қатар жүреді. Өздерінің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін тиісінше төмендетуді жүзеге асыратын Қатысушы мемлекет немесе Қатысушы мемлекеттер басқа Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін тиісінше арттыруға өздерінің келісімі туралы барлық Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді.

(В) Әрбір Қатысушы мемлекеттің кез келген санаттағы жауынгерлік танктері, жауынгерлік броньды машиналары және артиллериясы үшін өздерінің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін біржақты тәртіппен төмендетуге құқылы ; алайда санаттардың бірде біріндегі бірде-бір аумақтық шекті деңгей қандай мезетте болсын тиісті ұлттық шекті деңгейден төмен болуға тиісті емес. Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін біржақты төмендетуі басқа Қатысушы мемлекетке өздерінің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін арттыру құқығына сылтау бола алмайды. IV баптың 6-тармағының ережелеріне сәйкес ұлттық шекті деңгейді кез келген төмендету - ұлттық шекті деңгейдің төмендеуіне тең мөлшердегі тиісінше аумақтық шекті деңгейдің азаюына әкеліп соқтырады.

5. Жоғарыда баяндалған ережелерді сақтай отырып, ХХІ баптың 1-тармағына сәйкес өткізілетін Қатысушы мемлекеттердің конференциялары аралығындағы әрбір бесжылдық кезең ішінде әрбір Қатысушы мемлекет өзінің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін 40 жауынгерлік танктен, 60 жауынгерлік броньды машинадан және 20 артиллерия бірлігінен аспайтын мөлшерде, Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамада осы Қатысушы мемлекет үшін белгіленген жауынгерлік танктерге, жауынгерлік броньды машиналар мен артиллерияға арналған аумақтық шекті деңгейден немесе аумақтық шекті кіші деңгейден 20 %-ке, қайсысы көп болса, соған байланысты арттыруға құқылы, бірақ кез келген жағдайда 150 жауынгерлік танктен, 250 жауынгерлік броньды машинадан және 100 артиллерия бірлігінен аспауға

т и і с .

Әрбір Қатысушы мемлекет басқа барлық Қатысушы мемлекеттер келісімін берген жағдайда, осы тармақта көрсетілген деңгейлерден тыс өздерінің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін арттыруға құқылы.

6. Кез келген санаттағы өздерінің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін өзгертуге тілек білдірген Қатысушы мемлекет осы хабарламада көрсетілген сондай өзгерту іске қосылатын күннен кемінде 90 күн бұрын барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді. Арттыруға барлық басқа Қатысушы мемлекеттердің келісімі талап етілетін жағдайда, хабарлама берілгеннен кейін 60 күн ішінде бірде-бір Қатысушы мемлекет қарсылық білдірмеген және барлық басқа Қатысушы мемлекеттер өздерінің қарсылығы туралы хабарламаған жағдайда, хабарламада көрсетілген күннен бастап өзгерту күшіне енеді. Аумақтық шекті деңгей немесе аумақтық шекті кіші деңгей осы шекті деңгейдің немесе шекті кіші деңгейдің өзгерісі қолданысқа енгенге дейін сол қалпында қалады".

7-бап

Шарттың VI бабы алынып тасталады.

8-бап

Шарттың VII бабы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"VII бап

1. Әрбір Қатысушы мемлекет осы баптың ережелерін сақтай отырып, Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген, аумақтық шекті деңгейі мен аумақтық шекті кіші деңгейін уақытша негізде әскери оқу-жаттығу және уақытша өрістету мақсатында арттыруға құқылы.

(А) Әскери оқу-жаттығулар:

(1) Әрбір Қатысушы мемлекеттің, оның аумақтық шекті деңгейін арттыруға мәжбүр ететін, әскери оқу-жаттығуды өз аумағында қабылдауға және аумақтық шекті кіші деңгейі бар Қатысушы мемлекеттер Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамаға сәйкес, олардың аумақтық шекті кіші деңгейін арттыруға мәжбүр ететін оқу-жаттығуларды өткізуге немесе қабылдауға құқылы.

(2) Әскери оқу-жаттығулардың мақсаты үшін Қатысушы мемлекеттің аумағында оның аумақтық шекті деңгейінен және аумақтық шекті кіші деңгейінен тыс тұрған жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия бірліктерінің саны - жеке алғанда немесе осы аумақтағы кез келген әскери оқу-жаттығуды немесе кез келген уақытша өрістетуді қатар алғанда, әрбір Қатысушы мемлекет үшін осы тармақтың (В) тармақшасындағы (1) тармақшасында және Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамада көрсетілген жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың және артиллерия бірліктерінің санынан аспайды.

(3) 42 күннен астам мерзім ішінде аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті кіші деңгейді арттыруға мәжбүр ететін, Ақпарат алмасу туралы хаттамаға сәйкес

хабарламада ұсынылған әскери оқу-жаттығулар немесе бірқатар тізбекті әскери оқу-жаттығулар осы мерзімнен кейін, аумақтық шекті деңгейінің немесе аумақтық шекті кіші деңгейінің артып кетуі жалғасатын уақытқа дейін уақытша өрістету ретінде қ а р а с т ы р ы л а д ы .

(В) У а қ ы т ш а ө р і с т е т у л е р :

(1) Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің аумақтық шекті деңгейінен тыс уақытша өрістетуді өз аумағында қабылдауға және аумақтық шекті кіші деңгейі бар Қатысушы мемлекеттер өздерінің аумақтық шекті кіші деңгейінен тыс уақытша өрістетуді өткізуге немесе қабылдауға құқылы. Осы мақсат үшін егер Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттаманың тиісті ережелерінде өзгеше көзделмесе, аумақтық шекті деңгейлерді немесе аумақтық шекті кіші деңгейлерді уақытша негізде 153 жауынгерлік танктен, 241 жауынгерлік броньды машинадан және 140 артиллерия бірлігінен аспайтындай етіп арттыруға болады. Ерекше жағдайда және Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттаманың тиісті ережелерінде өзгеше көзделмесе, аумақтық шекті деңгейді уақытша негізде 459 жауынгерлік танктен, 723 жауынгерлік броньды машинадан және 420 артиллерия бірлігінен аспайтындай етіп арттыруға болады.

(2) Аумақтық шекті деңгейді 153 жауынгерлік танктен, 241 жауынгерлік броньды машинадан және 140 артиллерия бірлігінен асырып арттыруға байланысты уақытша өрістету туралы хабарламаны алысымен депозитарий ХХІ баптың 1-бис тармағына сәйкес Қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақырады.

2. Аумақтық шекті деңгейін 153 жауынгерлік танктен, 241 жауынгерлік броньды машинадан немесе 140 артиллерия бірлігінен асырып арттыруға әкеп соқтыратын әскери оқу-жаттығулар уақытша өрістетудің жиынтығымен сол Қатысушы мемлекеттің аумағында бір уақытта өткізілетін жағдайда, кез келген Қатысушы мемлекет ХХІ баптың 1-бис тармағына сәйкес Қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақыру туралы тілекпен депозитарийге өтініш жасауға құқылы.

Осы баптың 1-тармағының (А) және (В) тармақшаларына сәйкес өткізілетін оқу-жаттығулар мен уақытша өрістеуге қатысты оған тартылған Қатысушы мемлекеттер Бірлескен консультациялық топқа түсініктеме баяндама береді. Уақытша өрістетілген жағдайда баяндама қысқа мерзімде және Ақпараттар алмасу туралы хаттаманың ХVІІІ бөлімінің 4-тармағының (А) тармақшасының (2) кіші тармақшасында және (В) тармақшасының (2) кіші тармақшасында көрсетілген хабарламадан ешбір жағдайда кешіктірместен ұсынылады. Кейінірек баяндама бойынша жаңартылған ақпараттар аумақтық шекті деңгейдің немесе аумақтық шекті кіші деңгейдің көтерілуі жалғасатын уақытқа дейін әрбір екі айда беріліп тұрады.

9-бап

Шарттың VІІІ бабы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"VІІІ бап

1. IV бапта және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада көзделген сандық шектеуден тыс кез келген жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік ұшақтар және соққы беруші тікұшақтар Қысқарту туралы хаттамаға, Тікұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттамаға, Ұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттамаға, Қолда бар түрлері туралы хаттаманың 1-бөлімінің 2-тармағындағы (А) тармақшасының ескертпесіне және Инспекциялар туралы хаттамаға сәйкес тек қысқарту жолымен таратылады. Қосылу жағдайында қосылатын мемлекет үшін көзделген кез келген қысқартулар, сондай-ақ оларды жүзеге асыру мерзімдері қосылу туралы келісімнің ережелеріне сәйкес айқындалады.

2. Қысқарту аясына кіретін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың санаттары жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік ұшақтар және соққы беруші тікұшақтар болып табылады. Нақты түрлері Қолда бар түрлері туралы хаттамада аталған.

(А) Жауынгерлік танктер мен жауынгерлік броньды машиналар жою, әскери емес мақсаттар үшін қайта жабдықтау, тұрақты экспозицияға орналастыру, жерүстіндегі нысаналар ретінде пайдалану жолымен немесе бронетранспортерлерге қатысты Қолда бар түрлері туралы хаттаманың 1-бөлімі 2-тармағының (А) тармақшасындағы ескертуге сәйкес жетілдіру жолымен қысқартылады.

(В) Артиллерия жою немесе тұрақты экспозицияға орналастыру жолымен немесе өздігінен жүретін артиллерияға қатысты жер үстіндегі нысаналар ретінде пайдалану жолымен қысқартылады.

(С) Жауынгерлік ұшақтар жою, тұрақты экспозицияға орналастыру, жер үстіндегі оқу-жаттығудың материалдық бөлігі ретінде пайдалану жолымен немесе оқу-жауынгерлік ұшақтардың үлгілері мен нұсқаларына қатысты қару-жарақты емес оқу-жаттығу ұшақтарын қайта топтастыру жолымен қысқартылады.

(D) Арнайы жабдықталған соққы беруші тікұшақтар жою, тұрақты экспозицияға орналастыру жолымен немесе жер үстіндегі оқу-жаттығудың материалдық бөлігі ретінде пайдалану жолымен қысқартылады.

(Е) Көп мақсатты соққы беруші тікұшақтар жою, тұрақты экспозицияға орналастыру, жер үстіндегі оқу-жаттығудың материалдық бөлігі ретінде немесе қайта топтастыру жолымен қысқартылады.

3. Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника осы баптың 1-тармағында аталған Хаттамада белгіленген және осы Хаттамалардың талаптарына сәйкес хабарлама ұсыну бойынша рәсімдер жүзеге асырылғаннан кейін қысқартылды деп саналады. Осылай қысқартылған қару-жарақ пен техника Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттама мен Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттаманың IV, V баптарында белгіленген сандық деңгейде есепке алынбайды.

4. Егер Хаттамаларда осы баптың 1-тармағында аталғаннан өзгеше айқындалмаса, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканы қысқарту қолданыс ауданы

шегіндегі қысқарту орнында жүзеге асырылады. Әрбір Қатысушы мемлекет қанша қаласа, сонша қысқарту орынын белгілеуге, олардың сондай орындарын белгілеуді шектеусіз өзгертуге және бір мезгілде қысқарту мен соңғы қайта жабдықтауды ең көп дегенде 20 орында жүзеге асыруға құқылы. Қатысушы мемлекеттер қысқарту орындарын бірлесіп пайдалануға немесе оларды өзара келісім бойынша орналастыруға құқылы.

5. Кез келген қысқартулар, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканы қайта жабдықтау нәтижесін қоса алғанда, әскери емес мақсаттар үшін Инспекция туралы хаттамаға сәйкес бас тарту құқығынсыз инспекцияға жатады.

10-бап

Шарттың IX бабы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"IX бап

1. Қолданыс ауданы шегінде жауынгерлік танктерді, жауынгерлік броньды машиналарды, артиллерияны, жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтарды есептен шығару жолымен қару-жарақтан алып тасталған жағдайда:

(А) Шартпен шектелетін осындай кәдімгі қару-жарақ пен техника есептен шығарылады және Ақпарат алмасу туралы хаттамаға сәйкес жарияланған орын ретінде хабарланатын және Шартпен шектелетін есептен шығарылған кәдімгі қару-жарақ пен техникасы бар аудан ретінде осындай хабарламада белгіленетін сегізден аспайтын орында пайдаға асырылады. Егер Шартпен шектелетін қару-жарақ есебінен шығарылған кәдімгі қару-жарақ пен техникасы бар орындар Шарттың қолданыс аясына жататын, сондай-ақ кез келген басқа кәдімгі қару-жарақ пен техникадан тұрса, Шартпен шектелетін, есептен шығарылған кәдімгі қару-жарақ пен техника бөлек ерекшеленетін болып табылады; және

(В) Шартпен шектелетін есептен шығарылған осындай кәдімгі қару-жарақ пен техника саны, кез келген жеке Қатысушы мемлекетке қатысты оның Шартпен шектелетін хабарландырылған қолда бар кәдімгі қару-жарағы мен техникасының бір пайызынан немесе қайсысы көп болуына байланысты жалпы санның 250 бірлігінен аспайды, мұның 200 бірлігінен артық емесін жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия және 50 бірлігінен артық емесін соққы беруші тікұшақтар мен жауынгерлік ұшақтар құрайды.

2. Есептен шығару туралы хабарламада Шартпен шектелетін есептен шығарылған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың саны мен түрі, есептен шығару орны қамтылады және Ақпарат алмасу туралы хаттаманың X бөлімі 1-тармағының (В) тармақшасына сәйкес басқа барлық Қатысушы мемлекеттерге береді".

11-бап

1. Шарттың X бабының 4-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"4. Шартпен шектелетін тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленген орны шегінде

тұрған кәдімгі қару-жарақ пен техника, осы баптың 7, 8 және 10-тармақтарына сәйкес оларды уақытша алған жағдайды қоса, тұрақты бөлімдерде болмайтын, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника ретінде есепке алынады.

Тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленбеген орнында қоймалық сақтауда тұрған, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника тұрақты бөлімдерде Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника ретінде есепке алынады".

2. Шарттың X бабының 9-тармағы алынып тасталады.

3. Шарттың X бабының 10-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады :

"10. Осы баптың 8-тармағына сәйкес тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленген орнынан алынған Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника, өндірістік жағдайда жөндеу үшін Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника бірлігін қоспағанда, оларды алғаннан кейін 42 күннен кешіктірмей тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленген орнына қайтырылады.

Осындай бірліктер жөндеу аяқталғаннан кейін дереу тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленген орнына қайтарылады".

12-бап

Шарттың XI бабы алынып тасталады.

13-бап

Шарттың XII бабы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"XII бап

1. Бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған Қатысушы мемлекет ұйымдарында қолда бар жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары осы Шартпен шектелмейді.

2. Жоғарыда баяндалғандардан тәуелсіз, осы Шартты жүзеге асыруға жәрдемдесу және Қатысушы мемлекеттің осындай ұйымында қолда бар сондай қару-жарақтың саны осы Шарттың ережелерін айналып өтуге пайдаланылмау кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында қайсысы көп болуына байланысты осы тармақтың (А), (В) немесе (С) тармақшаларында белгіленген деңгейден аспайтын кез келген сондай қару-жарақ Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттаманың IV және V баптары мен Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттаманың IV және V баптарына сәйкес көзделген жауынгерлік броньды машиналардың санаттары үшін рұқсат етілген деңгейдің үлесін құрайды:

(А) 1990 жылғы 19 қарашада жай-күйі бойынша ақпарат алмасу шеңберінде берілген хабарламаға сәйкес қолданыс ауданы шегіндегі қолда бар, сол Қатысушы мемлекеттің аумағында тұрған, бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған ұйымның жаяу әскерлерінің жауынгерлік броньды машиналарының саны; немесе

(В) IV бапқа сәйкес өзгерістермен жауынгерлік броньды машиналар санатындағы Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада осы Қатысушы мемлекет үшін белгіленген

ұлттық шекті деңгейден бес процент; немесе
(С) жаяу әскерлердің сондай 100 жауынгерлік машинасы.

Қосылатын мемлекеттерге қатысты сандар қосылу туралы келісімде көрсетіледі.

3. Әр Қатысушы мемлекет, сондай-ақ бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған ұйымдар ішкі қауіпсіздік қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті жауынгерлік қабылеттілікті жасаудан бас тартуды қамтамасыз етеді.

4. Сол Қатысушы мемлекеттің кез келген ұйымындағы, оның кәдімгі қарулы күштерінің бөлігі болып табылмайтын, оның кәдімгі қарулы күштері қаруланған жауынгерлік танктерін, артиллериясын, жаяу әскерлерінің жауынгерлік машиналарын, жауынгерлік ұшақтары мен соққы беруші тікұшақтарын қайта бағындыруға тілек білдірген Қатысушы мемлекет, сондай қайта бағындыру күшіне енген күннен кешіктірмей барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлайды.

Мұндай хабарламада сондай қайта бағындырудың айқын болған күні, сондай техникалардың нақтылы берілген күні, сондай-ақ Шартпен шектелетін қайта бағындырылған әдеттегі қару-жарақ пен техника түрлері бойынша саны көрсетіледі".

14-бап

1. Шарттың XIII бабының 1-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"1. Осы Шарт ережелерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір Қатысушы мемлекет өзінің кәдімгі қару-жарағы мен техникасына және Ақпарат алмасу туралы хаттамаға сәйкес ол өз аумағында болуға рұқсат ететін басқа Қатысушы мемлекеттердің кәдімгі қару-жарағына қатысты хабарлама ұсынады және ақпараттармен алмасады".

2. Шарттың XIII бабына мынадай мазмұндағы 1-бис тармағы қосылады:

"1-бис. V баптың 1-тармағында белгіленгеніндей, Қатысушы мемлекеттің кәдімгі қару-жарағы мен техникасының басқа Қатысушы мемлекеттің аумағында болуы, V баптың 3-тармағында белгіленгеніндей, транзит мақсаттары үшін, VII баптың 1-тармағындағы (А) тармақшасында белгіленгеніндей, әскери оқу-жаттығулар мақсаттары үшін және VII баптың 1-тармағындағы (В) тармақшасында белгіленгеніндей уақытша өрістету мақсаттары үшін 1-баптың 3-тармағы сәйкес келеді. Қабылдайтын Қатысушы мемлекеттің келісімі Ақпараттар алмасу туралы хаттамаға сәйкес тиісті хабарлама арқылы көрсетіледі".

15-бап

Шарттың XIV бабы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"XIV бап

1. Осы Шарт ережелерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір Қатысушы мемлекет Инспекциялар туралы хаттаманың ережелеріне сәйкес қолданыс ауданы шегінде инспекция өткізуге және міндеттеме қабылдауға құқылы.

2. Мұндай инспекцияның мақсаттары:

(А) Ақпараттар алмасу туралы хаттамаға сәйкес ұсынылған ақпарат негізінде Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттаманың IV, V, VII баптарында және Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген Қатысушы мемлекеттердің сандық шектеулерін сақтауды бақылау;

(В) VIII бапта және Қысқартулар туралы хаттамаға сәйкес қысқарту орындарында жүзеге асырылатын кез келген жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерияның, жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтардың қысқартылуын қадағалау;

(С) Тиісінше Тікұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттамаға және Ұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттамаға сәйкес жүзеге асырылатын қайта топтастырылған көп мақсатты соққы беруші тікұшақтар мен қайта топтастырылған жауынгерлік оқу-жаттығу ұшақтарын сертификаттауды қадағалау болып табылады.

3. Бірде-бір Қатысушы мемлекет бақылау режиміне қол жеткізу мақсатынан ауытқымау үшін осы баптың 1 және 2-тармақтарында баяндалған құқықтарды жүзеге асырмайды.

4. Біреуден көп Қатысушы мемлекеттер бірлесіп өткізетін инспекция жағдайында, олардың біреуі осы Шарт ережелерінің жүзеге асырылуы үшін жауапты болады.

5. Көрсетілген әрбір уақыт кезеңі ішінде өткізуге және міндеттеме қабылдауға құқылы әрбір Қатысушы мемлекет Инспекциялар туралы хаттаманың VII және VIII бөлімдеріне сәйкес инспекциялар санын осы Хаттаманың II бөлімінің ережесіне сәйкес айқындайды.

6. Өткізуге құқылы әрбір Қатысушы мемлекет Инспекциялар туралы хаттаманың IX бөліміне сәйкес инспекциялар санын, ал аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті кіші деңгейі уақытша артық болатын, міндеттеме қабылдауға жауапты Қатысушы мемлекет көрсетілген бөлімнің ережелеріне сәйкес айқындайды.

7. Қысқарту нормасынан тыс Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканы пайдаға асыруды жүзеге асыратын әрбір Қатысушы мемлекет Инспекциялар туралы хаттаманың XII бөлімінің ережелеріне сәйкес пайдаға асырудың нәтижелерін не бақылаушы топты шақыру жолымен, не ынтымақтастық негізінде шаралар қолдану жолымен растауды қамтамасыз етеді".

16-бап

Шарттың XVI бабының 2-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"2. Қатысушы мемлекеттер Бірлескен консультациялық топтың шеңберінде:

(А) осы Шарт ережелерінің сақталуына немесе оларды айналып өту мүмкіндігіне байланысты мәселелерді қарайды;

(В) осы Шарттың орындалуымен байланысты туындауы мүмкін түсініксіз жайлар мен келіспеушіліктерді реттеуге тырысады;

(С) осы Шарттың тіршілік әрекеті мен тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды қарайды және мүмкіндігінше келіседі;

(D) кез келген Қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша IV баптың 4-тармағына сәйкес өзінің ұлттық шекті деңгейін немесе V баптың 5-тармағына сәйкес өзінің аумақтық шекті деңгейін арттыру жағына әрбір Қатысушы мемлекеттің тілегін қайта қарауға қатысты мәселелерді қарайды;

(E) VII баптың 2-тармағына сәйкес ұсынылатын түсіндірме баяндаманы және бұдан әрі сол бойынша кез келген жаңартылған ақпаратты қабылдайды және қарайды;

(F) II баптың 2-тармағының талаптарына сәйкес Қолда бар түрлері туралы хаттамадағы тізбелерді жаңартады;

(G) Шарттың сақталуын бақылау режимін нығайту мақсатындағы ынтымақтастық шараларын, соның ішінде әуе инспекцияларының нәтижелерін оңтайлы пайдалану ж о л ы н қ а р а с т ы р а д ы ;

(H) Осы Шартты орындаудың Қатысушы мемлекеттер үшін ортақ практикалық әдістерін табу мақсатында техникалық мәселелерді шешеді;

(I) Қажеттілігіне қарай осы Шарт бойынша шақырылатын, Бірлескен консультациялық топтар мен конференциялардың рәсімдік ережелерін, жұмыс әдістерін, шығындарды бөлу шкаласын жасайды немесе қайта қарайды және Қатысушы мемлекеттер арасында инспекция шығындарын бөледі.

(J) Қатысушы мемлекеттер арасында ақпараттар алмасу арқылы немесе осы Шартқа сәйкес өткізілетін инспекцияның нәтижесінде алынған ақпаратты, сондай Қатысушы мемлекеттің елеулі болып табылатындығына сілтеген ақпараттарды қорғауға қатысты әрбір Қатысушы мемлекеттің нақтылы талаптарын ескере отырып, тек қана осы Шарттың мақсаттары үшін пайдалануды қамтамасыз етудегі тиісті шараларды қарайды ж ә н е ж а с а й д ы ;

(K) кез келген Қатысушы мемлекеттің сұрау салуы бойынша XXI бапқа сәйкес шақырылатын кез келген конференцияның қарауына ұсынуға тілек білдірген Қатысушы мемлекеттің кез келген мәселесін қарайды; мұндай қарау кез келген Қатысушы мемлекеттің XXI бапта баяндалған рәсімдерге жүгіну құқығына залал к е л т і р м е й д і ;

(L) Тиісінше өтініш жасаған мемлекеттің Шартқа қосылу жағдайларын анықтай алатын Қатысушы мемлекеттер шеңберінде орган ретінде әрекет ететін, XVIII бапқа сәйкес осы Шартқа қосылу туралы кез келген мүмкін болатын өтініштерін қарайды және олардың қабылдануына кепілдік береді;

(M) Қатысушы мемлекеттердің шешімі бойынша мүмкін болатын кез келген келіссөздерді бұдан әрі өткізеді; және

(N) Осы Шарттың орындалуына байланысты туындаған даулы мәселелерді қарайды "

Шарттың XVII бабы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"XVII бап

Қатысушы мемлекеттер осы Шартқа сәйкес талап етілетін ақпараттар мен хабарламаларды жазбаша түрде береді.

Олар дипломатиялық арналарды немесе олар көрсеткен басқа да ресми арналарды және әсіресе, ЕҚЫҰ байланыс торабын пайдаланады".

18-бап

Шарттың XVIII бабы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"XVIII бап

1. Құрлықтық аумағы Атлант мұхитынан Орал тауына дейінгі географиялық аудан шегіндегі Еуропада орналасқан, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның кез келген Қатысушы мемлекеті осы Шартқа қосылу туралы депозитарийге жазбаша өтініш жібере алады.

2. Өтініш білдіруші Мемлекет өз өтінішіне мынадай ақпараттарды:

(А) өзінің қолында бар кәдімгі қару-жарағы мен техникасының түрлерін белгілейді;

(В) өздерінің белгіленетін ұлттық және аумақтық деңгейлерін және Шартпен шектелетін қару-жарақ пен техниканың әрбір санаты үшін соларға байланысты шекті кіші деңгейлерін; және

(С) өтініш білдіруші мемлекет орынды деп есептеген кез келген басқа ақпаратты қамтиды.

3. Депозитарий осындай өтініш білдіруші мемлекеттің ұсынған өтініші мен ақпаратының келіп түскендігі туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді.

4. Өтініш білдірген мемлекет көрсетілген ақпаратты өзгерте немесе толықтыра алады. Кез келген Қатысушы мемлекет қосымша ақпарат сұрата алады.

5. Қатысушы мемлекеттер осы баптың 3-тармағына сәйкес хабарланғаннан кейін 21 күннен кешіктірмей бастайтын, сонда Қатысушы мемлекеттердің өтініштері қаралатын, келіссөздер жүргізетін және қосылудың шарттарын белгілейтін Бірлескен консультациялық топтың мәжілісін өткізеді. Қатысушы мемлекеттердің шешімі бойынша өтініш білдірген мемлекет Бірлескен консультациялық топтың мәжілісіне шақырылатын болады.

6. Қатысушы мемлекеттер әрбір өтінішті жедел жағдайда жеке негізде қарайды. Кез келген шешім өзара бәтуамен қабылданады.

7. Депозитарий барлық Қатысушы мемлекеттерге және өтініш білдірген мемлекетке жіберілетін және депозитарийдің мұрағатына сақтауға тапсырылатын Қатысушы мемлекеттер мен өтініш білдірген мемлекет арасындағы қосылу туралы шартта қосылудың келісілген шарттары бекітіледі.

8. Қосылу туралы келісімді барлық Қатысушы мемлекеттердің бекіткендігі расталғанын алған соң депозитарий бұл туралы барлық Қатысушы мемлекеттерге және

өтініш білдірген мемлекетке хабарлайды. Бұдан кейін өтініш білдірген мемлекет оның кеңес беру рәсімдеріне сәйкес бекіткен жағдайда Қосылу туралы келісімнің ережелері мен шарттарын мойындайтыны туралы құжатты ұсына алады.

9. Осы Шарт өтініш білдірген мемлекет үшін олардың Шартқа қосылу туралы өздерінің құжаттарын депозитарийдің сақтауына тапсырған соң он күннен кейін күшіне енеді; осы сәттен бастап өтініш білдірген мемлекет Шарттың Қатысушы мемлекеті болады".

19-бап

Шарттың ХХІ бабының 1 және 2-тармақтары алынып тасталады және мыналармен а у ы с т ы р ы л а д ы :

"1. Осы Шарт күшіне енгеннен кейін қырық алты айдан кейін және бұдан әрі әрбір бес жылдан кейін ұлттық шекті деңгейлердің, аумақтық шекті деңгейлердің және аумақтық шекті кіші деңгейлердің іс-қимылы мен маңыздылығын, *inter alia* қоса отырып, сондай-ақ бірде-бір Қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздігіне залал келтірмеуді қамтамасыз етудің қажеттілігін ескере отырып, солармен байланысты міндеттемелермен бірге басқа да шарттық элементтерді қарауды, осы шарттың іс-қимылын қарауды өткізу үшін депозитарий Қатысушы мемлекеттердің к о н ф е р е н ц и я с ы н ш а қ ы р а д ы .

1-бис. Аумақтық шекті деңгейін 153 жауынгерлік танктен, 241 жауынгерлік броньды машинадан және 140 артиллерия бірлігінен асыра арттыруға байланысты уақытша өрістету туралы хабарлама алуына кейін немесе VII баптың 2-тармағына сәйкес Қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша депозитарий Қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақырады, онда өрістетуді қабылдаушы және жүзеге асырушы Қатысушы мемлекет уақытша өрістетуге әкеліп соқтырған жағдайдың сипатын түсіндіреді. Егер барлық Қатысушы мемлекеттер өзгелер туралы келіспесе, конференция кідіріссіз, бірақ хабарламадан кейін жеті күннен кешіктірмей шақырылады және 48 сағатқа дейін созылады. Бірлескен консультациялық топтың төрағасы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Ұйымның Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Тұрақты кеңесі мен Форумға қалыптасқан ж а ғ д а й т у р а л ы б а я н д а й д ы .

2. Осы Шартқа қатысты ерекше жағдай туындады деп санайтын кез келген Қатысушы мемлекет тарапынан бұл туралы өтініш жасалған жағдайда депозитарий Қатысушы мемлекеттердің төтенше конференциясын шақырады. Осындай конференцияға дайындалу үшін басқа Қатысушы мемлекеттерге мүмкіндік беру мақсатында өтініште Қатысушы мемлекет төтенше конференцияны шақыру қажет деп санайтын себептері баяндалады. Конференция өтініште баяндалған жағдайларды және олардың осы Шартқа ықпалын қарастырады. Конференция өтінішті алғаннан кейін 15 күннен кешіктірмей ашылады және егер конференция өзге шешім қабылдаса үш аптаға дейін созылады".

20-бап

1. Шарттың XXII бабының 1-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады :

"1. Осы Шартты әрбір Қатысушы мемлекет өздерінің консультациялық рәсімдеріне сәйкес бекітуге тиіс; ол XVIII бапқа сәйкес мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Бекіту грамоталары және қосылған жағдайда қосылу туралы құжаты, осы шартпен депозитарий ретінде тағайындалған Нидерланд Корольдігінің үкіметіне сақтауға тапсырылады " .

2. XXII баптың 3-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"3. Депозитарий дереу барлық Қатысушы мемлекеттерге:

- (А) әрбір бекіту грамотасын немесе қосылу туралы құжатын сақтауға тапсыру;
- (В) осы Шарттың күшіне енуі;
- (С) XIX бапқа сәйкес кез келген шығу және оның күшіне енген күні;
- (D) XX бапқа сәйкес ұсынылған кез келген түзетудің мәтіні;
- (Е) осы Шартқа кез келген түзетудің күшіне енуі;
- (F) XVIII бапқа сәйкес Шартқа қосылу туралы кез келген өтініші;
- (G) XXI бапқа сәйкес конференция шақыру туралы кез келген өтініші;
- (H) XXI бапқа сәйкес конференцияны шақыру; және
- (I) осы Шартқа сәйкес депозитарийден Қатысушы мемлекеттерге хабарлау талап етілетін кез келген басқа мәселе туралы хабарлайды".

21-бап

Еуропадағы кәдімгі Қарулы күштер туралы шартпен шектелетін, кәдімгі қару-жарак пен техниканың ұлттық шекті деңгейлері туралы мынадай хаттама қосылады:

Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартпен шектелетін Кәдімгі қару-жарак пен техниканың ұлттық шекті деңгейлері туралы хаттама

Осымен Қатысушы мемлекеттер тұрақты бөлімдер үшін ұлттық шекті деңгейлер, шекті кіші деңгейлер және Шарттың IV-бабына сәйкес кіші санаттар үшін шекті кіші деңгейлер туралы келіседі.

Қатысушы	!	Жауынгер!	Жауынгерлік	броньды!	Арти.!	Жау.!	Соққы
мемлекеттер	!	лік	!	машиналар	!	ллер.!	ын. !беруші
		!	танктер	!	_____!	ия	! гер !тік.
	!		!	Жиын.!	Соның!	Соның	! бір. ! лік !ұшақтар
		!		!	тығы !ішінде!	ішінде!	лік. !ұшақ.!
	!		!	!	ЖӘРМ	!	АҚБМ ! тері ! тар !
	!		!	!	және	!	!
	!		!	!	АҚБМ	!	!

Әзербайжан Республикасы	220	220	135	11	285	100	50
Армения Республикасы	220	220	135	11	285	100	50
Беларусь Республикасы (1)	1800	2600	1590	130	1615	294	80
Бельгия Корольдігі	300	989	600	237	288	209	46
Болгария Республикасы	1475	2000	1100	100	1750	235	67
Венгрия Республикасы (3)	835	1700	1020	85	840	180	108
Германия Федерациялық Республикасы	3444	3281	3281	80	2255	765	280
Грек Республикасы	1735	2498	1599	70	1920	650	65
Грузия	220	220	135	11	285	100	50
Дания Корольдігі	335	336	210	17	446	82	18
Исландия Республикасы	0	0	0	0	0	0	0
Испания Корольдігі	750	1588	1298	191	1276	310	80
Италия Республикасы	1267	3172	1970	0	1818	618	142
Қазақстан Республикасы	50	200	0	0	100	15	20
Канада	77	263	263	0	32	90	13
Ұлы Люксембург Герцогтігі	0	0	0	0	0	0	0
Молдова Республикасы	210	210	130	10	250	50	50
Нидерланд Корольдігі	520	864	718	0	485	230	50
Норвегия Корольдігі	170	275	181	0	491	100	24

Польша Республикасы (4)	1730	2150	1700	107	1610	460	130
Португалия Республикасы	300	430	267	77	450	160	26
Ресей Федерациясы (5)	6350	11280	7030	574	6315	3416	855
Румыния	1375	2100	552	72	1475	430	120
Словак Республикасы (6)	478	683	476	34	383	100	40
Ұлыбритания және Ирландия Бріккен Корольдігі	843	3017	1365	200	583	855	350
С о л т ү с т і к							
Америка Құрама Штаттары	1812	3037	2372	0	1553	784	396
Түрік Республикасы	2795	3120	1993	93	3523	750	130
Украина (7)	4080	5050	3095	253	4040	1090	330
Француз Республикасы	1226	3700	1983	535	1192	800	374
Чех Республикасы	957	1367	954	69	767	230	50
Р е с п у б л и к а с ы				(2)			

(1) Соның ішінде тұрақты бөлімдерде 1525 жауынгерлік танктен, 2175 жауынгерлік броньды машинадан және 1375 артиллерия бірлігінен артық емес.

(2) Соның ішінде тұрақты бөлімдерде 754 жауынгерлік танктен, 1223 жауынгерлік броньды машинадан және 629 артиллерия бірлігінен артық емес.

(3) Соның ішінде тұрақты бөлімдерде 658 жауынгерлік танктен, 1522 жауынгерлік броньды машинадан және 688 артиллерия бірлігінен артық емес.

(4) Соның ішінде тұрақты бөлімдерде 1362 жауынгерлік танктен, 1924 жауынгерлік броньды машинадан және 1319 артиллерия бірлігінен артық емес.

(5) Соның ішінде тұрақты бөлімдерде 5575 жауынгерлік танктен және 5505 артиллерия бірлігінен артық емес.

(6) Соның ішінде тұрақты бөлімдерде 376 жауынгерлік танктен, 611 жауынгерлік броньды машинадан және 314 артиллерия бірлігінен артық емес.

(7) Соның ішінде тұрақты бөлімдерде 3130 жауынгерлік танктен, 4350 жауынгерлік броньды машинадан және 3240 артиллерия бірлігінен артық емес".

Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартпен шектелетін, кәдімгі қару-жарак пен техниканың аумақтық шекті деңгейлері туралы мынадай хаттама қосылады:

Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартпен шектелетін, кәдімгі қару-жарак пен техниканың аумақтық шекті деңгейлері туралы хаттама

Осымен Қатысушы мемлекеттер Шарттың V бабына сәйкес мынадай аумақтық шекті деңгейлер мен аумақтық шекті кіші деңгейлер туралы келіседі.

Қатысушы мемлекеттер	!Жауынгерлік ! танктер	!Жауынгерлік ! броньды ! машина	!Артилле. ! рия ! бірліктері
Әзербайжан Республикасы (3)(4)	220	220	285
Армения Республикасы (3)(4)	220	220	285
Беларусь Республикасы (5)	1800	2600	1615
Бельгия Корольдігі (5)	544	1505	497
Болгария Республикасы (3)(4)	1475	2000	1750
Венгрия Республикасы (5)	835	1700	840
Германия Федерациялық Республикасы (5)	4704	6772	3407
Грек Республикасы (3)(4)	1735	2498	1920
Грузия (3)(4)	220	220	285
Дания Корольдігі	335	336	446
Исландия Республикасы (3)(4)	0	0	0
Испания Корольдігі (5)	891	2047	1370
Италия Республикасы (5)	1642	3805	2062
Қазақстан Республикасы (5)	50	200	100
Ұлы Люксембург Герцогтігі (5)	143	174	47
Молдова Республикасы (3)(4)	210	210	250
Нидерланд Корольдігі (5)	809	1220	651
Норвегия Корольдігі (3)(4)	170	282	557
Польша Республикасы (5)	1730	2150	1610
Португалия Республикасы (5)	300	430	450
Ресей Федерациясы (5) - соның ішінде (1) (3)(4)	6350 1300	11280 2140	6315 1680
Румыния (3)(4)	1375	2100	1475
Словак Республикасы (5)	478	683	383
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен	843	3029	583
	Корольдігі	(5)	

Түрік Республикасы (3)(4)	2795	3120	3523
Украина (5) - соның ішінде	4080	5050	4040
(2)(3)(4)	400	400	350
Француз Республикасы (5)	1306	3820	1292
Чех Республикасы (5)	957	1367	767

(1) Псков облысын қоспағанда Ленинград әскери округінде, және, Волгоград облысын, Астрахань облысын қоспағанда Солтүстік Кавказ әскери округінде; Волгодонскіні, сондай-ақ Кушевскаяны және Краснодар аймағындағы Кушевскаяға апаратын тар дәлізді қоса алғанда Кушевская - Волгодонск - Волгоград облысының шекарасы желісінен шығысқа қарай Ростов облысының бөлігі. Бұл аумақтық шекті кіші деңгейі жауынгерлік әскери оқу-жаттығу және броньды машиналар санатындағы уақытша өрістету мақсатында VII бапқа сәйкес арттырылмайды.

(2) О д е с с а о б л ы с ы н д а .

(3) Қатысушы мемлекеттер V баптың 5-тармағына сәйкес өздерінің аумақтық шекті деңгейлерін немесе аумақтық шекті кіші деңгейлерін тек осы ескертуге қатысты басқа Қатысушы мемлекеттердің аумақтық шекті деңгейлерін немесе аумақтық шекті кіші деңгейлерін V баптың 4-тармағындағы (А) тармақшасына сәйкес тиісінше төмендетуге б а й л а н ы с т ы а р т т ы р а д ы .

(4) Өзінің аумақтық шекті деңгейлерін немесе аумақтық шекті кіші деңгейлерін VII бапқа сәйкес 153 жауынгерлік танктен, 241 жауынгерлік броньды машинадан және 140 артиллерия бірлігінен арттырмайтын Қатысушы мемлекеттер.

(5) Өзінің аумақтық шекті деңгейлерін немесе аумақтық шекті кіші деңгейлерін VII бапқа сәйкес 459 жауынгерлік танктен, 723 жауынгерлік броньды машина мен 420 артиллерия бірлігінен арттырмайтын Қатысушы мемлекеттер".

23-бап

Жауынгерлік оқу-жаттығу ұшақтарының нақтылы үлгілері мен түрлерін қару-жарақсыз оқу-жаттығу ұшақтарына қайта топтастыруды реттейтін рәсімдер т у р а л ы х а т т а м а д а :

1. I бөлімнің 1 және 2-тармақтары алынып тасталады және мыналармен а у ы с т ы р ы л а д ы :

"Әрбір Қатысушы мемлекет Шарттың IV бабындағы және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада жауынгерлік ұшақтарға белгіленген сандық шектеуден осы Хаттамада көрсетілген рәсімдерге сәйкес осы Хаттаманың II бөлімінің 1-тармағында аталған жауынгерлік оқу-жаттығу ұшақтарының нақтылы үлгілері мен түрлерін ғана ш ы ғ а р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

(А) Әрбір Қатысушы мемлекет Шарттың IV бабында және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада жауынгерлік ұшақтарға белгіленген сандық шектеуден осы Хаттаманың II бөлімінің 1-тармағында аталған осы Хаттаманың III бөлімі 1 және 2-

тармақтарында көрсетілген, оның кез келген құрамдас бөлігі бар жекелеген ұшақтардың нақтылы үлгілері мен түрлерін тек толық қарусыздандыру және сертификаттау жолымен шығаруға құқылы.

(В) Әрбір Қатысушы мемлекет Шарттың IV бабында және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада жауынгерлік ұшақтарға белгіленген сандық шектеуден осы Хаттаманың II бөлімі 1-тармағында аталған, осы Хаттаманың III бөлімі 1 және 2-тармақтарында көрсетілген құрамдас бөліктердің бірде-бірі жоқ, жекелеген ұшақтардың нақтылы үлгілері мен түрлерін тек сертификаттау жолымен шығаруға құқылы.

2. Осы Хаттаманың II тарауының 1-тармағында аталған жауынгерлік оқу-жаттығу ұшақтарының үлгілері мен түрлері Шарт күшіне енгеннен кейін 40 айдың ішінде қарусыздандырылады және сертификатталады немесе тек қана сертификатталады. Әзірге мұндай ұшақтар осы Хаттаманың IV тарауында көрсетілген рәсімдерге сәйкес қарусызданған ретінде сертификатталмаған болса, Шарттың IV бабында және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада жауынгерлік, ұшақтарға белгіленген сандық шектеуге есептеледі. Әрбір Қатысушы мемлекеттің Шарттың IV бабында және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада жауынгерлік ұшақтарға белгіленген сандық шектеуден 550 осындай ұшақтан аспайтын, оның ішінде 130-дан аспайтыны үлгі немесе МИГ-25у нұсқасы болып табылатын ұшақтарды шығаруға құқылы".

2. II бөлімнің 1-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"1. Әрбір Қатысушы мемлекет тек мынадай жауынгерлік оқу-жаттығу ұшақтарының нақтылы үлгілерін немесе нұсқаларын осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес Шарттың IV бабында және Ұлттық шекті деңгей туралы хаттамада жауынгерлік ұшақтарға белгіленген сандық шектеуден шығаруға құқылы:

С	У	-	1	5	у
С	У	-	1	7	у
М	и	Г	-	1	5 у
М	и	Г	-	2	1 у
М	и	Г	-	2	3 у
М	и	Г	-	2	5 у
М	и	Г	-	2	8 "

3. IV бөлім алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"IV бөлім. Сертификаттау рәсімдері

1. Әрбір Қатысушы мемлекет жауынгерлік оқу-жаттығу ұшақтарының үлгілерін немесе түрлерін қарусыздандыруға және сертификаттауға немесе тек сертификаттауға ғана ниет білдірсе, осы Шарттың III бөлімінің 1 және 2-тармақтарында аталған мұндай ұшақтардың ешқандай сыңарының болмауын қамтамасыз ету үшін осындай сертификаттау рәсімін ұстанады.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет әрбір сертификаттау туралы Инспекциялар туралы

хаттаманың Х бөлімінің 3-тармағына сәйкес барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді. Сертификаттауды өткізуге ниет білдірген Қатысушы мемлекет толық қарусыздандыру талап етілмейтін ұшақтар үшін алғаш сертификатталатын жағдайда ұшақтың сол қару-жарақ үлгілері мен нұсқалары үшін осы Шарттың III бөлімінің 3-тармағының (А), (В) және (С) тармақшаларында талап етілген ақпараттарды барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге береді.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет Инспекциялар туралы хаттаманың Х бөліміне сәйкес жауынгерлік оқу-жаттығу ұшақтарын сертификаттауға инспекция өткізуге құқылы.

4. Мынадай Шарт бойынша, бірде-бір Қатысушы мемлекет сертификаттау және қайта сертификаттау процесіне байланысты түсінбестік бар деп санаса, ол туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарламаса, осы бөлімнің 5-тармағына сәйкес көрсетілген сертификаттаудың және қайта топтастырудың аяқталғандығы туралы хабарлама алған сәттен бастап 30 күн ішінде, осы бөлімнің 3-тармағы мен Инспекциялар туралы хаттаманың Х бөлімінде баяндалған қандайда бір Қатысушы мемлекет сертификаттауды инспекциялау жөніндегі құқығын пайдаланғанына байланысты емес, осы бөлімде көзделген сертификаттау рәсімі аяқталғанда ғана толық қарусыздандыру және сертификаттау немесе тек сертификаттау процесі аяқталды деп саналады. Егер осындай түсініксіздік туындаған жағдайда ол түсініксіздікке жататын осындай қайта топтастыру мәселе шешілгенге дейін аяқталды деп саналмайды.

5. Сертификаттауды өткізетін Қатысушы мемлекет, сертификаттаудың аяқталғандығы туралы Инспекциялар туралы хаттаманың Х бөліміне сәйкес барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді.

6. Сертификаттау қолданыс ауданында өткізіледі. Қатысушы мемлекеттер сертификаттау орындарын бірлесіп пайдалануға құқылы.

24-бап

Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың қысқартылуын реттейтін Рәсімдер туралы хаттамада:

1. VIII бөлімнің 2 және 10-тармақтары алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"2. Әрбір Қатысушы мемлекет қайта жабдықталатын жауынгерлік танктер мен жауынгерлік броньды машиналардың санын анықтайды. Бұл сан:

(А) жауынгерлік танктер үшін - Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада осы Қатысушы мемлекет үшін белгіленген Ұлттық шекті деңгейден 5,7 пайыздан (750 жауынгерлік танктен артық емес) немесе несі көп, Соған байланысты 150 бірліктен; ж ә н е

(В) жауынгерлік броньды машиналар үшін - Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада осы Қатысушы мемлекет үшін белгіленген Ұлттық шекті деңгейден 15 пайыздан (3000 жауынгерлік броньды машиналардан артық емес) немесе несі көп соған байланысты 150 бірліктен аспайды".

"10. Егер белгілі бір машинаға осы бөлімнің 6-тармағында көрсетілген рәсімнің аяқталуы бойынша түпкілікті қайта жабдықтауды жүзеге асырмауға шешім қабылданса, осы Хаттаманың басқа тұстарында баяндалған тиісті рәсімдерге сәйкес бұл машиналар жойылады".

2. IX тараудың 1-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"1. Әрбір Қатысушы мемлекет Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың әр санаты үшін өзінің қысқарту нормасын, апат нәтижесінде жойылған жағдайда, Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада осы Қатысушы мемлекет үшін белгіленген Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың осы санатындағы Ұлттық шекті деңгейдің 1,5 пайызынан аспайтын мөлшерде қысқартуға құқылы".

3. X тараудың 2-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"2. Бірде-бір Қатысушы мемлекет Шартпен шектелетін, әр санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техниканың Ұлттық шекті деңгейлері туралы хаттамада сол Қатысушы мемлекет үшін белгіленген Ұлттық шекті деңгейдің бір пайызынан артық емес немесе қай саны көп, соған байланысты сегіз бірлікті қысқарту үшін тұрақты экспозицияны пайдалана алмайды".

4. XI бөлімнің 2-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"2. Бірде-бір Қатысушы мемлекет Шартпен шектелетін, осы екі санаттағы әдеттегі қару-жарақ пен техниканың Ұлттық шекті деңгейлері туралы хаттамада осы Қатысушы мемлекет үшін көзделген Ұлттық шекті деңгейдің 2,5 пайызынан асатын жауынгерлік танктер мен жауынгерлік броньды машиналар санын жер үстіндегі мақсаттар үшін пайдалану жолымен қысқартпайды. Бұдан басқа, бірде-бір Қатысушы мемлекет өздігінен жүретін артиллерияны жер үстіндегі нысана ретінде пайдалану жолымен 50 бірліктен артық қысқартуға құқығы жоқ".

5. XII бөлімнің 2-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"2. Қатысушы мемлекет Шартпен шектелетін, әр осы екі санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техниканың Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада осы Қатысушы мемлекет үшін белгіленген Ұлттық шекті деңгейінің бес пайызынан асатын жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтардың санын жер үстіндегі оқу-жаттығудың материалдық бөлігі ретінде пайдалану жолымен қысқартпайды.

25-бап

Жауынгерлік тікұшақтарды топтастыруды және көп мақсатты соққы беруші тікұшақтарды қайта топтастыруды реттейтін рәсімдер туралы хаттамада:

1. I бөлімнің 3-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"3. Осы бөлімнің 2-тармағының ережелерінен тәуелсіз және осы тармаққа ерекше өзгешелік ретінде Әзербайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия, Қазақстан Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы және Украина Шарттың IV бабында және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада шектеуге жатпайтын тікұшақтар, барлауды, бағыттауды немесе

химиялық биологиялық радиологиялық сынақ алуды іріктеу үшін қайта жабдықталған Ми-24р және Ми-24к тікұшақтарының 100 бірлігінен аспайтын жалпы сандық жиынтығын ұстауға құқылы. Мұндай тікұшақтар Ақпараттар алмасу туралы хаттамаға сәйкес ақпарат алмасуға және Ақпараттар алмасу туралы хаттамадағы VI бөлімінің 33-тармағына сәйкес іштей инспекциялауға жатады".

Ми-24р және Ми-24к тікұшақтары мынадай шектен тыс:

Әзербайжан Республикасы	-	4 ;
Армения Республикасы	-	4 ;
Беларусь Республикасы	-	16 ;
Г р у з и я	-	4 ;
Қазақстан Республикасы	-	0 ;
Молдова Республикасы	-	4 ;
Ресей Федерациясы	-	50 ;
У к р а и н а	-	18

олардың қалай жабдықталғанына қарамастан арнайы жабдықталған соққы беруші тікұшақтар ретінде топтастырылады және Шарттың IV бабында және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада соққы беруші тікұшақтарға арналған шектелуге жатқызылады. Жоғарыда келтірілген шектеулердің кез келген өзгерістеріне қатысты Шарттың IV бабының 3-тармағы мен IV бабының 5-тармағындағы mutatis mutandis е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л а д ы .

2. IV бөлім алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"IV бөлім. Сертификаттау рәсімдері

1. Көп мақсатты соққы беруші тікұшақтарды қайта топтастыратын әрбір Қатысушы мемлекет мұндай тікұшақтарды осы Хаттаманың III тарауының 1-тармағында аталған ешбір айрықша белгілер жоқ екендігін қамтамасыз ету үшін сертификаттаудың мынадай рәсімдерін ұстанады.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет әрбір сертификаттау туралы Инспекциялар туралы хаттаманың X тарауының 3-тармағына сәйкес барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді х а б а р д а р е т е д і .

3. Әрбір Қатысушы мемлекет Инспекциялар туралы хаттаманың X бөліміне сәйкес тікұшақтарды сертификаттауға инспекция өткізуге құқылы.

4. Осы бөлімнің 5-тармағына сәйкес берілген сертификаттаудың және қайта топтастырудың аяқталғандығы туралы хабарламаны алған сәттен бастап 30 күн ішінде бірде-бір Қатысушы мемлекет сертификаттау және қайта топтастыру процесіне байланысты түсінбестік бар деп есептейтіні туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабардар етпесе, қандайда бір Қатысушы мемлекет осы бөлімнің 3-тармағында және Инспекциялар туралы хаттаманың X бөлімінде баяндалған сертификаттауды инспекциялау бойынша құқығын пайдаланғанына қарамастан, осы бөлімде көзделген сертификаттау рәсімі аяқталғанда ғана қайта топтастыру рәсімі

5. Сертификаттауды өткізетін Қатысушы мемлекет сертификаттаудың және қайта топтастырудың аяқталғандығы туралы Инспекциялар туралы хаттаманың Х бөліміне сәйкес барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлайды.

6. Сертификаттау қолданыс ауданында өткізіледі. Қатысушы мемлекеттер сертификаттау орындарын бірлесіп пайдалануға құқылы.

26-бап

Ақпараттар алмасу көлемі жөніндегі Қосымшасымен қоса Хабарламалар және ақпарат алмасу туралы хаттама алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"Хабарламалар және ақпарат алмасу туралы хаттама

Қатысушы мемлекеттер осы арқылы Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шарттың XIII бабына сәйкес хабарламалар және ақпарат алмасуға қатысты рәсімдер мен ережелер туралы келіседі.

I бөлім. Қолданыс ауданы шегіндегі әрбір қатысушы мемлекеттің құрлықтағы әскерлерінің және әскери-әуе күштері мен әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясының құрылымы туралы ақпарат

1. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге қолданыс ауданы шегіндегі өзінің құрлықтағы әскерлерінің және әскери-әуе күштері мен әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясының құрылымы туралы мынадай ақпарат б е р е д і :

(А) өзінің құрлық әскерлерінің атауын және қолбасшылықтың әр деңгейіндегі барлық жауынгерлік құрамалар мен бөлімдердің және жауынгерлік, тылдық және техникалық қамтамасыз ету құрамалары мен бөлімдердің бағыныстылығын көрсете отырып, әскери округке немесе төменгі деңгейге, не баламалық деңгейге бағыныстылығын, әуе шабуылынан қорғаныс құрамалары мен бөлімдеріне қоса, бригада/полк деңгейіне дейін қолбасшылықты ұйымдастыру. Бригада/полк деңгейінен жоғары құралымдарға тікелей бағынысты бригада/полк деңгейінен төмен қолбасшылықтың келесі кезектегі деңгейінің жекелеген бөлімдері (яғни жекелеген батальондары), оларға осындай бөлімдер бағындырылған құралымдарды немесе бөлімдерді көрсететін ақпараттармен сәйкестендіріледі;

(В) авиақанат/әуе полкі деңгейіне немесе баламалық деңгейге дейінгі қолбасшылықтың әр деңгейіндегі құралымдар мен бөлімдердің атаулары мен бағыныстылығын көрсете отырып, оның әскери-әуе күштері мен әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясының қолбасшылығын ұйымдастыру. Авиаканат/әуе полкі (яғни жекелеген эскадрильялары) деңгейінен жоғары құралымдарға тікелей бағынысты, авиақанат/әуе полкі деңгейінен төмен қолбасшылықтың келесі деңгейіндегі жекелеген бөлімдер, оларға осындай бағынысты құралымдарды немесе бөлімдерді көрсететін ақпараттармен сәйкестендіріледі; және

(С) осы Хаттаманың ІІІ бөлімі 3-тармағының (А) және (В) тармақшаларында көрсетілгеніндей әскери объектілердің атаулары мен бағыныстылығы.

ІІ бөлім. Шартпен шектелетін, әр санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техниканың жалпы саны туралы және шарттың күші қолданылатын кәдімгі қару-жарақ пен техниканың белгілі бір түрлерінің жалпы саны туралы ақпарат

1. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге:

(А) Шартпен шектелетін және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген сандық шектеуге жататын кәдімгі қару-жарақ пен техниканың әрбір санатының өзінде бар жалпы саны мен түрі бойынша саны;

(В) Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген сандық шектеуге жататын Қатысушы мемлекеттердің аумағын және шекті төменгі деңгейлі аумақты көрсете отырып, өзінің жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналары мен артиллериясының жалпы саны мен қолда бар түрі бойынша саны;

(С) Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген сандық шектеуге жататын Қатысушы мемлекеттердің аумағын көрсете отырып, өзінің жауынгерлік ұшақтары мен соққы беруші тікұшақтарының жалпы саны мен қолда бар түрі бойынша с а н ы ; ж ә н е

(D) Шарттың күші қолданылатын өзінің кәдімгі қару-жарақтары мен техникаларының жалпы саны мен қолда бар түрі бойынша саны;

(1) танктік көпір қоюшылар;

(2) бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздік функциясын қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған ұйымның қолда бар жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары;

(3) есептен шығарылған және пайдаға асырылуға тиісті жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллериялар, жауынгерлік ұшақтар және соққы б е р у ш і т і к ұ ш а қ т а р ; ж ә н е

(4) Ми-24р және Ми-24к тікұшақтары туралы ақпараттар береді.

ІІІ бөлім. Қатысушы мемлекеттердің кәдімгі қарулы күштері қаруланған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың орналасқан орындары, саны және түрлері туралы ақпарат

1. Осы Хаттаманың 1-бөлімінің 1-тармағы (А) және (В) тармақшаларына сәйкес хабарланған өзінің әрбір құралымдары мен бөлімдері, сондай-ақ сол құралымдар мен бөлімдерге бағынысты жеке орналасқан батальондар/эскадрильялар немесе олардың баламалары үшін әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге м ы н а д а й а қ п а р а т т а р б е р е д і :

(А) бейбіт уақытта мынадай санаттағы Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен

т е х н и к а :

- (1) жауынгерлік танктер;
- (2) жауынгерлік броньды машиналар;
- (3) артиллерия;
- (4) жауынгерлік ұшақтар;

(5) соққы беруші тікұшақтар бар құралымдары мен бөлімдерінің атауы және орналасқан орындары, соның ішінде географиялық атауы мен координаты көрсетілген ш т а б т а р ;

(В) осы тармақтың (А) тармақшасына сәйкес хабарламада көрсетілген өзінің құралымдары мен бөлімдеріндегі осы тармақтың (А) тармақшасында аталған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың (дивизия немесе оның баламасы және төмен деңгейіндегі құралымдар мен бөлімдерге қатысты түрі бойынша) санын көрсете отырып, және м ы н а л а р д ы ң б а р - ж о ғ ы :

- (1) жауынгерлік қамтамасыз ету тікұшақтары;
- (2) қаруланбаған көлік тікұшақтары;
- (3) танкілік көпір салушылар;
- (4) ұқсас - жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары;
- (5) ұқсас - броньды транспортерлер;
- (6) оқу-жаттығу ұшақтары;

(7) қайта топтастырылған жауынгерлік-жаттығу ұшақтары; және

(8) Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген сандық шектеуге жатпайтын Ми-24р және Ми-24к тікұшақтары ¹ ;

(С) осы тармақтың (А) тармақшасына сәйкес хабарламада көрсетілгендер болып табылмайтын Қолданыстағы түрлер туралы хаттамада көрсетілген немесе Ұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттамада аталған географиялық атауы мен тұрған орындары көрсетілген штабтары қоса, Шарттың II бабында айқындалғанындай, қолдарында мынадай санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техникасы:

- (1) жауынгерлік қамтамасыз ету тікұшақтары;
- (2) қаруланбаған көлік тікұшақтары;
- (3) танкілік көпір салушылар;
- (4) ұқсас - жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары;
- (5) ұқсас - броньды транспортерлерге;
- (6) оқу-жаттығу ұшақтары;

(7) қайта топтастырылған жауынгерлік жаттығу ұшақтары; және

(8) Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген, сандық шектеуге жатпайтын Ми-24р және Ми-24к тікұшақтары ² бар, өзінің құрамалары мен бөлімдерінің атауы және бейбіт уақытта орналасқан орны;

(Д) осы тармақтың (С) тармақшасына сәйкес хабарланған өзінің құралымдары мен

бөлімдеріндегі жоғарыда аталған әр санаттағы (дивизия немесе оның баламасы және төмен деңгейіндегі құралымдар мен бөлімдерге қатысты түрі бойынша) сандарды көрсете отырып, ақпарат береді.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық Қатысушы мемлекеттерге өзінің кәдімгі қарулы күштері қаруланған, өзінің құрлықтағы әскерлерінің немесе әскери-әуе күштерінің не әуе шабуылынан қорғаныс әскері авиациясының қолданысында жоқ, кәдімгі қару-жарақ пен техника туралы мыналарды көрсете отырып, ақпарат береді:

(А) географиялық атаулары мен координатын көрсете отырып, штабтарын қоса, бригадалар/полктер, авиақанат/әуе полкі немесе оның баламасы деңгейіне дейінгі өзінің құралымдары мен бөлімдерінің, сондай-ақ қолбасшылықтың келесі деңгейіндегі бөлек орналасқан немесе жеке болып табылатын (яғни батальондар/эскадрильялар немесе олардың баламалары), мынадай санаттағы шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техникасы бар бригадалар/полктер, авиақанат/әуе полкі деңгейінен төмен бөлімдердің атаулары мен бейбіт уақытта орналасқан орны:

- (1) жауынгерлік танктер;
- (2) жауынгерлік броньды машиналар;

1 Тікұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттаманың I бөлімінің 3-тармағына сәйкес.

2 Тікұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттаманың I бөлімінің 3-тармағына сәйкес.

- (3) артиллерия;
- (4) жауынгерлік ұшақтар; және

(5) соққы беруші ұшақтар; және

(В) осы тармақтың (А) тармақшасына сәйкес хабарламада көрсетілген өзінің құралымдары мен бөлімдеріндегі осы тармақтың (А) тармақшасында аталған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың (дивизия немесе оның баламасы және төмен деңгейіндегі құралымдар мен бөлімдерге қатысты түрі бойынша) санын көрсете отырып, және мыналардың бар-жоғы:

- (1) жауынгерлік қамтамасыз ету тікұшақтары;
- (2) қаруланбаған көлік тікұшақтары;
- (3) танкілік көпір салушылар;
- (4) ұқсас - жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары;
- (5) ұқсас - броньды транспортерлер;
- (6) оқу-жаттығу ұшақтары;

(7) қайта топтастырылған жауынгерлік-жаттығу ұшақтары; және

(8) Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген сандық шектеуге жатпайтын Ми-24р және Ми-24к тікұшақтары¹;

3. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге мынадай ақпарат береді:

(А) географиялық атауы мен координатын көрсете отырып, бақылау объектілері, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жеке бөлімдер, әскери оқу мекемелері мен әскери әуеайлақ ретінде сәйкестендірілген құралымдар мен бөлімдер үшін штаттық болып табылмайтын, оның қоймалық сақтауының әскери тұрағының жері мұнда санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техниканың саны мен түрі;

(В) географиялық атауы мен координатын көрсете отырып, бақылау объектілері, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жеке бөлімдер, әскери оқу мекемелері мен әскери әуеайлақ ретінде сәйкестендірілген құралымдар мен бөлімдер үшін штаттық болып табылмайтын, оның қоймалық сақтауының әскери тұрағының жері мұнда санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техниканың, осы бөлімнің 1-тармағының (А) және (В) тармақшаларында аталған қолда немесе кәдімгі қолданыста бар, осындай жерлерде орналасқан әр санаттағы түрі бойынша бар-жоғы атап көрсетіледі; және

(С) Шартпен шектелетін осындай орналасу орындарында қысқартылуға тиісті, және бұл қысқарту орны екендігін көрсете отырып, кәдімгі қару-жарақ пен техниканың әрбір санатының түрі бойынша қолда барын, географиялық атауы мен координаты бойынша орналасқан орнын көрсете отырып, Қысқарту туралы хаттамаға сәйкес, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканы қысқарту жүргізілетін оның орнының о р н а л а с у ы .

¹ тікұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттаманың I бөлімінің 3-тармағына сәйкес

**IV бөлім. Қолданыс ауданы шегінде, бірақ қарулы
күштердің қару-жарағында жоқ, жауынгерлік
танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың,
артиллерияның, жауынгерлік ұшақтар мен соққы
беруші тікұшақтардың орналасқан жері мен
саны туралы ақпарат**

1. Әрбір Қатысушы мемлекет, барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге өзінің кәдімгі қарулы күштерінің қаруланған бірақ әлеуеттік әскери маңызы бар, қолданыс ауданы шегінде өзінің жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының, артиллериясының, жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтардың орналасқан жері мен саны туралы ақпарат береді:

(А) Тиісінше, әрбір қатысушы мемлекет мынадай ақпарат береді:

(1) бөлек немесе жеке орналасқан батальон деңгейіне немесе бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясын жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған баламалық деңгейге дейінгі ұйымда бар өзінің Шарттың XII бабында көрсетілгендей жауынгерлік танктеріне, артиллериясына, жауынгерлік ұшақтарына және арнайы жабдықталған соққы беруші тікұшақтарына, сондай-ақ жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналарына қатысты, - сондай қару-жарақ

пен техникасы бар орындардың географиялық атауы мен координатын қоса алғанда орналасқан жері және әрбір сондай ұйымның қолында бар сол санаттағы кәдімгі қару - жарақ пен техниканың түрі;

(2) бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясын жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған ұйымның қолында бар броньды транспортерлеріне, ауыр қару-жаракты жауынгерлік машиналарына және көп мақсатты соққы беруші тікұшақтарына қатысты-әрбір әкімшілік аймақта немесе бөлік бірліктерінде әр санаттың сондай қару-жарағы мен техникасының жиынтық саны;

(3) Шарттың IX бабының ережелеріне сәйкес есептен шығарылғаннан кейін пайдаға асырылуы тиіс жауынгерлік танктеріне, жауынгерлік броньды машиналарына, артиллериясына, жауынгерлік ұшақтары мен соққы беруші тікұшақтарына қатысты - сондай қару-жарақ пен техника бар орынның географиялық атауы мен координатын қоса, орналасқан жері және әр жердегі саны мен түрі;

(4) экспортты немесе кері экспортты күтетін не экспорт немесе кері экспорт үшін қайта жабдықталған және қолданыс ауданында уақытша сақталатын жауынгерлік танктеріне, жауынгерлік броньды машиналарына, артиллериясына, жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтарына қатысты әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге Шарт күшіне енгеннен кейін және бір мезгілде әрбір орынның орналасуымен сәйкестендірілген осы Хаттаманың VII бөлімі 1-тармағына сәйкес онда әдеттегідей жалпы алғанда 15-тен астам жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллериялық бірліктер немесе Шарттың III бабының 1-тармағындағы (Е) тармақшасына сәйкес экспортты немесе кері экспортты күтетін не экспорт немесе кері экспорт үшін қайта жабдықталатын және қолданыс ауданында уақытша сақталатын бестен артық жауынгерлік ұшақтардан немесе оннан аса соққы беруші тікұшақтардан тұратын әр жыл сайынғы ақпараттар алмасуды ұсынады.

Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге Шарт күшіне енгеннен кейін және осы Хаттаманың VII бөлімінің 1-тармағына сәйкес жыл сайынғы ақпарат алмасумен бір мезгілде мыналарды ұсынады:

(а) келесі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сондай жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерияның, жауынгерлік ұшақтардың және соққы беруші тікұшақтардың саны; және

(в) соңғы 12 айдың ішінде "Экспортты күту" санатынан шығарылған, белгіленуі бойынша оларды бөле отырып: кәдімгі қарулы күштерге немесе ішкі қауіпсіздік күштеріне қайта бағындырылған, "Есептен шығарылған және пайдаға асыруды күту" санатына ауыстырылған, пайдаға асыруға тартылған немесе қолданыс ауданының шегінен шығарылған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерияның, жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтардың түрі бойынша ж а л п ы с а н ы .

Қатысушы мемлекеттер Бірлескен кеңес беруші топтың шеңберінде осы ережелерге

сәйкес саны туралы ақпараттар беру түрлерін келіседі.

(5) қысқартылған және Қысқарту туралы хаттаманың VIII бөліміне сәйкес қайта жабдықтауды күтетін жауынгерлік танктеріне және жауынгерлік броньды машиналарына қатысты - қолда бар сондай қару-жарақ пен техниканың әрбір орнының географиялық атауы мен координатын қоса орналасуы және әр орындағы саны мен түрлері ; және

(6) Шарттың III бабы 1-тармағының (B) тармақшасына сәйкес тек қана зерттеу және әзірлеу мақсаттары үшін пайдаланылатын жауынгерлік танктеріне, жауынгерлік броньды машиналарына, артиллериясына, жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтарына қатысты - әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге Шарт күшіне енгеннен кейін және сонымен қатар әр санаттағы осындай кәдімгі қару-жарақ пен техниканың жиынтық санын осы Хаттаманың VII-бөлімінің 1-тармағына сәйкес жыл сайынғы ақпарат алмасумен бір мезгілде ұсынады.

V бөлім. Бақылау объектілері және жарияланған орындар туралы ақпарат

1. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге өзінің бақылау объектілерін көрсете отырып, әрбір бақылау объектісінің жалпы саны мен атауларын қоса, Инспекциялар туралы хаттаманың I бөлімінде олар айқындалғанындай жарияланған орындарын атап көрсете отырып, әр орын туралы мынадай ақпараттар ұсынады :

(А) географиялық атауы мен координатын қоса, атаулары мен орналасқан жері;

(В) Инспекциялар туралы хаттаманың I бөлімі 1-тармағының (I) тармақшасында көрсетілгеніндей барлық бақылау объектілерінің атаулары, осы жерде қолбасшылықтың келесі деңгейіндегі бағыныстағы элементтер: бригадалар/полктер немесе авиақанат/әуе полкі деңгейінен төмен, бір-біріне немесе штабтары жақын орналасқан, осындай элементтерге қарағанда тікелей жоғары басшылық болып табылатын, егер осындай жеке орналасқан батальондардың/эскадрильялардың немесе олардың баламаларының арасы, не олардың штабына дейінгі қашықтық 15 шақырымнан аспаса, жеке орналаспаған болып есептеледі.

(С) сол жерде және әр бақылау объектісі бойынша қолда бар, сондай-ақ басқа жарияланған орындарда орналасқан, кез келген бақылау объектісіне жататын, әрбір сондай бақылау объектілерінің атауларын атап, осы Хаттаманың III бөлімінде көрсетілген әрбір санаттағы түрі бойынша кәдімгі қару-жарақ пен техниканың жалпы саны ;

(Д) бұдан басқа, әрбір осындай жарияланған орын үшін, өзінің қарулы күштерінің қару-жарағында жоқ, мынадай :

(1) Шарттың IX бабының ережелеріне сәйкес есептен шығарылғаннан кейін пайдаға асыруды күтетін немесе Қысқарту туралы хаттамаға сәйкес қысқартылған және қайта жабдықтауды күтетін жауынгерлік танктерді, жауынгерлік броньды машиналардың,

артиллерияны, жауынгерлік ұшақтарды және соққы беруші тікұшақтарды; және
(2) бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясын жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымды ұйымдастырылған ұйымның қолында бар жауынгерлік танктерді, жауынгерлік броньды машиналарды, артиллерияны, жауынгерлік ұшақтарды және соққы беруші тікұшақтарды көрсете отырып, кәдімгі қару-жарақ пен техниканың с а н ы ;

(Е) экспортты немесе кері экспортты күтетін не экспорт немесе кері экспорт үшін қайта жабдықталатын және қолданыс ауданы шегінде уақытша сақталатын не солар сияқты сәйкестендірілген, тек қана зерттеу және әзірлеу үшін пайдаланылатын қолда бар жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерияның, жауынгерлік ұшақтардың немесе соққы беруші тікұшақтардың жарияланған орындары және сол орындағы әр санаттың жиынтық саны беріледі; және

(F) географиялық атауы мен координатын көрсете отырып, егер бұл мүмкін болса, халықаралық рейске қызмет көрсететін бір коммерциялық әуежайды қоса әр жарияланған орын(дар)ға байланысты кіру/шығу пункті(тері).

2. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге Инспекциялар туралы хаттаманың II бөлімінің 10-тармағына сәйкес есептелген, жарияланған орындарға өзінің пассивті үлесінің инспекциясы туралы хабарлайды.

VI бөлім. Кәдімгі қару-жарақ пен техника әкетілген жерлердің орналасуы туралы ақпарат

Әрбір Қатысушы мемлекет жыл сайын барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге Хаттаманың VII бөлімі 1-тармағының (B) тармақшасына сәйкес бір мезгілде жыл сайынғы ақпарат алмасу арқылы осы жарияланған орын ретінде хабарламада бұдан бұрын көрсетілген, осы Хаттаманың III бөлімінің 1-тармағына сәйкес аталған санаттағы барлық кәдімгі қару-жарақ пен техника Шартқа қол қою мерзімінен бастап әкетілгендігін, егер ондай жерлер сол Қатысушы мемлекеттің кәдімгі қарулы күштері пайдалануды жалғастырған жағдайда жерге орналасу туралы ақпарат береді. Ондай орындардың орналасуы осындай қорытынды шығарылғаннан кейін үш жылдың ішіндегі хабарламада көрсетіледі.

VII бөлім. Осы хаттаманың I-V бөлімдеріне сәйкес ақпараттар беру кестесі

1. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың I-V бөлімдеріне сәйкес барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге төменде көрсетілгеніндей ақпараттар:

(A) Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартты бейімдеу туралы келісім қолданысқа енгеннен кейін 30 күн ішінде, егер қолданысқа енуі 60 күннің ішінде 15 желтоқсанға дейін немесе кейін болса қолданысқа ену күнінің жағдайы бойынша нақты а қ п а р а т ; м ұ н д а й ж а ғ д а й д а :

(1) егер қолданысқа енгізу 15 желтоқсанның кейін болса, онда 1-тармақтың (A) тармақшасына сәйкес ақпараттар алмасу, жоғары, 15 желтоқсанда орын алған жыл

сайынғы алмасу есепке алынады және ол осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес Қатысушы мемлекеттердің келіскеніндей толықтырылатын болады.

(2) егер қолданысқа енгізу 15 желтоқсанға дейін болса, онда 15 желтоқсанда жоспарланған ақпарат алмасу, егер Қатысушы мемлекеттер осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес басқаша келіспесе ғана Бейімделу туралы келісім қолданысқа енгеннен кейін 30 күн ішінде болады; және

(В) одан кейінгі әр жылдың 15 желтоқсанында - алдағы жылдың 1 қаңтарының жағдайы бойынша нақты ақпарат береді.

2. Әр жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей Ресей Федерациясы жыл сайынғы ақпарат алмасу шеңберінде 1999 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Ресей Федерациясы берген қосымша ақпаратпен қамтылған географиялық аудандағы оның күштері туралы хабарлайды, ақпараттар береді.

VIII бөлім. Ұйымдық құрылымдардағы өзгерістер немесе шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың қолда бары туралы ақпарат

1. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге:

(А) осы Хаттаманың 1-бөліміне сәйкес хабарланғанындай, бақылау объектілері ретінде сәйкестендірілген жеке орналасқан бөлімдерді қоса, қолданыс ауданы шегіндегі оның кәдімгі қарулы күштерінің ұйымдық құрылымындағы кез келген тұрақты өзгерістер; осы Хаттаманың I және III бөлімдеріне сәйкес хабарланғанындай, құралымдар мен бөлімдердің кез келген атауының өзгеруі немесе орналасқан жерінің кез келген өзгеруі; кез келген бақылау объектісінің немесе жарияланған орындардың құрылуы; сондай-ақ осы Хаттаманың V бөліміне сәйкес бұл туралы хабарланған кез келген атауды қайта өзгерту немесе бақылау объектілерін басқа орынға қайта ауыстыру туралы хабарлайды. Мұндай хабарлама 42 күннен кешіктірмей беріледі; және

(В) жыл сайынғы ақпарат алмасу барысында берілген ең соңғы жаңартылған мәліметтер негізінде есептелген 10 немесе одан көп пайыз қолда бар санды өзгерту жөніндегі ең соңғы тиісті хабарламаны қоса, 1-тармақтың (А) және (В) тармақшаларында және осы Хаттаманың III бөлімі 2-тармағының (А) және (В) тармақшаларында хабарланғанындай, бригадалар/полктер, авиақанат/әуе полкі, бөлек немесе жеке орналасқан батальондар/эскадрильялар немесе баламалық деңгейіне дейін түгел, кез келген оның жауынгерлік құралымдары мен бөлімдеріне және жауынгерлік, тылдық және техникалық қамтамасыз ету құралымдары мен бөлімдеріне қосып жазылған, не тұрақты қоныс тапқан немесе бақылау объектілері ретінде сәйкестендірілген, III бөлімнің 3-тармағының (А) және (В) тармақшаларына сәйкес хабарланған кез келген объектілеріне қоса жазылған, Шартпен шектелетін санаттағы кез келген кәдімгі қару-жарақ пен техниканың 10 немесе одан да көп пайызы өзгергені туралы хабарлайды.

Мұндай хабарлама бес жұмыс күнінен кешіктірмей, хабарланған өзгерістен кейін

нақтылы қолда барлары көрсетіле отырып, сондай өзгерістің болуына орай беріледі. Бақылау объектісінің жабылу фактісі атап көрсетіледі. Хабарламаға қосылған қару-жарақ пен техниканың пайда болуы туралы ақпарат енгізіледі, оған кәдімгі қарулы күштер болып табылмайтын жаңа өндіріс, импорт, кәдімгі қарулы күштерден ауыстыру, күштерден ауыстыру, немесе қолданыс ауданы шегінен тыс, бірақ онымен шектелмейтін қайта ауыстыру қосылады. Егер қару-жарақ пен техника қолданыс ауданы шегінде бақылау объектісі ретінде сәйкестендіріліп басқа бөлімнен немесе басқа объектіден көшірілсе, хабарламада бақылау объектісі ретінде сәйкестендірілген, егер бақылау объектісі ретінде сәйкестендірілген осы бөлімде немесе осы объектіде қайтадан олардың алынатыны он немесе одан көп процентке өзгеруі орын алған жағдайда бөлімнің атауы, тіркелген нөмірі және бөлімнің немесе объектінің орналасқан жері көрсетіледі. Хабарламаға сонымен бірге, есептен шығаруды, пайдаға асыруды, қолдану ауданынан шығаруды, кәдімгі қарулы күштерге көшіруді, кәдімгі қарулы күштер болып саналмайтын күштерге көшіруді немесе экспорттық күтуді қоса алғанда, алынатын қару-жарақ пен техниканың тағайындалуы туралы, бірақ мұнымен шектелмейтін ақпараттар енеді. Егер қару-жарақ пен техника қолданыс ауданы шегінде бақылау объектісі ретінде сәйкестендірілген басқа бөлімге немесе басқа объектіге көшірілсе, хабарламаға бақылау объектісі ретінде сәйкестендірілген, олардың қай жерге түсетіні, егер бақылау объектісі ретінде сәйкестендірілген осы бөлімге немесе осы объектіге олардың қай жерден түсетіні он немесе одан көп пайызға өзгеруі орын алған жағдайда бөлімнің атауы, тіркелу нөмірі және бөлімнің немесе объектінің орналасқан жері жазылады. Қолданыс ауданы шегінен тыс бастапқы жерге немесе бағдарлы жеріне қатысты фактінің өзі белгіленеді.

2. Украина кез келген санаттағы Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың, I-тармақтың (А) және (В) тармақшаларында және осы Хаттаманың III бөлімінің (А) және (В) тармақшаларында хабарланғанындай бригадалар/полктер, авиақанат/әуе полкі, бөлек немесе жеке орналасқан батальондар/эскадрильялар деңгейіне немесе баламалы деңгейіне дейінгі оның кез келген жауынгерлік құрамасы мен бөлімдеріне немесе жауынгерлік, тылдық және техникалық қамтамасыз ету құрамалары мен бөлімдеріне қоса жазылған жыл сайынғы ақпараттар алмасу кезінде хабарланған, Одесса облысындағы қолда барын қосып жазылғанына қатысты 5 немесе одан да көп пайызына өзгерістер туралы ақпараттар береді. Мұндай хабарлама сондай өзгеріс болғаннан кейін және хабарламада айтылғандай, өзгерістен кейін нақтылы өзгеріс көрсетіле отырып бес жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

IX бөлім. Қатысушы мемлекет аумағында болмайтын, шартпен шектелетін жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың және артиллерияның 1 қаңтардағы жағдай бойынша олардың бейбіт уақытта орналасатын жері

ретінде мәлімделген орналасқан жері туралы

ақпарат

1. Әрбір Қатысушы мемлекет әр жылдың 21 қаңтарында барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарламада 1 қаңтардағы жағдай бойынша олардың бейбіт уақытта орналасатын жері ретінде мәлімденген, аталған Қатысушы мемлекеттің аумағында немесе шекті төменгі деңгейлі аумақта тұрмайтын өзінің жауынгерлік танктері, жауынгерлік броньды машиналары мен артиллериясы туралы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, жыл сайынғы ақпарат алмасу шеңберінде хабарланған мынадай нақты а қ п а р а т т а р х а б а р л а й д ы :

(А) Қатысушы мемлекет және шекті төменгі деңгейлі аумақ атап көрсетіліп, хабарланған бейбіт уақытта орналасқан жері, құралымның немесе бөлімнің атауы, бөлімнің тіркелген нөмірі, егер бұл қолданылса және түрлері бойынша оның қолда жоқ жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының және артиллериясының с а н ы ; ж ә н е

(В) 1 қаңтардағы жағдай бойынша сондай қару-жарақ пен техниканың нақтылы орналасқан жері, егер олар тек тіркелген бөлімнің құрамына орналаспаса, соңғы жағдайда Қатысушы мемлекетті және шекті төменгі деңгейлі аумақты атап көрсетіп, географиялық тұрған жері белгіленген, тиісті бөлімнің нақтылы орналасқан жері хабарланады немесе егер тек нақтылы орналасқан жері жарияланған орын болып табылмаса, соңғы жағдайда жарияланған орынның тұрағы, оның тіркелген нөмірі мен а т а у ы х а б а р л а н а д ы .

2. Әрбір Қатысушы мемлекет әр жылдың 21 қаңтарында барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарламада қолданыс ауданы шегінен тыс қолданыс ауданындағы Қатысушы мемлекеттің аумағына немесе шектеулі төменгі деңгейлі аумаққа көшірілген өзінің жауынгерлік танктері, жауынгерлік броньды машиналары және артиллериясы туралы және жыл сайынғы ақпараттар алмасу шеңберінде хабарланған нақтылы орналасқан жері туралы 1 қаңтардағы жағдай бойынша нақты ақпараттарды хабарлайды. Хабарламаға түрі бойынша оның жауынгерлік танктері, жауынгерлік броньды машиналары және артиллериясы енеді; сондай-ақ 1 қаңтардағы жағдай бойынша сондай қару-жарақ пен техниканың, егер олар тек тіркелген бөлімнің құрамында орналаспаса, нақтылы орналасқан жері, соңғы жағдайда Қатысушы мемлекетті және шекті төменгі деңгейлі аумақты көрсете отырып, географиялық тұрған жері белгіленген бөлімнің нақтылы орналасқан жері, немесе, егер нақтылы орналасқан жері жарияланған орын болып табылмаса, соңғы жағдайда жарияланған орынның орналасқан жері, оның тіркелген нөмірі және атауы хабарланады.

Х бөлім. Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың қатысушы мемлекеттің кәдімгі қарулы күштерінің қару-жарағына түскендігі және қару-жарағынан алынғандығы туралы ақпарат

(С) қолданыс ауданы шегіндегі оның кәдімгі қарулы күштерінің қару-жарағындағы Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника жеті күн мерзімі ішінде қолданыс ауданынан шығарылады және оған қайта енгізіледі, соның ішінде жаттығу немесе әскери қызмет ретіндегі мақсаттар үшін осы бөлімдегі есеп беру туралы ереженің ықпалына түспейді.

**ХІІ бөлім. Қолданыс ауданы арқылы немесе оның шегінде
транзитпен келе жатқан кәдімгі қару-жарақ
пен техника**

1. Транзитпен келе жатқанда қолданыс ауданына енгізілген, осы Хаттаманың ІІІ бөлімінде көрсетілген санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техника туралы егер олар қолданыс ауданы шегінде жеті күннен астам мерзімге қалатын болса ғана осы Хаттамаға сәйкес хабарланады.

2. Шарттың V-бабына сәйкес жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналар мен артиллерияның транзитіне қатысты осындай транзитті жүзеге асыратын әрбір Қатысушы мемлекет транзитпен келе жатқан кәдімгі қару-жарақ пен техника бірінші Қатысушы мемлекеттің аумағына немесе транзит жүзеге асырылатын шекті төменгі деңгейлі аумаққа енгізілетін күннен кешіктірмей барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге мынадай ақпараттар береді:

(А) транзиттің басталған күні;

(В) тасымалдау әдісі;

(С) транзит жүзеге асырылатын бірінші Қатысушы мемлекет;

(Д) транзитпен келе жатқан қару-жарақ пен техниканың санаттары; және

(Е) транзитпен келе жатқан кәдімгі қару-жарақ пен техника қолданыс ауданы арқылы енгізілген Қатысушы мемлекет немесе қолданыс ауданындағы шекті төменгі деңгейлі аумақ, немесе

(F) транзитпен келе жатқан қару-жарақ пен техника қай жерде қолдануға болатындығына қарай, бастапқыда келіп түскен Қатысушы мемлекет немесе шектеулі төменгі деңгейлі аумақ.

3. Осындай транзитті жүзеге асыратын әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ транзитпен келе жатқан кәдімгі қару-жарақ пен техниканы, транзит жүзеге асырылатын бірінші мемлекеттің аумағы немесе шекті төменгі деңгейлі аумақ арқылы енгізгеннен кейін бес күннен кешіктірмей мынадай ақпараттар береді:

(А) транзиттің басталған күні;

(В) тасымалдау әдісі;

(С) транзит жүзеге асырылатын Қатысушы мемлекеттер немесе шекті төменгі деңгейлі аймақтар;

(Д) егер қолдануға болатын болса, соңғы тағайындалған Қатысушы мемлекет;

(Е) аумағы арқылы транзитті жүзеге асыратын әрбір Қатысушы мемлекеттің

аумағындағы немесе шекті төменгі деңгейлі аумақтағы транзиттің күтілетін ұзақтығы;

(F) транзитпен өтетін жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың және артиллериялық бірліктердің жалпы саны; және

(D) қосымша ақпараттар, соған байланысты хабарламаларды қоса.

4. Транзитті жүзеге асыратын әрбір Қатысушы мемлекет транзитпен келе жатқан жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия оның аумағына енгеннен кейін бес күннен кешіктірмей барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге мынадай ақпараттар береді:

(A) іске тартылған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың немесе артиллериялық бірліктердің жалпы саны;

(B) оның аумағы арқылы өтетін транзиттің күтілетін ұзақтығы; және

(C) қосымша ақпараттар, соған байланысты хабарламаларды қоса.

5. Егер соңғы пункт қолданыс ауданы шегінде болса, соңғы тағайындалған Қатысушы мемлекет оның аумағына тиісті кәдімгі қару-жарақ пен техника келгеннен кейін бес күннен кешіктірмей транзиттің аяқталғандығы туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлайды.

6. Жауынгерлік танктерді, жауынгерлік броньды машиналар мен артиллерияны транзитпен өткізуді жүзеге асыратын әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттердің хабарламасында транзитпен өтетін кәдімгі қару-жарақ пен техника ретінде соңғы пункт тұрған жерден немесе қолданыс ауданынан Қатысушы мемлекеттің аумағына немесе шекті төменгі деңгейлі аумаққа енгізілгеннен кейін бес күннен кешіктірмей мынадай ақпараттарды береді:

(A) осы бөлімнің 2 және 3-тармақшаларына сәйкес жолданған хабарламаларға с і л т е м е ;

(B) транзиттің басталу және аяқталу күні;

(C) транзит басталған Қатысушы мемлекет немесе шекті төменгі деңгейлі аумақ;

(D) іске тартылған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың және артиллерияның жалпы саны;

(E) транзит жүзеге асырылған Қатысушы мемлекеттер немесе шекті төменгі деңгейлі аумақтар ;

(F) соңғы пункт тұрған Қатысушы мемлекеттің аумағы немесе шекті төменгі деңгейлі аумақ не қолданыс ауданынан шығарар алдында транзит жүзеге асырылған Қатысушы мемлекеттің аумағы немесе төменгі деңгейлі шекті аумақ, егер бұл қолданылатын болса ; және

(G) кәдімгі қару-жарақ пен техниканың егер ол қолданыс ауданының шегінде тұрса, келесі транзитпен соңғы пунктке келуі нәтижесінде берілетін хабарламаны қоса алғандағы қосымша ақпарат.

XIII бөлім. Қолданыс ауданында және қатысушы мемлекет аумағында нақты тұрған жауынгерлік танктер,

жауынгерлік броньды машиналар мен артиллериялар туралы тоқсан сайынғы ақпарат

1. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге Қатысушы мемлекеттің аумағын және төменгі деңгейлі шекті аумақты көрсете отырып қолданыс ауданында нақтылы тұрған, және Аумақтық шекті деңгей туралы хаттамада белгіленген сандық шектеу есебінен алынған оның жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының және артиллериялық бірліктерінің жалпы саны туралы хабарлайды.

2. Қолданыс ауданы шегінде аумағы бар әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарламада жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналары мен артиллериясының жалпы санын және кез келген Қатысушы мемлекеттің оның аумағы мен төменгі деңгейлі шекті аумағында нақты тұрған және Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамада сол үшін белгіленген сандық шектеу есебіне алынған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналар мен артиллерияның жалпы санын хабарлайды.

3. Ақпараттар осы бөлімнің 1 және 2-тармақтарына сәйкес:
әр жылдың 31 қаңтарында беріледі және 1 қаңтардағы жағдай бойынша жарамды деп табылады;

әр жылдың 30 сәуірінде беріледі және 1 сәуірдегі жағдай бойынша жарамды деп табылады;

әр жылдың 31 шілдесінде беріледі және 1 шілдедегі жағдай бойынша жарамды деп табылады; және

әр жылдың 31 қазанында беріледі және 1 қазандағы жағдай бойынша жарамды деп табылады.

XIV бөлім. Қатысушы мемлекет аумағының шегіндегі қолданыс ауданында нақты тұрған жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтар туралы тоқсан сайынғы ақпарат

1. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге қолданыс ауданында нақты тұрған және Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада сол үшін белгіленген сандық шектеудің есебіне алынған Қатысушы мемлекеттің тіркелген аумағын көрсете отырып, санын қоса алғанда, оның жауынгерлік ұшақтары мен соққы беруші тікұшақтарының жалпы саны туралы хабарлайды.

Бұл ақпарат әр жылдың 31 қаңтарында беріледі және 1 қаңтардағы жағдай бойынша жарамды деп табылады; әр жылдың 30 сәуірінде беріледі және 1 сәуірдегі жағдай бойынша жарамды деп табылады; әр жылдың 31 шілдесінде беріледі және 1 шілдедегі жағдай бойынша жарамды деп табылады; әр жылдың 31 қазанында беріледі және 1 қазандағы жағдай бойынша жарамды деп табылады.

XV бөлім. Қатысушы мемлекет аумағында немесе төменгі деңгейлі шекті аумақта тұрған жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар немесе артиллерия санының өзгеруі туралы ақпарат

1. Осы Хаттаманың XI бөлімінің 1-тармағының (С) тармақшасының ережелерін сақтай отырып және осы Хаттаманың XII бөліміне, XVIII бөліміне және XX бөліміне сәйкес хабарлама берілген қару-жарақ пен техниканы қоспағанда әрбір Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың XIII бөліміне сәйкес берілген ең соңғы хабарламада, осы тармаққа сәйкес берілген бұдан кейінгі хабарламаларда, өзгеріс аумағы 30 жауынгерлік танкке немесе 30 жауынгерлік броньды машинаға не 10 артиллериялық бірлікке тең немесе асатын әрбір жағдайда көрсетілген деңгейлермен салыстырғанда кез-келген аумақта немесе төменгі деңгейлі шекті аумақта болған өзгерістер туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді. Хабарлама мынадай ақпараттардан тұрады:

(А) Қатысушы мемлекеттің аумағын немесе төменгі деңгейлі шекті аумағын көрсете отырып хабарламада бұдан бұрын хабарланғаны туралы қолда бар деңгейлер;

(В) бұдан бұрын хабарланған деңгейлердің сандық өзгеруі;

(С) Қатысушы мемлекеттің аумағын немесе төменгі деңгейлі шекті аумағын көрсете отырып қолда бар жаңа деңгейлер; және

(Д) өзгеріс жарамды деп танылған күн.

2. Хабарлама осы бөлімге сәйкес бұдан бұрынғы хабарламада көрсетілген, деңгейлер жоғарылатылғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

XVI бөлім. Жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтар іс-қимылдарға тартылған белгілі бір оқиғаларға қатысты ақпарат

1. Қолданыс ауданында аумағы бар әрбір Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың XI бөлімі 1-тармағының (С) тармақшасының ережелерін сақтай отырып, Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада белгіленген сандық шектеуде есепке алынған, өзгеру м ө л ш е р і :

(А) осы Хаттаманың II бөлімі 1-тармағының (А) тармақшасына, және осы тармаққа сәйкес бұдан кейінгі хабарламаға; немесе

(В) осы Хаттаманың XIV бөліміне және егер бұл деңгейлер жоғарыдағы (А) тармақшасына сәйкес хабарламада хабарланған деңгейден аспаса, осы тармаққа сәйкес берілген бұдан кейінгі хабарламаларға сәйкес ең соңғы хабарламада көрсетілген деңгейлерден тыс 18 жауынгерлік ұшақтан немесе 18 соққы беруші тікұшаққа тең немесе асатын, әр жағдайда оның жауынгерлік ұшақтарының және оның соққы беруші тікұшақтарының жалпы санының өзгеруі туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлама береді.

2. Қолданыс ауданында аумағы жоқ әрбір Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың XI бөлімі 1-тармағының (С) тармақшасының ережелерін сақтай отырып Ұлттық шекті

деңгейлер туралы хаттамада белгіленген сандық шектеуде есепке алынған, өзгеру мөлшері 18 жауынгерлік ұшақтан немесе 18 соққы беруші тікұшаққа тең немесе аспайтын, берілуіне сәйкес ең соңғы хабарламада көрсетілген деңгейлерден жоғары немесе төмен әр жағдайда оның жауынгерлік ұшақтарының және оның соққы беруші тікұшақтарының жалпы санының өзгеруі туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге мыналарға:

(А) осы Хаттаманың II бөлімінің 1-тармағының (А) тармақшасына және осы тармаққа сәйкес берілген бұдан кейінгі хабарламаларға;
н е м е с е

(В) осы Хаттаманың XIV бөліміне және осы тармаққа сәйкес берілген бұдан кейінгі хабарламаға сәйкес хабарлама береді.

3. Осы бөлімге сәйкес хабарлама әрбір осындай өзгерістен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі және оған мыналар:

(А) бұдан бұрын хабарланған қолда бар деңгейлер;

(В) бұдан бұрын хабарланған деңгейлердің сандық өзгеруі;

(С) қолда бар жаңа деңгейлер; және

(Д) өзгеріс жарамды деп танылған күн туралы ақпараттар кіреді.

XVII бөлім. Қатысушы мемлекетте бар айырманы пайдалануға рұқсат ету туралы ақпарат

1. Қолданыс ауданында аумағы бар әрбір Қатысушы мемлекет оның аумағындағы және сол санаттардағы оның аумақтық шекті деңгейлеріндегі ұлттық қолда бар жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналары мен артиллериясының арасындағы айырма есебінен басқа Қатысушы мемлекеттің пайдалануы үшін рұқсат етілген саны туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлайды. Мұндай хабарлама рұқсат етудің қолданысқа енетін күнінен кешіктірмей беріледі және Қатысушы мемлекетке пайдалануға рұқсат берілген саңылау есебінен барынша жоғары санды нұсқауы, рұқсат етудің басталған күні мен қолданыс мерзімі көрсетіледі. Егер хабарлаған Қатысушы мемлекет рұқсаттамаға өзгеріс енгізсе, ол өзінің хабарламасын ж а ң а р т а д ы .

2. Рұқсаттамада белгіленген жауынгерлік танктердің, жауынгерлік машиналардың немесе артиллерияның жалпы саны барлық қолданыстағы рұқсат етуді ескере отырып толтырылмай қалған бірде бір осындай санатта еш уақытта саңылаудың сол бөлігінен арттырылмайды.

XVIII бөлім. Аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті төменгі деңгейді уақытша арттыру кезінде берілетін ақпарат

1. Қолданыс ауданында аумағы бар әрбір Қатысушы мемлекет осы Шарттың VII бабына сәйкес оның аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі уақытша арттырылған барлық жағдайлар туралы барлық басқа Қатысушы

мемлекеттерге

хабарлайды.

2. Өзінің жауынгерлік танктерімен, жауынгерлік броньды машиналарымен немесе артиллериясымен басқа Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті төменгі деңгейінің, не оның меншікті аумақтық шекті төменгі деңгейінің арттырылуын туғызатын іс-қимылға қатысатын әрбір Қатысушы мемлекет ол туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлайды.

3. Әскери жаттығулар нәтижесінде аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылған жағдайда:

(А) аумағында әскери жаттығулар өткізілетін Қатысушы мемлекет хабарламада аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылатын күнге дейінгі 42 күннен кешіктірмей барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге мыналарды хабарлайды: жаттығулардың атаулары мен жалпы мақсаты; қатысатын Қатысушы мемлекеттер; жаттығулардың басталатын күні және олардың есептелген ұзақтығы; жаттығуларға тартылатын жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналар мен артиллерияның жалпы саны, және аумақтық шекті деңгейден немесе аумақтық шекті төменгі деңгейден тыс жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың немесе артиллерияның жалпы саны; жаттығулардың аумақтық шекті деңгейдің немесе аумақтық шекті төменгі деңгейдің арттырылуы жалғасатын кезеңінің басталатын және аяқталатын күні; сондай-ақ географиялық координаттары белгіленген, жаттығу өткізілетін аудан;

(В) өзінің жауынгерлік танктерімен, жауынгерлік броньды машиналарымен немесе артиллериясымен жаттығуларға қатысатын әрбір Қатысушы мемлекет хабарламада аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылатын күнге дейінгі 42 күннен кешіктірмей барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге осы әскери жаттығуларға қатыстырылатын өзінің жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының және артиллериясының жалпы санын, оларды қай жерлерде қолдануға болатынын, бастапқы бақылау объектілерінің орналасқан жерін, бастапқы командалық элементі, құралымдар мен бөлімдердің атауларын және бөлімдердің тіркелген нөмірлерін; географиялық координаты белгіленген өрістету ауданын және өзінің жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының немесе артиллериясының келуі мен кетуінің есепті күндерін; сондай-ақ қосымша түсіндірме ақпараттарды хабарлайды;

(С) осы күнге дейінгі 42 күн ішінде хабарламада көрсетілген деректерде қандай да бір өзгерістер болған жағдайда осы тармақтың (А) және (В) тармақшаларына сәйкес берілген хабарламадағы аумақтық шекті деңгей немесе аумақтық шекті төменгі деңгей арттырылатын күннен кешіктірмей жаңартылады;

(Д) Қатысушы мемлекет өзінің меншікті аумақтық шекті төменгі деңгейін арттырған жағдайда осы тармаққа сәйкес барлық хабарламалар сол Қатысушы мемлекеттерге беріледі;

(Е) егер аумақтық шекті деңгейінің немесе аумақтық шекті төменгі деңгейінің арттырылуы 42 күннен артық жалғасса, мүмкіндігінше оның жедел, бірақ аумақтың шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылғаннан кейінгі 43 күннен кешіктірмей:

(1) аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылатын Қатысушы мемлекет хабарламада арттырудың мақсатын және есепті ұзақтығын, арттыруға Қатысушы мемлекетті, аумақтық шекті деңгейден немесе аумақтық шекті төменгі деңгейден тыс жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың немесе артиллерияның жалпы санын, сондай-ақ географиялық координаты белгіленген өрістету ауданын хабарлайды; және

(2) өзінің жауынгерлік танктерімен, жауынгерлік броньды машиналарымен немесе артиллериясымен уақытша өрістетуге қатысатын әрбір Қатысушы мемлекет хабарламада өздерінің жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының және артиллериясының жалпы санын, сондай-ақ географиялық координаты белгіленген өрістету ауданын хабарлайды.

(Е) әрбір Қатысушы мемлекет осы тармақтың (А) немесе (В) тармақшасына сәйкес бұдан бұрынғы хабарламада көрсетілген сандардың жиынтығы 30 жауынгерлік танкке, 30 жауынгерлік броньды машинаға немесе 10 артиллериялық бірлікке арттырылған әр жағдайда хабарлама жасайды. Ондай хабарлама осындай арттыру болғаннан кейін бес күннен кешіктірмей беріледі.

4. Уақытша өрістету нәтижесінде аумақтық шекті деңгей немесе аумақтық шекті төменгі деңгей арттырылған жағдайда:

(А) аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылатын Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге мыналарды хабарлайды:

(1) аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылатын күннен кешіктірмей - арттыру күнін; операцияның атауын, оның мақсаттары мен есепті ұзақтығын; қатысатын Қатысушы мемлекеттерді, аумақтық шекті деңгейден немесе аумақтық шекті төменгі деңгейден тыс жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың немесе артиллерияның жалпы санын, сондай-ақ өрістету ауданын;

(2) аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылғаннан кейінгі 21 күннен кешіктірмей географиялық координаты белгіленген өрістету ауданын қоса, осы тармақтың (1) тармақшасына сәйкес жаңартылған ақпаратымен хабарлама жасайды; және

(3) тиісті аумақтық шекті деңгейден тыс уақытша өрістетілген жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың немесе артиллерияның саны 153 жауынгерлік танк немесе 241 жауынгерлік броньды машина немесе 140 артиллериялық бірлік деңгейінен асқан әрбір жағдайда;

(В) аумақтық шекті деңгейден немесе аумақтық шекті төменгі деңгейден тыс жауынгерлік танктерін, жауынгерлік броньды машиналарын немесе артиллериясын

өрістетуші Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарламасында мыналарды хабарлайды:

(1) аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылатын күннен кешіктірмей - аумақтық шекті деңгейден немесе аумақтық шекті төменгі деңгейден тыс өздерінің жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының және артиллериясының жалпы саны және өрістету ауданы; және

(2) аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылғаннан кейінгі 21 күннен кешіктірмей уақытша өрістетудің мақсаты мен болжамды ұзақтығы, өздерінің іске тартылған жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының және артиллериясының жалпы саны, географиялық координаты белгіленген өрістету ауданы және оның қай жерде қолданылатыны, бақылау объектілері, олардың бастапқы орналасқан жері және командалық элементі, сондай-ақ құралымдар мен бөлімдердің атауы және бөлімнің тіркелген нөмірі.

(С) бұдан кейінгі жаңартылған ақпараттар аумақтық шекті деңгейдің немесе аумақтың шекті төменгі деңгейдің арттырылуы жүріп жатқанда, әр 90 күнде беріліп т ұ р а д ы ;

(Д) әрбір Қатысушы мемлекет осы тармақтың (А), (В) немесе (С) тармақшаларына сәйкес сол Қатысушы мемлекеттің бұдан бұрынғы хабарламасында көрсетілген жиынтық саны 30 жауынгерлік танкке, 30 жауынгерлік броньды машинаға немесе 10 артиллериялық бірлікке арттырылатын әрбір жағдайда хабарлама береді. Мұндай хабарлама осындай арттыру болғаннан кейінгі бес күннен кешіктірмей беріледі;

(Е) Қатысушы мемлекет өзінің меншікті аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылған жағдайларда осы тармаққа сәйкес барлық хабарламалар сол Қатысушы мемлекеттерге беріледі.

5. Әскери жаттығулардың нәтижесінде немесе уақытша өрістетудің нәтижесінде аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті төменгі деңгейі арттырылған Қатысушы мемлекет оның аумағында тұрған, жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың және артиллерияның саны бұдан былай оның аумақтың шекті деңгейінен немесе аумақтық шекті төменгі деңгейінен аспайтын әрбір жағдайда барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабарландырады.

6. Егер аумақтық шекті деңгей 153 жауынгерлік танктен, 241 жауынгерлік броньды машинадан немесе 145 артиллериялық бірліктен аспайтын санға арттырылса, онда мұндай қару-жарақ пен техника осы бөлімнің 4-тармағы (2) тармақшасының (А) тармақшасына және 4-тармақтың (С) тармақшасына сәйкес, егер барлық осы қару-жарақ пен техника осы Хаттаманың VII бөлімі 1-тармағының (А) тармақшасына сәйкес ақпараттар алмасу кезінде және бұдан кейінгі әр жыл сайынғы ақпараттар алмасу кезінде басқа Қатысушы мемлекеттің аумағында нақтылы уақытша тұрған жері хабарланса, онда ақпарат алмасуға енгізуге жатпайды.

XIX бөлім. Броньды транспортер-санитарлық машиналар туралы ақпарат

Әрбір Қатысушы мемлекет броньды санитарлық машиналар Шартта көрсетілген шектеулерге жатпайтын қағидаттарға нұқсан келтірмей, жыл сайын 15 желтоқсанда барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге броньды транспортер-санитарлық машиналардың жалпы қолда бары және 18-ден астам броньды транспортер-санитарлық машиналар тұрған жерлер туралы ақпарат береді.

XX бөлім. Бітімгершілік операциясын өткізу жағдайындағы ақпарат

1. Шарттың V бабының 2-тармағына сәйкес бітімгершілік операциясын өткізу үшін басқа Қатысушы мемлекеттің аумағында жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың немесе артиллерияның өрістетілуін жүзеге асырушы әрбір Қатысушы мемлекет өзінің жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының немесе артиллериясының өрістетілуі басталғаннан кейінгі бес күннен кешіктірмей мандаты, операцияның болжамды ұзақтығы мен атауы туралы мұндай операцияға тартылған өзінің жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының және артиллериясының жалпы саны және өздері бағынысында тұратын командалық сатысы, бастапқы бақылау объектілері мен командалық құрамдары туралы, олардың қай жерде қолданылатыны және қолданыс ауданының шегінде аталған қару-жарақ пен техниканың болжамдық бағдарлы аумағы туралы ақпараттар береді.

2. Осы бөлімнің I тармағына сәйкес хабарлама жіберетін әрбір Қатысушы мемлекет бұдан кейін операция аяқталғанша және іске тартылған қару-жарақ пен техника толық шығарылғанша, әр 90 күнде жаңартылған мәліметтер беріп тұрады.

XXI бөлім. Ақпараттар беру көлемі

Әрбір Қатысушы мемлекет Шарттың XVI бабында және Көлем жөніндегі қосымшада белгіленген рәсімдерге сәйкес барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге осы Хаттамада көрсетілген ақпаратты береді. Шарттың XVI бабының 5-тармағына сәйкес көлемі бойынша қосымшаға өзгеріс тек техникалық сипаттағы аз мәселелерге қатысы бар, Шарттың тіршілік қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар болып саналады.

XXII бөлім. Шартқа сәйкес басқа да хабарламалар

Бірлескен кеңес беруші топ Шарт талап ететін хабарламаларға қатысты құжатты әзірлейді. Мұндай құжатта Шарттың XVII бабына сәйкес берілетін және қажет болған жағдайда сондай хабарламаның тиісті көлемі бар барлық сондай хабарламалар есепке алынады. Шарттың XVI бабының 5-тармағына сәйкес осы құжатқа өзгеріс, соның ішінде кез келген көлемдер тек техникалық сипаттағы аз мәселелерге қатысты Шарттың тіршілік қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар болып саналады.

Ақпарат алмасу көлемі бойынша қосымша

1. Әрбір Қатысушы мемлекет төмендегі Хаттамада аталатын Ақпарат алмасу туралы хаттамаға сәйкес, осы Қосымшада көрсетілген көлемдерге сәйкес барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге ақпарат береді. Ақпараттың әр деректер тізбесі келісілген көлемде жазбаша түрде және қосымша электронды үлгіде дискетпен беріледі. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Ұйымның алты ресми тілінің біріндегі жазбаша мәтін ресми болып табылады. Әрбір деректер жазбасының әр кестесіне (бағанына) жолма-жол сызбалы реттік нөмір беріледі.

2. Әрбір тізбе жиынтығы, тізбені ұсынатын Қатысушы мемлекеттің атауы, ұсынылатын тізбе тілі, тізбе алмасу жүргізілетін күні және жағдай бойынша тізбеде баяндалған нақты ақпарат күні көрсетілген мұқабалық парақпен басталады. Мұқабалық парақтан кейін мазмұны, пайдаланылатын қысқартулардың тізімнің, бөлімнің тіркелім нөмірінің ара қатынасын белгілеуге мүмкіндік беретін көрсеткіші осы Қосымшада көрсетілген тиісті кестелер мен беттер, I-VI дейінгі кестелер, жыл сайынғы хабарламалардың тізбесі, дипломатиялық шешімдердің тұрақты нөмірлерінің тізімі, инспекторлардың және көлік құралдары экипаждары мүшелерінің толық жаңартылған тізімі және ресми мерекелік күндер тізімін қоса, осыған байланысты қосымша ақпараттар жалғасады.

I бөлім. Қолданыс ауданы шегіндегі құрлық әскерлерінің, әскери-әуе күштері мен әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясының құрылымы туралы ақпараттар

1. Хаттаманың I бөліміне сәйкес әрбір Қатысушы мемлекет әскери округ деңгейіне немесе төмен не баламалық деңгейге бағынысты, әуе шабуылынан қорғаныс құралымдары мен бөлімдерін қоса, оның құрлық әскерлерінің және 1-кестеде баяндалғанындай, жасалған деректер тізбесінің төменнен жоғарыға бағындырылған екі жекелеген түрінде әскери әуе күштерінің және әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясының қолбасшылығын ұйымдастыру туралы ақпараттар береді.

2. Деректер тізбесі ең жоғарғы деңгейден бастап, одан әрі қолбасшылықтың әр эшелоны бойынша бригадалар/полктер, жекелеген батальон және авиақанат/әуе полкі, жекелеген эскадрильялар немесе олардың баламалары деңгейіне дейін беріледі. Тұрақты қоймалық сақталудың барлық белгіленген орындары, қоймалық сақталудың әскери орындары, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жекелеген бөлімдер, әскери оқу мекемелері, әскери әуе айлақтар көрсетіледі. Мысалы, әскери округтен/армиядан/корпустан кейін кез келген бағынысты жекелеген полктер, жекелеген батальондар, қоймалар, оқу мекемелері, ал одан кейін әр бағынысты дивизия өзінің полктарымен/жекелеген батальондарымен жалғасатын болады. Барлық бағынысты ұйымдарды атағаннан кейін келесі әскери округтің/армияның/корпустың тізімі жазылады. Әскери-әуе күштері және әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясы үшін осы

т е к т е с

р ә с і м

қ о л д а н ы л а д ы .

(А) Әрбір ұйым, осы ұйым үшін бұдан кейінгі тізбелерде және бұдан кейінгі барлық ақпараттар алмасуда пайдаланылатын жеке белгімен (яғни құралымның немесе бөлімнің тіркелу нөмірімен) (в бағаны), оның ұлттық (яғни атауы - с бағаны) белгіленуімен және дивизияларға, бригадаларға/полктарға, жекелеген батальондар мен авиақанаттар/әуе полктеріне, жекелеген эскадрильяларға немесе баламалық ұйымдарға, ол қай жерде ыңғайлы болса - құралымдарға немесе бөлімдерге (мәселен жаяу әскерлер , танктер, артиллерия, жойғыш және бомбалаушы ұшақтар, жабдықтау) қатысты с ә й к е с т е н д і р і л е д і ; ж ә н е

(В) әрбір ұйым үшін қолданыс ауданы шегіндегі осы ұйымға қатысы бойынша тікелей жоғары сатылы қолбасшылықтың екі деңгейі белгіленеді (d және e бағандары).

I кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Құрлық әскерлерінің, әскери әуе күштері мен әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясының қолбасшылығын ұйымдастыру. (күні)

Жағдай бойынша жарамды.

II бөлім. Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың әр санаттағы жалпы саны туралы және кәдімгі қару-жарақ пен техниканың шарттың қолданысына түсетін белгілі бір түрлерінің жалпы саны туралы ақпарат

1. Хаттаманың II бөлімі 1-тармағының (А) және (В) тармақшаларына сәйкес Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада кез келген, сандық шектелуге жатпайтын, оның түрлері бойынша жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының және артиллериясының (II А кестесі) жалпы саны туралы, Аумақтық шекті деңгейлер туралы (d бағаны) хаттамада көзделген кез келген шектеулерде есепке алынатын, осы жалпы санның ішінен түрі бойынша саны туралы, Ұлттық шекті деңгейлер туралы (d бағаны) хаттамада көзделген, сандық шектеуге жататын, оның түрлері бойынша жауынгерлік ұшақтары мен соққы беруші тікұшақтарының (II В кестесі) жалпы саны туралы, сондай-ақ, II тармақтың 1-бөлімінің (С) тармақшасына сәйкес, осы сандардың қандай мөлшері әрбір Қатысушы мемлекеттің аумағында тұрғандығы туралы деректер б е р е д і .

2. Жауынгерлік броньды машиналар бойынша деректерге ауыр қару-жарағы бар жауынгерлік машиналардың, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары мен броньды транспортерлердің жалпы саны, және әрбір осы төменгі санаттағы (d/c бағаны) олардың сандары (f/c бағаны) мен түрі (e/d бағаны) қосылады.

3. Шарттың X бабына сәйкес қоймаға қойылатын жауынгерлік танктерге, жауынгерлік броньды машиналарға және артиллерияға сәйкес тұрақты қоймалық сақтаудың (g бағаны) белгіленген орындарындағы осындай қару-жарақ пен техниканың ж а л п ы с а н ы к ө р с е т і л е д і .

4. Осы Хаттаманың II бөлімі 1-тармағының (D) тармақшасына сәйкес әрбір Қатысушы мемлекет мынадай түрлер бойынша оның жалпы саны туралы деректер (II С к е с т е с і) б е р е д і :

(A) танкілік көпір салушылар (a-дан d дейінгі бағандар);

(B) бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздік қызметін қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған (a-дан d-ға дейінгі бағандар) ұйымның қолда бар жаяу әскерлері, жауынгерлік машиналары;

(C) есептен шығарылған және пайдаға асыруды күтетін жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтар (a-дан d-ға дейінгі бағандар); және

(D) Ми-24р және Ми-24к тікұшақтары (a-дан d-ға дейінгі бағандар).

IIA кестесі. (Қатысушы мемлекеттің) Сандық шектеуге жататын жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналар мен артиллерияның жалпы саны. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

IIB кестесі. (Қатысушы мемлекеттің) Сандық шектеуге жататын ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтардың жалпы саны. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

IIC кестесі. (Қатысушы мемлекеттің) Шарттың қолданысына жататын кәдімгі қару-жарақ пен техниканың белгілі бір түрінің жалпы саны. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

IID кестесі. (Қатысушы мемлекеттің) Еуропадағы қарулы күштер жеке құрамының саны туралы келіссөздердің қорытынды актісінің IV бөлімінің 1-тармағына сәйкес берілген жеке құрамның жиынтық саны туралы ақпарат. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

III бөлім. Кәдімгі қарулы күштер қаруланған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың орналасқан жері, саны және түрі туралы ақпарат

1. Әрбір Қатысушы мемлекет Хаттаманың III бөлімінің 1-тармағына сәйкес хабарланған оның барлық құрлық әскерлері мен әскери әуе күштерінің және әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясының ұйымдары, Хаттаманың III бөлімінің 2-тармағына сәйкес хабарланған құралымдары мен бөлімдері және Хаттаманың III бөлімінің 3-тармағында көрсетілгеніндей, қолдарында кәдімгі қару-жарақ пен техника бар объектілер туралы төменнен жоғарыға бағындырылып жасалған деректер тізбесін ұ с ы н а д ы .

2. Әрбір ұйым мен объект үшін ақпаратта мыналар көрсетіледі:

(A) I кестеде хабарланатын құралымның немесе бөлімнің тіркелім нөмірі (в бағаны) және ұйымның атауы. Осы бөлімнің 1-тармағына сәйкес көрсетілген, жеке орналасқан батальондарға/эскадрильяларға, Хаттаманың III бөлімінің 2-тармағына сәйкес хабарланатын құралымдар мен бөлімдерге, және Хаттаманың III бөлімнің 3-тармағына сәйкес аталған объектілерге, сонымен бірге құралымдарға немесе бөлімдерге (в бағаны)

жеке тіркелім нөмірі беріледі және олардың ұлттық атауы (яғни аты - с бағаны) ұсынылады. Тізбенің соңында бірлесіп көрсетілген, Хаттаманың III бөлімі 2-тармағына сәйкес хабарланатын тізбеде олардың орны, олардың бағыныстылығы көрсетіледі. Тізбенің соңында бірлесіп мыналар көрсетіледі:

(1) тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленген орны ұлттық атаудан кейін "ТҚСБО" белгісімен айқындалады; және

(2) қысқарту орыны Ұлттық атаудан кейін "Қысқарту" белгісімен көрсетіледі.

(B) Қатысушы мемлекеттің нұсқамасы мен шекті төменгі деңгейінің аумағы, географиялық атауы мен 10 секунд жақындыққа дейінгі дәлдікпен тұрған жерін қоса орналасқан орны (d бағаны);

(C) жоғарыдан бастап дивизия/авиадивизия деңгейіне дейінгі қолбасшылықтың әр деңгейі үшін - әр санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техниканың жалпы саны (f-тен m/i дейінгі бағандары). Мәселен, дивизияның қолда бар жалпы саны оған бағынысты барлық ұйымдардың қолда бар қаражат сомасына тең болса; және

(D) осы бөлімнің 1-тармағында көрсетілгеніндей, дивизия деңгейіндегі және төменгі қолбасшылықтың әр деңгейі үшін, - III A және III B (f-тен m/n бағандарына дейінгі) кестелерінде көзделген, түрі бойынша тақырып қойылған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың саны. III A кестесіндегі (d бағаны) жауынгерлік броньды машиналары үшін баған төменгі санаттарға (яғни броньды транспортерлерге, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналарына, ауыр қаруланған жауынгерлік машиналарға) жеке беріледі. Соққы беруші тікұшақтар үшін төменгі баған (k/i бағаны) төменгі санаттарға (яғни мамандандырылған соққы беруші, көп мақсатты соққы беруші) жеке беріледі. "Қалғандары" аталатын III в кестесінің 1-бағанына егер әскери әуе күштерінің және әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясының қару-жарағында мұндайлар бар болса жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, броньды транспортерлер тәрізді, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәрізді және танкілік көпір салушылар енеді.

III A кестесі. (Қатысушы мемлекеттің) Ақпараттар алмасу туралы хаттаманың III бөліміне сәйкес берілген кәдімгі қару-жарақ пен техниканың орналасқан жері, саны және түрі туралы ақпараттар. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

III B кестесі. (Қатысушы мемлекеттің) Ақпараттар алмасу туралы хаттаманың III бөліміне сәйкес берілген кәдімгі қару-жарақ пен техниканың орналасқан жері, саны және түрі туралы ақпараттар. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

IV бөлім. Ақпараттар алмасу туралы хаттаманың IV бөліміне сәйкес берілген кәдімгі қарулы күштердің қарулануында жоқ кәдімгі қару-жарақ пен техника туралы ақпараттар

1. Хаттаманың IV бөліміне сәйкес әрбір Қатысушы мемлекет қолданыс ауданы шегінде, бірақ оның кәдімгі қарулы күштерінің қару-жарағында жоқ, оның

жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналарының, артиллериясының, жауынгерлік ұшақтары мен соққы беруші тікұшақтардың орналасқан жері, саны және түрі туралы ақпарат береді.

2. Әрбір орналасқан жер үшін ақпарат мыналарды қамтиды:

(А) Хаттаманың IV бөліміндегі ережеге сәйкес берілетін ақпараттар (в бағаны);

(В) орналасқан жері (с бағаны):

(1) Хаттаманың IV бөлімі 1-тармағының (А) тармақшасы (1), (3) және (5) төменгі тармақшаларына сәйкес хабарланатын кәдімгі қару-жарақ пен техникаға қатысты - географиялық атауы және тұрған жері, 10 секунд жақындыққа дейін дәлдікпен, сондай қару-жарақ мен техника ұсталатын орны; және

(2) Хаттаманың IV бөлімінің 1-тармағы (А) тармақшасының (2) төменгі тармақшасына сәйкес хабарланған кәдімгі қару-жарақ пен техникаға қатысты, сондай қару-жарақ пен техниканы ұстаған әкімшілік аймақтың ұлттық атауы немесе өлшем бірлігі.

(С) Хаттаманың IV бөлімі 1-тармағының (А) тармақшасына (1) және (2) төменгі тармақшасына сәйкес хабарланған кәдімгі қару-жарақ пен техникаға қатысты аталған қару-жарақ пен техникасы қолда бар ұйымның ұлттық деңгейдегі атауы (с бағаны); және

(С) әрбір орналасқан жері үшін - IV кестесінде көрсетілген (d-дан і бағанына дейінгі), түрі бойынша тақырып қойылған мөлшері, тек мыналардан басқасы: Хаттаманың IV бөлімінің 1-тармағы (А) тармақшасының (2) төменгі тармақшасына сәйкес хабарланған кәдімгі қару-жарақ пен техникаға қатысты тек аталған әкімшілік аймақ немесе өлшем бірлігі үшін әр санаттағы сандар ғана беріледі (с бағаны).

IV кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Ақпарат алмасу туралы хаттаманың IV бөліміне сәйкес берілген кәдімгі қару-жарақ пен техниканың орналасқан жер туралы ақпарат. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

V бөлім. Бақылау объектілері және жарияланған орындары туралы ақпарат

1. Хаттаманың V бөліміне сәйкес әрбір Қатысушы мемлекет Инспекция туралы хаттаманың I бөлімінде белгіленгеніндей, өздерінің бақылау объектілері мен жарияланған орындары туралы тізбе ұсынады. Жарияланған орындар алфавиттік ретпен және Қатысушы мемлекеттің нұсқамасымен және қашан қолданылатыны шекті төменгі деңгейінің аумағымен аталады.

2. Әрбір жарияланған орын туралы ақпаратқа мыналар енеді:

(А) осы орын үшін бұдан кейінгі барлық ақпарат алмасуда пайдаланылатын жеке белгі (яғни жарияланған орынның тіркелген нөмірі - в бағаны);

(В) географиялық атауы көрсетілген атауы мен орналасқан жері және 10 секундтық жақындыққа дейінгі дәлдікпен тұрған жері (с бағаны);

(С) жарияланған орынға байланысты кіру/шығу пункті(-тері) (d бағаны);

(D) осы Қосымшаның III бөлімінде көрсетілгеніндей, жарияланған жерде орналасқан барлық бақылау объектілері құралымдарының немесе бөлімдерінің жеке реттік нөмірі, атауы және тіркелім нөмірі, (е бағаны) жеке нөмір былайша тағайындалады: тізбеде жазылған, соңғы бақылау объектісінде берілген нөмір Қатысушы мемлекеттің бақылау объектілерінің жалпы санына тең болуы керек;

(Е) жарияланған орында және әрбір бақылау объектісі бойынша қолдарында бар, Хаттаманың III бөлімінде көрсетілген әр санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техниканың жалпы саны (f-тен р бағанына дейінгі) мыналарды қосымша көрсете отырып;

(1) жарияланған орынның әр санатындағы, бақылау объектісіне жататын әрбір осындай бақылау объектісі құралымдардың немесе бөлімдердің атаулары мен тіркелім нөмірлерін көрсете отырып (е бағаны), кәдімгі қару-жарақ пен техника; және

(2) бақылау объектісіне жатпайтын кәдімгі қару-жарақ пен техника (f-тан р бағандарына дейінгі) әр жазбаның жоғары/төменімен тікелей жалғасатын мынадай белгілермен келтіріледі:

(а) бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған ұйымның қолда бар қару-жарағы мен техникасы - "Қауіпсіздік" белгісімен;

(в) есептен шығарылған қару-жарақ пен техника - "Есептен шығарылды" белгісімен ;

(с) экспортты немесе кері экспортты не экспорт немесе кері экспорт үшін қайта жабдықтауды күткен қару-жарақ пен техника - "Экспорт" белгісімен;

(d) қайта жабдықтауды күткен, қысқартылған қару-жарақ пен техника - "Қысқартылған" белгісімен; және

(с) тек зерттеу және әзірлеу мақсаттары үшін пайдаланылатын қару-жарақ пен техника - "Зерттеу" белгісімен.

3. V кестенің соңғы жазбасында Қатысушы мемлекеттің келесі шартты жылға жарияланған орны инспекциясының пассивті үлесі көрсетіледі.

V кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Бақылау объектілері және жарияланған орындары туралы ақпарат. (күні)

Жағдай бойынша жарамды.

4. Әрбір Қатысушы мемлекет пунктке кіру/шығу тізбесін (VI кесте) ұсынады. Тізбеде осы бөлімнің 2-тармағының (с) тармақшасына сәйкес хабарланған, әрбір орынның кіру/шығу пунктін(-терін) көрсету үшін пайдаланылатын, жеке реттік нөмір белгісі (в бағаны) тағайындалады. Орналасқан жерге географиялық атауы (с бағаны) және 10 секундтық жақындыққа дейінгі (d бағаны) тұрған орны қосылады. Сонымен бірге, әрбір кіру/шығу (е бағаны) пункті үшін - "Әуе", "Теңіз", "Құрлық" сияқты көлік құралдарының оңтайлы түрлері көрсетіледі.

VI кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Кіру/шығу пункттері (КШП). (күні) Жағдай бойынша жарамды.

I кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Құрлық әскерлерінің, әскери-әуе күштерінің және әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері авиациясының қолбасшылығын ұйымдастыру. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

Реттік!Құралымның!Құралымның		Бағыныстылығы		Бейбіт		Жеке						
нөмірі!немесе		!немесе		!-----!уақыттағы		!құрамның						
!бөлімнің		!бөлімнің		!1-ші		!2-ші						
!тіркелім		!белгіленуі		!жоғары		!жоғары						
!нөмірі		!		!саты.		!саты.						
!		!		!дағы		!дағы						
!		!		!деңгей		!деңгей						
(a)	!	(b)	!	(c)	!	(d)	!	(e)	!	(f)	!	(g)

* Еуропадағы кәдімгі қарулы күштердің жеке құрамының саны туралы келіссөздердің қорытынды актісінің IV-бөлімінің 1-тармағына сәйкес.

IIА-кестесі. (Қатысушы мемлекеттің) Сандық шектеуге жататын жауынгерлік танктерінің, жауынгерлік броньды машиналары мен артиллериясының жалпы саны. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

Реттік нөмірі	Егер бұл қолданыла.	Санаты	Төменгі санаты	Түрі	Жалпы саны	ТҚСБО қоса)	ТҚСБО саны
	! тын болса,	!	!	!	!	!	!
	! Қ а т ы с у ш ы	!	!	!	!	!	!
	! мемлекеттің	!	!	!	!	!	!
	! аумағы және	!	!	!	!	!	!
	! шекті тө.	!	!	!	!	!	!
	! менгі дең.	!	!	!	!	!	!
	! гейлі аумақ	!	!	!	!	!	!
(a)	!	(b)	!	(c)	!	(d)	!
(e)	!	(f)	!	(g)	!		

IIВ кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Сандық шектеуге жататын жауынгерлік ұшақтарының және соққы беруші тікұшақтарының жалпы саны. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

Реттік н ө м і р і	!	Аумағы	!	Санаты	!	Төменгі санаты	!	Түрі	!	Жалпы саны	!
-----------------------	---	--------	---	--------	---	----------------	---	------	---	------------	---

(a)	!		!	(b)	!	(c)	!	(d)	!	(e)
-----	---	--	---	-----	---	-----	---	-----	---	-----

IIС кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Шарттың қолданысына жататын кәдімгі қару-жарақ пен техникасының белгіленген түрлерінің жалпы саны. (күні)
Жағдай бойынша жарамды.

Реттік н ө м і р і	!	Санаты	!	Түрі	!	Жалпы саны	!
-----------------------	---	--------	---	------	---	------------	---

(a)	!	(b)	!	(c)	!	(d)
-----	---	-----	---	-----	---	-----

IID кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Еуропадағы кәдімгі қарулы күштердің жеке құрамының саны туралы келіссөздің қорытынды актісінің IV бөлімінің 1-тармағына сәйкес берілген жеке құрамның жиынтық саны туралы ақпарат. (күні) Жағдайы бойынша жарамды.

Реттік н ө м і р і	!	Санаты	!	Төменгі	!	Жалпы саны	!
						с а н а т ы	!

(a)	!	(b)	!	(c)	!	(d)
-----	---	-----	---	-----	---	-----

IIIA кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Ақпарат алмасу туралы хаттаманың III бөліміне сәйкес берілген кәдімгі қару-жарақ пен техниканың орналасқан жері, саны және түрі туралы ақпарат. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

Рет.!	Құрал.!	Құрал.!	Бейбіт!	Жеке	!	Жауын.!	Жауын.!	БТР	!	Арти.!	ТМУ!	Соққы
тік	!ымның	!ымның	!уақыт.!	құрам.!	герлік!	герлік!	және!	лле.	!	!	беруші	
нө.	!немесе!	!немесе!	!тағы	!ның	!танк.	!бронь.!	ЖӘЖМ!	рия	!	!	тікүш.	

мірі!	бөлім!	бөлім!	орна.	!саны*	!тер	!ды	!тә.	!	!	!ақтар										
!нің	!нің	!ласқан!	!	!	!маши.	!різ.	!	!	!	!										
!тірке!	атауы	жері	!	!	!налар	!ді	!	!	!	!										
!лім	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!										
!нөмірі!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!										
!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!										
(a)	!	(b)	!	(c)	!	(d)	!	(e)	!	(f)	!	(g)	!	(h)	!	(i)	!	(j)	!	(k)

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Жауын.	!Қару.	!	Техни.	!	
герлік!	ланба.	!	каның	!	
қамта.	!ған	!	түрі	!	
масыз	!көлік.	!		!	
ету	!тік	!		!	
тікұш.	!тікұш.	!		!	
ақтары	!ақтар	!		!	
(l)	!	(m)	!	(n)	!

* Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер жеке құрамының саны туралы келіссөздердің қорытынды актісінің IV-бөлімінің I-тармағына сәйкес.

ІІВ кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Ақпарат алмасу туралы хаттаманың ІІ бөліміне сәйкес берілген кәдімгі қару-жарақ пен техниканың орналасқан жері, саны және түрі туралы ақпарат. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

Рет.	!Құрал.	!Құрал.	!Бейбіт!	Жеке	!	Жауын.	!Қайта	!	Оқу-	!	Соққы
тік	!ымның	!ымның	!уақыт.	!құрам.	!	герлік!	топтас.	!	жаттығу	!	беруші
нө.	!немесе!	!немесе!	!тағы	!ның	!	ұшақ.	!тырыл.	!	ұшақтары!	!	тікұшақ.
мірі!	бөлім!	бөлім!	орна.	!саны*	!	тар	!ған	!	оқу!	!	тар
!нің	!нің	!ласқан!	!	!	!	!-жат.	!	!	!	!	!
!тірке!	атауы	жері	!	!	!	!тығу	!	!	!	!	!
!лім	!	!	!	!	!	!ұшақ.	!	!	!	!	!
!нөмірі!	!	!	!	!	!	!тары	!	!	!	!	!

_____!
 (a) ! (b) ! (c) ! (d) ! (e) ! (f) ! (g) ! (h) ! (i)

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

 Жауын.!Қару. !Басқа.!Техни. !
 герлік!ланба. !лар !калар !
 қамта.!ған ! түрі !
 масыз !көлік. ! ! !
 ету !тік ! ! !
 тікұш.!тікұш. ! ! !
 ақтары!ақтар ! ! !
 -----!
 (j ! (k) ! (l) ! (m) !
 -----!

* Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер жеке құрамының саны туралы келіссөздің қорытынды актілерінің IV-бөлімінің I-тармағына сәйкес.

IV кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Ақпарат алмасу туралы хаттаманың IV бөліміне сәйкес берілген кәдімгі қару-жарақ пен техниканың орналасқан жері туралы ақпарат. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

Рет.!Хатта. !Орна.!Жауын.!Жауын.!Артил.!Соққы !Жауын.!Техника!Жеке
 тік !маға !лас. !герлік!герлік!лерия !беруші!герлік! түрі !құрам.
 нө. !сілтеме!қан !танк. !бронь.! !тік. !ұшақ. ! !ның
 мір ! !жері !тер !ды ма.! !ұшақ. ! тар ! !саны*
 ! ! ! !шина. ! !тар ! ! !
 ! ! ! !лар ! ! ! ! !
 _____!
 (a) ! (b) ! (c) ! (d) ! (e) ! (f) ! (g) ! (h) ! (i) ! (j)

* Еуропадағы кәдімгі қарулы күштердің жеке құрамының саны туралы келіссөздің қорытынды актісінің IV-бөлімінің I-тармағына сәйкес.

V-кесте. Бақылау объектілері және жарияланған орындар туралы ақпарат. (күні) Жағдай бойынша жарамды.

Рет.	Тір.	Жария.	Кіру/	Бақы.	Жауын.	Жауын.	БТР	Арти.	ТМУ	Соқ.
тік	ке.	ланған	шығу	лау	герлік	герлік	мен	лле.		қы
нө.	лім	жердің	пунк.	объек.	танк.	бронь.	ЖМБ	рия		беру.
мірі	нө.	орна.	ті	тісі	тер	ды	ма.	тә.		ші
	мірі	ласқан					шина.	різ.		тік.
		тұрағы					лар	дес.		ұшақ.
							тер			тар
(a)	(b)	(c)	(d)	(e)	(f)	(g)	(h)	(i)	(j)	(k)

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Жауын.	Қару-	Жауын.	Қайта	Оқу-	Техни.
герлік	жарақ.	герлік	топтал.	жатты.	калар
қамта.	танба.	ұшақ.	ған	ғу	түрі
масыз	ған	кө.	тар	оқу-	ұшақ.
ету	лік			жатты.	тары
тік.	тікұш.			ғу	
ұшақ.	ақтар			ұшақ.	
тары				тары	
(l)	(m)	(n)	(o)	(p)	(q)

VI-кесте. (Қатысушы мемлекеттің) Кіру/шығу пункттері (КШП).
(күні) Жағдай бойынша жарамды.

Реттік	нөмірі	КШП	тіркеу	КШП	атауы	Орналасқан	Түрі
			нөмірі			жері	(лері)
(a)		(b)		(c)		(d)	(e)

27-бап

Инспекция туралы хаттама алынып тасталады және мынадай мазмұнмен ауыстырылады:

"Инспекция туралы хаттама

Қатысушы мемлекеттер осы Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шарттың XIV бабында көзделгеніндей, инспекцияны өткізуді ретке келтіретін рәсімдер және басқа да ережелер туралы келіседі.

I бөлім. Анықтаулар

1. Шарттың мақсаттары үшін:

(А) "Инспекциялаушы Қатысушы мемлекет" термині Шарттың XIV бабына сәйкес инспекция өткізетін аумақтағы Қатысушы мемлекетті білдіреді:

(1) инспекция жерлеріне қарай Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника тұратын тек бір Қатысушы мемлекет, бұл Қатысушы мемлекет осы Хаттама ережелеріне сәйкес инспекция жүргізу кезінде оның Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарағы мен техникасы орналасқан инспекция жерінің шегінде осы Хаттамада олар белгіленгеніндей инспекциялаушы Қатысушы мемлекеттің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырады; және

(2) инспекция жеріне қарай, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканы ұстайтын, бір Қатысушы мемлекет, осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес осындай әр Қатысушы мемлекет Шартпен шектелетін, өздерінің кәдімгі қару-жарағы мен техникасына қатысты әрқайсысы Қатысушы мемлекеттің құқы мен міндеттерін, олардың осы хаттамада көрсетілгеніндей Шартпен шектелетін оның кәдімгі қару-жарағы мен техникасы орналасқан, инспекция сол жерінің шегіндегі инспекция өтіп болғанша жүзеге асырады; және

(В) "Қабылдаушы Қатысушы мемлекет" термині басқа Қатысушы мемлекеттің кәдімгі қарулы күштерінің қару-жарағында бар, қолданыс ауданының шегінде кәдімгі қару-жарақ пен техниканы өз аумағында қабылдайтын Қатысушы мемлекетті білдіреді.

(С) "Инспекция жасаушы Қатысушы мемлекет" термині сұрау салатын және сөйтіп инспекция өткізуге жауап беретін Қатысушы мемлекетті білдіреді.

(D) "Инспектор" термині инспекция өткізу үшін Қатысушы мемлекеттің бірі тағайындаған және осы Хаттаманың III бөлімінің ережелеріне сәйкес аталған Қатысушы мемлекеттің қабылданған инспекторлар тізіміне қосылған тұлғаны білдіреді.

(Е) "Көлік құралы экипажының мүшесі" термині көлік құралын пайдалануға байланысты міндеттерді орындайтын және осы Хаттаманың III бөлімінің ережелеріне сәйкес Қатысушы мемлекеттің көлік құралы экипажының қабылданған мүшелер тізіміне, қосылған тұлғаны білдіреді.

(F) "Инспекциялық топ" термині нақты инспекцияны өткізу үшін инспекция жасайтын Қатысушы мемлекеттің өкілдеріне басшылық жасайтын бір немесе одан да көп Қатысушы мемлекеттердің инспекторлар тобын білдіреді.

(G) "Еріп жүру" термині нақтылы инспекция өткізетін инспекторларға еріп жүру және жәрдемдесу үшін, сондай-ақ Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен

техниканы инспекциядан өткізудің жағдайына қарай бір Қатысушы мемлекет басқа Қатысушы мемлекеттің аумағында тұрса, осы екі Қатысушы мемлекеттің әрқайсысы егер тек олар өзгеше келіспесе, еріп жүретін топқа қосылатын тұлғаларды тағайындайды және басқа да міндеттерді орындау үшін инспекция жасайтын Қатысушы мемлекет бөлген топты білдіреді.

(Н) "Инспекция орны" термині инспекция өткізетін ауданды, жерді немесе объектіні білдіреді.

(І) "Бақылау объектісі" термині:

(1) ұйымдастырушылық деңгейдегі бригадалар/полктер, авиақанат/әуе полкі, жеке батальон/артиллерия дивизионы, жеке эскадрилья немесе балама деңгейдегі кез келген құралымдар немесе бөлімдер, сондай-ақ Ақпарат алмасу туралы хаттаманың III бөлімі I-тармағының (А) тармақшасына сәйкес хабарланған, орналасқан жерінде Шартпен шектелетін, қолында кәдімгі қару-жарағы мен техникасы бар бригадалар/полктер, авиақанат/әуе полкі деңгейінен төмен қолбасшылықтың келесі деңгейіндегі кез келген жеке орналасқан батальон/эскадрильяны немесе соған балама бөлімдерді;

(2) осы тармақшаның (1) төменгі тармақшасында ескертілгеніндей құралымдар мен бөлімдердің штаттық құрамында тұрмайтын, кез келген тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленген орнын, қоймалық сақтаудың әскери орнын, жөндеу немесе қызмет көрсету жөніндегі жеке бөлімді, Ақпарат алмасу туралы хаттаманың III бөлімі 3-тармағының (А) және (В) тармақшасына сәйкес Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың тұрақты немесе әдеттегі орналасқан жері ретінде хабарланатын әскери оқу мекемелерін немесе әскери әуеайлақты;

(3) Ақпарат алмасу туралы хаттаманың III бөлімі 3-тармағының (С) тармақшасына сәйкес хабарланғандай Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың қысқару орнын;

(4) бригадалар/полктер немесе соның балама деңгейінен жоғары бөлімдерге немесе құралымдарға тікелей бағындырылған, Шартпен шектелетін, қолдарында кәдімгі қару-жарағы мен техникасы бар, батальон деңгейінен төмен бөлімдердің жағдайына қарай батальон деңгейінен төмен бөлімдерге тікелей бағындырылған бөлімдер немесе құралымдар, егер оларда бригадалар/полктер немесе сондай балама деңгейіндегі бағынысты бөлімдер немесе құралымдар болмаса, бақылау объектісі болып есептеледі; ж ә н е

(5) Шарттың қолданыс күшіне жататын, қолдарында кәдімгі қару-жарағы мен техникасы бар, бірақ Қатысушы мемлекеттің кәдімгі қарулы күштерінің қару-жарағында тұрмайтын құрылым немесе бөлім бақылау объектісі болып саналмайтынын білдіреді.

(J) "Әскери әуеайлақ" термині Шартпен шектелетін немесе ішкі инспекциялауға жататын операцияларды жиі орындайтын яғни, басқаша кем дегенде алты жауынгерлік ұшақты немесе жауынгерлік тікұшақты кәдімгі ұшыру мен қондыруға бақылау

объектісін ұстамайтын тұрақты әскери кешенді білдіреді.

(К) "Әскери оқу орны" термині әскери бөлім немесе бөлімшеде Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың кем дегенде 30 бірлігін немесе Шартпен шектелетін кез келген санаттағы кәдімгі қару-жарақ пен техниканың 12 бірлігінен астамын пайдаланатын әскери персоналды дайындау үшін ұйымдастырылған, өзге бақылау объектісін ұстамайтын объектіні білдіреді.

(Л) Бақылау объектісі ретінде сәйкестендірілген құралымдар мен бөлімдердің штат құрамында тұрмайтын "Қоймалық сақтау әскери орны" термині ұйымдастырушылық немесе жедел мәртебесіне қатыссыз, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарағы мен техникасы қолдарында бар, ішкі қауіпсіздігін жиі қамтамасыз ету мақсаттары үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған, тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленген орнынан немесе ұйымдарға бағынысты орындардан өзге, кез келген қоймалық сақтау орнын білдіреді. Сондай орындарда ұсталатын, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника, Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамаға сәйкес тұрақты бөлімдерде есепке алынатын, рұқсат берілген қолдағы санның бөлігін құрайды.

(М) "Жарияланған орын" термині объектіні немесе бір немесе одан да көп бақылау объектілерін ұстайтын дәл сұлбасы сызылған географиялық орынды білдіреді. Жарияланған орын оның жасанды немесе табиғи сыртқы шекарасының немесе шекаралары шегіндегі барлық аумақтан, сондай-ақ онымен байланысты атыс орындары, жаттығу ауданы, қызмет көрсету және сақтау орындары, тұрақты немесе әдеттегідей жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік тікұшақтар, жауынгерлік ұшақтар, қайта топтастырылған оқу-жаттығу ұшақтары, броньды транспортерлер тәрізді, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәрізді немесе танкілік көпір салушылар тұратын тікұшақ алаңдары мен темір жолдағы тиеу-түсіру алаңдары енген аумақтан тұрады.

(N) "Аталған аудан" термині осы Хаттаманың VII, X немесе XI бөлімдеріне сәйкес инспекцияланатын орын болып табылмайтын, оның шегінде осы Хаттаманың VIII бөлімінің талабы бойынша инспекция жүргізілетін, қолданыс ауданы шегінде Қатысушы мемлекет аумағының кез келген жеріндегі ауданды білдіреді. Осы аудандағы кез келген екі нүкте арасындағы бірде-бір түзу сызық 16 шақырымнан аспайды.

(О) "Белгіленген аудан" термині осы Хаттаманың IX бөліміне сәйкес инспекция өткізетін, қолданыс ауданы шегінде Қатысушы мемлекет аумағының жеке ауданын білдіреді.

Осы Хаттаманың IX бөлімнің 3-тармағына сәйкес өткізілетін инспекцияның жағдайына қарай белгіленген ауданның көлемі Ақпарат алмасу туралы хаттаманың XVIII бөлімінің 3-тармағына сәйкес хабарламада көрсетілген аудан көлемінен екі еседен артық емес немесе несі көп, соған байланысты 10 000 шаршы шақырымнан

аспайды, бірақ кемінде 1 000 шаршы шақырымды құрайды. Егер хабарламада көрсетілген аудан көлемі аз немесе 5 000 шаршы шақырымға тең болса, онда белгіленген аудан хабарламада көрсетілген барлық ауданды қосып алады. Егер жазбаша ескертпеде көрсетілген аудан көлемі 5 000 шаршы шақырымнан асса, ең болмағанда белгіленген ауданның жартысы хабарламада көрсетілген ауданмен дәл келеді. Белгіленген ауданға, осы ауданның шегіндегі кез келген екі нүкте арасындағы бірде-бір түзу сызық 350 шақырымнан аспаса, осындай пішін беріледі, егер тек, Ақпарат алмасу туралы Хаттаманың XVIII бөлімінің 3-тармағына сәйкес хабарламада көрсетілген аудан пішіні хабарламада көрсетілген аудан шегінде кез келген екі нүкте арасында барынша ұзын түзу сызықты 350-ден артық шақырымға жүргізуге жол берілмесе, соңғы жағдайда белгіленген ауданға, хабарламада көрсетілген ауданды көктей өтетін барынша ұзын түзу сызық және одан ұзындығы бойынша артық емес түзу сызықты қосқаны үшін осындай пішін берілуі мүмкін.

Осы Хаттаманың IX бөлімінің 4 және 5 тармақтарына сәйкес жүргізілетін инспекцияның қолданылуына қарай белгіленген аудан алаңы 10 000 шаршы шақырымнан аспайды. Белгіленген аудан хабарламада көрсетілген ауданмен тым болмаса 25 пайызға сәйкес келеді. Белгіленген ауданға, осы ауданның шегіндегі кез келген екі нүкте арасындағы бірде-бір түзу сызық 350 шақырымнан аспаса, осындай пішін беріледі, егер тек, Ақпарат алмасу туралы Хаттаманың XVIII бөлімінің 3-тармағына сәйкес хабарламада көрсетілген аудан пішіні хабарламада көрсетілген аудан шегінде кез келген екі нүкте арасында барынша ұзын түзу сызықты 350-ден артық шақырымға жүргізуге жол берілмесе, соңғы жағдайда белгіленген ауданға, хабарламада көрсетілген ауданды көктей өтетін барынша ұзын түзу сызық және одан ұзындығы бойынша артық емес түзу сызықты қосқаны үшін осындай пішін берілуі мүмкін.

(P) "Сезімтал пункт" термині инспекциялаушы Қатысушы мемлекеттің немесе инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің құқығы мен міндеттемелерін жүзеге асырушы Қатысушы мемлекеттің еріп жүру тобы арқылы және өтуге рұқсат етуге қатысты немесе айналып ұшу кезінде кідіртуі, шектеуі немесе қабылдауы мүмкін болатын сезімталдық ретінде белгіленген кез келген техникасын, құрылысын немесе о р н ы н б і л д і р е д і .

(Q) "Кіру/шығу пункті" термині инспекция өткізетін аумақта Қатысушы мемлекет көрсеткен, Қатысушы мемлекеттің аумағына инспекциялық топтар мен көлік құралдары экипаждарының келетін және сол Қатысушы мемлекеттің аумағынан олардың кететін пунктін білдіреді.

(R) "Елде болу мерзімі" термині осы Хаттаманың VII және VIII бөлімдеріне сәйкес инспекция өткізу үшін кіру/шығу пунктіне инспекциялық топтардың келу сәтінен бастап, сол инспекцияның соңғы инспекциясы аяқталғаннан кейін кіру/шығу пунктінен инспекциялық топтардың кету сәтіне дейін Қатысушы мемлекеттің аумағында инспекция өткізген инспекциялық топтың үздіксіз болған жалпы уақытын білдіреді.

(S) "Жарияланған жердің пассивтік үлесі" термині осы Хаттаманың VII бөліміне сәйкес бақылау объектілеріндей инспекцияның жалпы санын білдіреді, онда әрбір Қатысушы мемлекет Шарт жасасқан жыл ішінде оның бақылау объектілері орналасқан, инспекция өткізілген жерде қатысуға міндетті.

(T) "Талап бойынша инспекцияның пассивтік үлесі" термині осы Хаттаманың VIII бөліміне сәйкес көрсетілген ауданның шегінде талап бойынша инспекцияның барынша жоғары санын білдіреді, онда әрбір Қатысушы мемлекет қолданыс ауданының аумағымен шарт жасасқан жыл ішінде қабылдауға міндетті.

(U) "Инспекцияның белсенді үлесі" осы Хаттаманың VII және VIII бөлімдеріне сәйкес инспекцияның жалпы санын білдіреді, онда әрбір Қатысушы мемлекет шарт жасасқан жыл ішінде инспекция өткізуге құқылы.

(V) "Сертификаттау орны" термині Тікұшақтарды қайта топтастыру хаттамасы мен Ұшақтарды қайта топтастыру хаттамасына сәйкес көп мақсатты соққы беруші тікұшақтарды қайта топтастыруды және жаттығу ұшақтарын қайта топтастыруды сертификаттау өткізілетін дәл белгіленген жерді білдіреді.

(W) "Есеп берудің күнтізбелік кезеңі" термині күндері көрсетілген уақыт кезеңін білдіреді, соның ішінде Шарттың VIII бабына сәйкес белгіленген Шартпен шектелетін әдеттегі қару-жарақ пен техника бірлігінің жоспарланған санын белгіленген қысқартуды жүзеге асыруға жатады.

II бөлім. Жалпы міндеттер

1. Шарттың ережелерін сақтау үшін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір Қатысушы мемлекет осы Хаттамаға сәйкес инспекция өткізуге жәрдемдеседі.

2. Басқа Қатысушы мемлекеттің аумағының қолданыс ауданындағы Қатысушы мемлекеттің кәдімгі қарулы күштерінің қару-жарағында тұрған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың жағдайына қарай сол Қатысушы мемлекеттер ынтымақтастықтың өздеріне тиісті міндеттерін орындауда осы Хаттама ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Әрбір Қатысушы мемлекет басқа Қатысушы мемлекеттің аумағында оның кәдімгі қарулы күштерінің қару-жарағында тұрған, оның кәдімгі қару-жарағы мен техникасына қатысты шарт міндеттемелерінің сақталуына толық жауап береді.

3. Ілесіп жүретін топ инспекциялайтын Қатысушы мемлекетке былай есеп береді:

(A) Шартпен шектелетін, кәдімгі қару-жарақ пен техника тұрған, инспекция өткізілетін жердің жағдайына қарай, тек сол Қатысушы мемлекеттің қолбасшылығында тұрған, инспекция өткізілетін аумақтың Қатысушы мемлекеті болып табылмайтын тек Қатысушы мемлекеттің еріп жүретін тобы сол Қатысушы мемлекеттің, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарағы мен техникасы бар инспекцияның сол жерінің шегінде инспекция болған күндерінде сол Қатысушы мемлекетке береді.

(B) Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарағы мен техникасы бар инспекция өтетін жердің жағдайына қарай инспекция өткізетін аумақтың Қатысушы мемлекет сияқты басқа да Қатысушы мемлекеттің еріп жүретін тобы басқа Қатысушы мемлекеттің

иелігіндегі Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарағы мен техникасы шын мәнінде инспекцияланатын екі Қатысушы мемлекеттің өкілдерінен тұрады. Инспекцияның сол жерінің шегінде инспекция өткізу кезінде осы инспекция өткізілетін аумақта Қатысушы мемлекет сол Қатысушы мемлекет жүзеге асыратын басқа Қатысушы мемлекеттің иелігіндегі шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканы инспекциялаумен байланысты құқығы мен міндеттерінен басқа инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің құқығы мен міндеттерін жүзеге асырады.

(С) басқа Қатысушы мемлекетке жататын, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техникаға инспекция өткізілетін аумақта Қатысушы мемлекеттің келісімімен сол Қатысушы мемлекет қабылдайтын Қатысушы мемлекетке инспекция өтетін барлық мерзім ішінде инспекциялайтын және еріп жүретін топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмек көрсетеді.

4. Егер инспекциялық топ инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің келісімі бойынша басқа Қатысушы мемлекет пайдаланған құрылысқа немесе объектіге рұқсат сұраса, сондай басқа Қатысушы мемлекет инспекциялайтын Қатысушы мемлекетпен ынтымақтаса отырып оның пайдалану туралы келісіміне сәйкес көлемде сол құрылысты немесе объектілерді пайдаланған Қатысушы мемлекеттің техникасына немесе материалдық бөліміне байланысты инспекцияға қатысты осы Хаттамада баяндалған құқығы мен міндеттерін жүзеге асырады.

5. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің келісімі бойынша басқа Қатысушы мемлекет пайдаланатын құрылыс немесе объектілер сол басқа Қатысушы мемлекеттің өкілі еріп жүретін топтың құрамына енген жағдайда ғана инспекция жасауға жатады.

6. Инспекциялық топтар мен кіші топтар инспекциялайтын Қатысушы мемлекетке бағынысты және оған есеп береді.

7. VII немесе VIII бөлімдеріне сәйкес инспекция өткізетін кез келген бір жердегі инспекцияда бір мезгілде біреуден артық инспекциялық топ болмайды.

8. Осы Хаттаманың басқа ережелерін сақтай отырып, инспекциялайтын Қатысушы мемлекет әр инспекциялау тобының инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекеттің аумағында қанша мерзімдік кезеңге қалатынын, сондай-ақ оның елде болған кезеңі ішінде қанша инспекция және қай жерде инспекция өткізетінін айқындайды.

9. Инспекция өткізгенге дейін кіру/шығу пунктіне инспекциялық топты әкелу және соңғы инспекцияның аяқталуынан кейін кіру/шығу пунктінен әкету шығынын инспекциялайтын Қатысушы мемлекет көтереді.

10. Әр шартты жылда әрбір Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың VII немесе VIII бөлімдеріне сәйкес оның жарияланған орны инспекциясының пассивтік үлесінен аспайтын инспекция санын қабылдауға міндетті. Жарияланған орны инспекциясының пассивтік үлесі Ақпарат алмасу туралы хаттаманың V бөліміне сәйкес жазбаша ескертілген, осы Қатысушы мемлекеттің бақылау объектілерінің (ең жақын бүтін санға дейін) 20 пайызын құрайды.

11. Қолданыс ауданы шегінде аумағы бар әрбір Қатысушы мемлекет жарияланған орын инспекциясы санынан (ең жақын бүтін санға дейін жинақтап) 23 пайызға дейін құрайтын талап бойынша инспекция санын қабылдауға міндетті, онда осы Қатысушы мемлекет өзінің бақылау объектілерін және басқа Қатысушы мемлекеттерге жататын бақылау объектілерін өз аумағында қабылдауға міндетті.

12. Осы бөлімдегі кез келген басқа шектеулерге қатысы жоқ әрбір Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың VII бөліміне сәйкес әр шартты жылда өздерінің бақылау объектілерінің кемінде бір инспекциясын қабылдауға міндетті және қолданыс ауданында аумағы бар әрбір Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың VIII бөліміне сәйкес аталған аудан шегінде әр шартты жылда кемі бір инспекция қабылдауға міндетті.

13. Осы Хаттаманың VII және VIII бөлімдеріне сәйкес өткізілетін инспекциялармен байланысты шығындар былайша төленеді:

(А) ең жақын бүтін санға дейін жинақталған жарияланған орын инспекциясының пассивтік үлесінің 75 пайызын құрайтын инспекция саны, бірақ осы Хаттаманың VIII бөліміне сәйкес кемі бір инспекцияны және VIII бөліміне сәйкес бір инспекцияны инспекциялайтын Қатысушы мемлекет есебінен өткізеді; және

(В) ең жақын бүтін санға дейін жинақталған жарияланған орын инспекциясының пассивтік үлесінің 25 пайызын құрайтын инспекциялар саны инспекциялайтын Қатысушы мемлекет есебінен жүргізіледі. Осындай төлемді жүзеге асыру тәртібін Бірлескен кеңес беруші топтың шешімі айқындайды.

14. IX бөлімге сәйкес инспекция инспекциялайтын Қатысушы мемлекет есебінен жүргізіледі.

15. Әр шартты жылда Ресей Федерациясы осы бөлімнің 10-тармағына сәйкес есептелген, өзінің жарияланған орын инспекциясының пассивтік үлесіне қосымша инспекциялайтын Қатысушы мемлекет есебінен өткізілетін, жалпы алғанда онға дейін қосымша жарияланған орын инспекциясын қабылдайды және былай бөледі:

(А) құрамына Псков облысы; Волгоград облысы; Астрахань облысы; "Куцевская - Волгодонск - Волгоград облысының шекарасы" линиясынан шығысқа қарай Ростов облысының бөлігі; Волгодонскіні қоса; сондай-ақ Куцевская және Куцевскаяға апаратын Краснодар аймағындағы тар дәліз енетін ауданға төрт инспекцияға дейін;

(В) құрамына осы тармақтың (А) тармақшасында көрсетілген аудандардан басқа Ленинград әскери округі мен Солтүстік Кавказ округі енетін ауданға алты инспекцияға дейін.

16. Әр шартты жылда Украина осы бөлімнің 10-тармағына сәйкес есептелген, өзінің жарияланған орын инспекциясының пассивтік үлесінің қосымшасында инспекциялайтын Қатысушы мемлекет есебінен өткізілетін Одесса облысында бір жарияланған орын инспекциясын қабылдайды.

17. Осы бөлімнің 15 немесе 16-тармақтарына сәйкес жарияланған орындарда өткізілетін жарияланған орынның қосымша инспекция саны онда сол шартты жылда

осы бөлімнің 15 және 16-тармақтарында көрсетілген аудандарда орналасқан жарияланған орында өткізілетін жарияланған орын инспекциясының пассивтік үлесі есебіндегі инспекция санынан аспайды.

18. Осы Хаттаманың VII бөліміне сәйкес инспекция бір бақылау объектісі инспекциясының орнына қай бақылау объектісі инспекцияланатын болса, сол Қатысушы мемлекеттің жарияланған орын инспекциясының пассивті үлесінің бір инспекциясы ретінде есептеледі.

19. Осы Хаттаманың VII бөліміне сәйкес Қатысушы мемлекет аумағында басқа Қатысушы мемлекетке жататын бақылау объектілерін инспекциялау үшін пайдаланылатын инспекция үлесі аталған қабылдаушы Қатысушы мемлекет аумағында тұрған бақылау объектілерінің жалпы санын құрайтын сол Қатысушы мемлекеттің сондай үлесінен аспайды.

20. Осы Хаттаманың VII бөліміне сәйкес кез келген Қатысушы мемлекет аумағындағы бақылау объектілерінің инспекция саны сол Қатысушы мемлекет аумағында орналасқан бақылау объектілерінің жалпы санынан пайыздық ретпен есептеледі.

21. Осы Хаттаманың VIII бөліміне сәйкес аталған бір аудан шегіндегі инспекция талап бойынша инспекцияның пассивтік үлесінің бір инспекциясы және инспекция қай аумақта өткізілсе, Қатысушы мемлекеттің жарияланған орын инспекциясы пассивтік үлесінің бір инспекциясы ретінде есепке алынады.

22. Егер тек еріп жүретін топ пен инспекциялық топ басқаша келіспесе, инспекциялық топтың елде болған кезеңінде жалпы санның 10 күніне дейін мынадай формулаға сәйкес есептелген сағаттардың жалпы санынан аспайды,:

(А) бақылау объектісінің бірінші инспекциясы үшін немесе аталған аудан шегінде 48 сағат; қосымша

(В) бақылау объектісінің әрбір кезектегі инспекциясы үшін немесе аталған аудан шегінде 36 сағат.

23. Осы бөлімнің 22-тармағындағы шектеулерді сақтай отырып, осы Хаттаманың VII немесе VIII бөліміне сәйкес инспекция өткізетін инспекциялық топ жарияланған орында 48 сағаттан және аталған аудан шегіндегі инспекция кезінде 24 сағаттан артық бола алмайды.

24. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекет инспекциялық топтың кезекті инспекция орнына ең жедел қолайлы құралдардың көмегімен жетуін қамтамасыз етеді. Егер бір инспекцияның аяқталу сәті мен инспекциялық топтың кезекті инспекция орнына келу сәтінің арасындағы уақыт тоғыз сағаттан асса немесе Қатысушы мемлекеттің аумағында инспекциялық топтың өткізген соңғы инспекциясының аяқталу сәтінің, инспекция өткізетін жерге және сол инспекциялық топтың кіру/шығу пунктіне келу сәті арасындағы уақыт тоғыз сағаттан асса, сондай артық уақыт сол инспекциялық топтың елде болған кезеңінде есепке алынбайды.

25. Әрбір Қатысушы мемлекет қолданыс ауданы шегінде өз аумағында осы Хаттаманың VII, VIII және IX бөлімдеріне сәйкес инспекция өткізетін екеуден аспайтын инспекциялық топты бір мезгілде қабылдауға міндетті.

26. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың VII, VIII және IX бөлімдеріне сәйкес оның кәдімгі қарулы күштерінде инспекция өткізетін екеуден аспайтын инспекциялық топты бір мезгілде қабылдауға міндетті.

27. Бірде-бір Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың VII және VIII бөлімдеріне сәйкес бір және сол Қатысушы мемлекеттің шарт жасасқан жыл ішіндегі оның жарияланған орын инспекциясының пассивтік үлесінен 50 пайыздан астамын қабылдауға міндетті емес.

28. Әрбір Қатысушы мемлекет басқа Қатысушы мемлекет аумағының қолданыс ауданы шегінде инспекция өткізуге құқылы. Әрбір Қатысушы мемлекет әр шартты жылда өз инспекциясының активті үлесін 15 қаңтардан кешіктірмей басқа Қатысушы мемлекетке хабарлайды.

29. Инспекция мен қағидатты өткізу құқына залалсыз бақылаудың сақталуына сәйкес ұлттық төтенше құзыры болып табылатын инспекцияның жалпы практикасы ретінде көпұлтты сипат алуы мүмкін. Қатысушы мемлекеттер өздерінің инспекциялық қызметін қалайша орынды деп санаса, солай үйлестіруі мүмкін. Қатысушы мемлекеттер инспекторларға, олардың азаматтығы мен жынысына қатысы жоқ біркелкі қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

30. Әрбір Қатысушы мемлекет әр жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей келесі күнтізбелік жылға өзінің ресми мерекелік күндерінің тізімін барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге ұсынады.

III бөлім. Инспекция жасау алдындағы талаптар

1. Шартқа сәйкес өткізілетін инспекция осы бөлімнің 3-7-тармақтарына сәйкес тағайындалған инспекторлар өткізеді.

2. Инспекторлар инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің немесе басқа Қатысушы мемлекеттің азаматтары болып табылады.

3. Шартқа қол қойылғаннан кейін 90 күн ішінде әрбір Қатысушы мемлекет оның ұсынған инспекторларының және оның ұсынған көлік құралдары экипаждары мүшелерінің, инспекторлары мен көлік құралдары экипаждары мүшелерінің аты-жөндері, олардың жынысы, туған күндері, туған жерлері мен төлқұжат нөмірлері толық жазылған тізімдерін барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге береді. Қатысушы мемлекет ұсынған инспекторлардың бірде-бір тізімінде бір мезгілде 400-ден астам адам жазылмайды, Қатысушы мемлекет ұсынған көлік құралдары экипажы мүшелерінің бірде-бір тізімінде бір мезгілде 600-ден астам адам жазылмайды.

4. Әрбір Қатысушы мемлекет басқа Қатысушы мемлекеттің оған берген инспекторлары мен көлік құралдары экипаждары мүшелерінің тізімін қарайды және әр тізімді алғаннан кейін 30 күн ішінде осы тізімнен алып тастағысы келетін кез-келген

адамның есімін сол тізімді берген Қатысушы мемлекетке хабарлайды.

5. Осы бөлімнің 7-тармағын сақтай отырып, инспекторлар мен көлік құралдары экипажының мүшелері осы бөлімнің 4-тармағында көрсетілген уақыт мерзімі ішінде тыйым салынбағанын қоспағанда, осы бөлімнің 8-тармағына сәйкес виза және кез-келген басқа құжаттарды беру мақсаты үшін қабылданды деп есептеледі.

6. Әрбір Қатысушы мемлекет Шарт қолданысқа енгеннен кейін бір айдың ішінде өз тізімдеріне өзгеріс енгізуге құқылы. Бұдан әрі әрбір Қатысушы мемлекет жыл ішінде екі рет, мүмкіндігінше бірінші сәуірде және бірінші қазанда оның тізімдеріне қосымша инспекторлар мен көлік құралдары экипажының мүшелерін немесе мұндай өзгерген тізімдегі осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген саны аспайтын жағдайда одан шығарып тастауды ұсынады. Ұсынып отырған қосымшалар осы бөлімнің 4 және 5-тармақтарына сәйкес қаралады. Әрбір Қатысушы мемлекет жыл сайын 15 желтоқсаннан кешіктірмей бұдан бұрынғы жиынтық тізім берілген сәттегі уақыт ішінде хабарланған және қабылданған барлық өзгерістер енгізілген және айрықша бөліп көрсетілген инспекторлар мен көлік құралдары экипажы мүшелерінің жиынтық тізімін барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге ұсынады. Қате басылғандарды түзету мақсатындағы хабарлама кез келген уақытта беріледі.

7. Қатысушы мемлекет кез келген басқа Қатысушы мемлекет ұсынған инспекторлар мен көлік құралдары экипажының мүшелерін, ол кімді қаласа, кез келген адамды тізімдерден алып тастаудан бас тарту құқығысыз талап ете алады.

8. Инспекция өткізілетін аумақта Қатысушы мемлекет осы бөлімнің 5-тармағына сәйкес қабылданған инспекторлар мен көлік құралдары экипажы мүшелерінің кіруі үшін талап етілетін және осы Хаттаманың ережелеріне сәйкес инспекциялық қызметті жүзеге асыру мақсатында олардың сол жерде болуына мүмкіндік беретін визалар мен кез келген басқа да құжаттарды береді. Осындай визалар мен кез келген басқа да қажетті құжаттар былай беріледі не:

(А) тізім қабылданғаннан кейін 30 күн ішінде немесе сондай тізімдердің бұдан кейінгі өзгерістерінен; мұндай жағдайда визаның мерзімі 24 сағаттан кем емес қолданылады; немесе

(В) инспекциялық топпен көлік құралдары экипажы мүшелерінің кіру/шығу пунктіне келгеннен кейін бір сағат ішінде; мұндай жағдайда виза олардың инспекциялық қызметті жүзеге асыру мерзімі ішінде қолданылады.

9. Жыл сайын 15 желтоқсаннан кешіктірмей әрбір Қатысушы мемлекет сондай инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекеттің аумағына және аумақтан инспекция өткізу үшін қажетті инспекторлар мен аппаратураларды жеткізетін олардың көлік құралдары үшін дипломатиялық рұқсат етудің тұрақты нөмірін барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлайды. Белгіленген кіру және одан (олардан) шығу пунктінің(-терінің) жолсызбасы сондай дипломатиялық рұқсат етуді беру үшін негіз ретінде мүдделі Қатысушы мемлекеттермен келісілген белгіленген халықаралық әуе

күре жолдарының немесе басқа жолсызбаларға сәйкес келеді. Инспекторлар сол кіру/шығу пунктеріне келу үшін авиа жолдарымен қызмет көрсетілетін коммерциялық рейстерді пайдалана алды. Дипломатиялық рұқсат етудің нөмірлеріне қатысты осы тармақтың ережесі мұндай рейстерге қолданылмайды.

10. Әрбір Қатысушы мемлекет Ақпарат алмасу туралы хаттаманың V бөліміне сәйкес берілетін хабарламада оның бақылау объектілерімен әрбір жарияланған орынға қатысты пунктін немесе кіру/шығу пунктерін көрсетеді. Мұндай кіру/шығу пункттері инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің көлік құралдарын қабылдауға қабілеті болуы тиіс құрылықтағы шекаралардың, әуежайлардың немесе теңіз порттарының қиылысқан пункттері болуы мүмкін. Халықаралық рейстерге мүмкіндігінше қызмет көрсететін кем дегенде бір коммерциялық әуежай, әрбір жарияланған орынға байланысты, кіру/шығу пункті ретінде хабарламада көрсетіледі. Жарияланған орынға байланысты ретінде хабарламада көрсетілген кез келген кіру/шығу пункті орналасқан орын осы Хаттаманың VII бөлімінің 8-тармағында көрсетілген уақыт ішінде сол жарияланған орынға рұқсатты қамтамасыз ету болып табылады. Әрбір Қатысушы мемлекет инспекция өткізуді жеңілдету үшін қосымша кіру/шығу пунктерін көрсете алады.

11. Әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабарландыра отырып өз аумағындағы пунктті немесе кіру/шығу пункттерін өзгертуге, сондай өзгерту қолданысқа енгенге дейін кемі 90 күнде құқылы.

12. Шартқа қол қойылғаннан кейін 90 күн ішінде әрбір Қатысушы мемлекет оның кәдімгі қарулы күштеріне инспекция өткізу кезінде инспекциялық топтардың қолданатын ресми тілі немесе Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның тілдері туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлайды.

IV бөлім. Инспекция өткізу ниеті туралы хабарлама

1. Инспекция жасайтын Қатысушы мемлекет Шарттың XIV бабында көзделген өзінің инспекция өткізу ниеті туралы инспекцияланатын Қатысушы мемлекетке х а б а р л а й д ы .

Осы Хаттаманың VII бөліміне сәйкес инспекция өткізетін аумақта Қатысушы мемлекет болып табылмайтын Қатысушы мемлекеттің кәдімгі қарулы күштеріне өткізілетін инспекцияға қарай және бұл бірінші немесе одан кейінгі инспекция бола ма оған қарамастан сол Қатысушы мемлекетті де хабардар етеді.

Осы Хаттаманың IX бөліміне сәйкес өткізілетін инспекцияға қарай инспекциялайтын Қатысушы мемлекет қабылдайтын Қатысушы мемлекетті хабардар е т е д і .

Басқа Қатысушы мемлекеттің аумағында Қатысушы мемлекет өткізетін сертификациялау немесе қысқарту рәсімдерінің инспекциясына қарай, инспекциялайтын Қатысушы мемлекет бір уақытта қабылдайтын Қатысушы мемлекетті және басқа да Қатысушы мемлекетті хабардар етеді.

2. Осы Хаттаманың VII және VIII бөлімдеріне сәйкес өткізілетін инспекцияға

қатысты мұндай хабарландырулар инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет аумағындағы кіру/шығу пунктіне инспекциялық топтың келетін есепті уақытына дейін кемі 36 сағат ішінде Шарттың XVII бабына сәйкес беріледі; және онда:

(А) пайдаланылатын кіру/шығу пункті;

(В) кіру/шығу пунктіне келудің есепті уақыты;

(С) кіру/шығу пунктіне жеткізу құралдары;

(D) бірінші инспекция осы Хаттаманың VII немесе VIII бөліміне сәйкес өткізіле ме және инспекция жаяу, жүру қабілеті күшейтілген көлік құралымен, тікұшақпен немесе сол әдістердің кез келген үйлесімді жолымен жүргізіле ме сол туралы өтініші;

(Е) кіру/шығу пунктіне келу және инспекцияның бірінші орнының көрсетілуі аралығындағы уақыт аралығы;

(F) инспекциялық топ қолданатын тіл және осы Хаттаманың III бөлімінің 12-тармағына сәйкес көрсетілген тілдер болып табылатын тілдері;

(G) Осы Хаттаманың XIV бөліміне сәйкес жасалатын инспекциялар туралы есеп беруде пайдаланылатын тілі;

(H) инспекторлар мен көлік құралдары экипажы мүшелерінің толық аты-жөндері, олардың жынысы, туған күні, туған жері, азаматтығы мен төлқұжатының нөмірі;

(I) бұдан кейінгі инспекциялардың мүмкін болатын саны; және

(j) инспекция инспекциялайтын Қатысушы мемлекет есебінен өткізілді ме, солар көрсетіледі .

3. Осы Хаттаманың IX бөліміне сәйкес өткізілетін инспекцияға қатысты мұндай хабарламалар инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет аумағындағы кіру/шығу пунктіне инспекциялық топтың келетін есепті уақытына дейін кемі 36 сағаттың ішінде Шарттың XVII бабына сәйкес беріледі, және онда:

(А) қолданыс ауданына жақын немесе оның шегінде және инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің тандап алған көлік құралдарын қабылдауға қабілетті белгіленген кіру/шығу пункті;

(В) кіру/шығу пунктіне келудің есепті уақыты;

(С) кіру/шығу пунктіне жеткізу құралдары;

(D) инспекцияның жаяу, жүру қабілеті күшейтілген көлік құралымен немесе сол әдістерінің кез келген үйлесімді жолымен өткізіледі ме, сол туралы өтініші;

(Е) кіру/шығу пунктіне келу және белгіленген ауданның көрсетілуі арасындағы уақыт аралығы ;

(F) инспекциялық топ пайдаланылатын тіл және осы Хаттаманың III бөлімнің 12-тармағына сәйкес айқындалған тілі;

(Q) осы Хаттаманың XIV бөліміне сәйкес жасалатын инспекция туралы есеп беруде пайдаланылатын тілі ;

(H) инспекторлар мен көлік құралдары экипажы мүшелерінің толық аты-жөндері, олардың жыныстары, туған күндері, туған жерлері, азаматтығы және төлқұжаттарының

н ө м і р і

қ а м т ы л а д ы .

4. Осы Хаттаманың X және XI бөлімдеріне сәйкес өткізілетін инспекцияларға қатысты ондай хабарламалар Шарттың XVII бабына сәйкес инспекциялық топ инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекеттің аумағындағы белгіленген кіру/шығу пунктіне келетін есепті уақытқа дейін кемі 96 сағат бұрын беріледі, және онда:

(А) пайдаланылатын кіру/шығу пункті;

(В) кіру/шығу пунктіне келетін есепті уақыты;

(С) кіру/шығу пунктіне жеткізу құралы;

(D) қысқарту немесе сертификациялау орнына әрбір инспекция үшін осы Хаттаманың X бөлімінің 3-тармағына немесе XI бөлімінің 5-тармағына сәйкес берілген х а б а р л а м а ғ а с і л т е м е с і ;

(Е) инспекциялық топ қолданатын және осы Хаттаманың III бөлімінің 12-тармағына сәйкес анықталған болып табылатын тілі;

(F) осы Хаттаманың XIV бөліміне сәйкес жасалатын инспекция туралы есеп беруде п а й д а л а н ы л а т ы н т і л і , ж әне

(G) инспекторлар мен көлік құралы экипажы мүшелерінің толық аты-жөні, олардың жыныстары, туған күндері, туған жерлері, азаматтығы және төлқұжаттарының нөмірі қ а м т ы л а д ы .

5. Осы бөлімнің 1-тармағына сәйкес хабарландырылған Қатысушы мемлекеттер үш сағат ішінде хабарлама алғандығын Шарттың XVII бабына сәйкес растайды. Осы бөлімде баяндалған ережелерді сақтай отырып, инспекциялық топқа осы бөлімнің 2-тармағының (В) тармақшасына немесе 3-тармағының (В) тармақшасына сәйкес хабарламада көрсетілген есепті уақытта кіріп/шығу пунктіне келуге рұқсат етіледі.

6. Инспекция өткізу ниеті туралы хабарлама алған, инспекцияланатын Қатысушы мемлекет оны алғаннан кейін шұғыл сұратқан инспекцияның түрі және инспекциялық топтың кіру/шығу пунктіне келетін есепті уақыты туралы Шарттың XVII бабына сәйкес барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді. Осы Хаттаманың VII немесе VIII бөлімдеріне сәйкес өткізілетін инспекцияға қарай хабарламада жарияланған орын инспекциясының пассивтік үлесі бар, мүмкін болатын бұдан кейінгі инспекция саны және әрбір инспекцияға байланысты шығындарды төлейтін Қатысушы м е м л е к е т қ а м т ы л а д ы .

7. Егер аумағында инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет есепті уақытта келетін инспекциялық топқа кіруге рұқсат ете алмаған жағдайда хабарламада көрсетілген келудің есепті уақытына дейін немесе кейін екі сағат ішінде инспекциялық топқа сол Қатысушы мемлекеттің аумағына кіруге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда аумағында инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет алғашқы хабарламадан кейін 24 сағаттан кешіктірмей келудің жаңа уақыты туралы инспекциялайтын Қатысушы м е м л е к е т к е х а б а р л а й д ы .

8. Егер инспекциялық топ хабарламада көрсетілген келудің есепті уақытынан кейін

екі сағаттан аса немесе осы бөлімнің 6-тармағына сәйкес хабарланған келудің жаңа уақытынан кейін кешіккен жағдайда, инспекциялайтын Қатысушы мемлекет осы бөлімнің 1-тармағына сәйкес хабарланған Қатысушы мемлекетті:

(А) келудің алғашқы есепті уақытынан кейін қандай жағдайда болмасын алты сағаттан аспайтын келудің жаңа есептік уақыты немесе осы бөлімнің 6-тармағына сәйкес хабарланғаннан кейін келудің жаңа уақыты туралы; және

(В) инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің тілегі бойынша кіру/шығу пунктіне келу және инспекция орнын көрсету арасындағы жаңа уақыт аралығы туралы х а б а р л а й д ы .

9. Инспекциялық топты кіру/шығу пунктіне жеткізу үшін коммерциялық емес рейстерді пайдаланған жағдайда аумағында инспекция өткізетін Қатысушы мемлекеттің әуе кеңістігіне енген жоспарланған уақытқа дейін кемі 10 сағат ішінде инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің Шарттың XVII бабына сәйкес сол Қатысушы мемлекетке ұшу жоспарын ұсынады. Ұшу жоспарын ұсынудың ресми арналарының бірі Азаматтық авиация халықаралық ұйымы реттейтін тіркелген авиациялық электр байланысының желілері болып саналады. Ұшу жоспары азаматтық ұшу аппараттары үшін Азаматтық авиация халықаралық ұйымының рәсімдеріне сәйкес ресімделеді. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекет әрбір ұшу жоспарының ескерту бөліміне дипломатиялық рұқсат етудің тұрақты нөмірін және мынадай жазу енгізеді: ЕКҚК инспекциялық ұшу аппараты. Бірінші кезекте рұқсат етуді ресімдеуді талап етеді".

10. Аумағында инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет осы бөлімнің 9-тармағына сәйкес ресімделген ұшу жоспарын алғаннан кейін ұшу жоспарын бекітуді инспекциялық топтың үш сағаттан кешіктірмей кіру/шығу пунктіне есепті уақытта к е л е т і н д е й қ а м т а м а с ы з е т е д і .

11. Егер жерүстіндегі көлік құралдарымен жеткізілетін инспекциялық топ инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің аумағына бет алған сапарында немесе одан басқа Қатысушы мемлекеттің аумағы арқылы транзитпен өтуге ниет білдірсе, транзитті жүзеге асыратын сол Қатысушы мемлекетке осы Хаттаманың XV бөлімі 5-тармағының (А) тармақшасына сәйкес оның міндеттемелеріне қатысты ақпаратты алдын ала береді. Мұндай ақпаратқа кем дегенде шекараларды кесіп өту пункттері, әрбір шекараны кесіп өтудің есепті уақыты, инспекциялық топ пайдаланатын көлік құралдары, инспекторлар мен жүргізушілердің аты-жөндері, олардың азаматтығы және төлқұжаттарының нөмірі қамтиды.

V бөлім. Кіру/шығу пунктіне келгеннен кейін рәсімдер

1. Ілесіп жүретін топ инспекциялық топ пен көлік құралдары экипажының мүшелерін кіру/шығу пунктіне олардың келуі бойынша қарсы алады.

2. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің келісімі бойынша ғимаратты немесе объектілерді пайдаланатын Қатысушы мемлекет ілесіп жүретін топпен келісілгеніндей, кез келген уақытта инспекциялық топпен ілесіп жүру үшін қажет болған жағдайда кіру/

шығу пунктінде оның өкімінде болатын ілесіп жүретін топпен байланысқа жауапты
а д а м д ы т а ғ а й ы н д а й д ы .

3. Кіру/шығу пунктіне келу және шығу уақытын инспекциялау тобы да, сонымен қатар еріп жүретін топпен де келісіледі және тіркеледі.

4. Аумағында инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет инспекциялау тобының жүгі, аппаратуралары мен материалдары барлық кедендік алымдардан босатуды және кіру/шығу пунктінде жедел тәртіппен ресімдеуді қамтамасыз етеді.

5. Инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекеттің аумағына инспекция жасайтын Қатысушы мемлекеттің әкелетін аппаратуралары мен материалдары осы аумаққа әрбір әкелінген кезде тексерілуге жатады. Мұндай тексеру инспекциялық топтың кіру/шығу пунктіне инспекция өтетін жерге аттанғанға дейін аяқталады. Мұндай аппаратура мен материалдарды инспекциялық топ мүшелерінің қатысуымен ілесіп жүретін топ қ а р а й д ы .

6. Егер тексеруден кейін ілесіп жүретін топ инспекторлар енгізген әлде бір аппаратура немесе материалдар осы Хаттамаға ойынша инспекция топтарына сыйымсыз функцияларды орындауға қабілетті немесе осы Хаттаманың VI бөлімінің 18-тармағында белгіленген талаптарға жауап бермейтінін анықтаса, онда ілесіп жүретін топ осы аппаратураны пайдалануға рұқсат етуден бас тартуға және кіру/шығу пунктінде оны ұстауға құқылы. Инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекеттің аумағынан осындай ұсталған аппаратураларды немесе материалдарды өз жағдайына қарай бірінші мүмкіндікті пайдаланып, бірақ осы ұсталған аппаратураны немесе материалдарды әкелген инспекциялық топтың елден кетуінен кешіктірмей алып ш ы ғ а д ы .

7. Егер Қатысушы мемлекет кіру/шығу пунктінде инспекциялық топтың аппаратурасын қарауға қатыспаған болса, ол Қатысушы мемлекет осы бөлімнің 5 және 6-тармақтарына сәйкес оның кәдімгі қарулы күштері, не ол инспекциялаушы Қатысушы мемлекеттің келісімі бойынша пайдаланылатын ғимараттар немесе объектілер қатысатын ілесіп жүретін топтың құқықтарын жарияланған жерде инспекция өткізілгенге дейін жүзеге асыруға құқылы.

8. Инспекциялық топ пен көлік құралдарының экипажы инспекция орналасқан жердегі Қатысушы мемлекет аумағында болған мерзімі ішінде инспекциялайтын Қатысушы мемлекет оларды тамақтандыруды, пәтер және жұмыс орындарымен, көлікпен және қажет болған жағдайда медициналық немесе өзге де жедел көмекпен қамтамасыз етеді немесе ұйымдастырады.

9. Аумағында инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет кіру/шығу пунктінде инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің көлік құралдарын орналастыруды, күзетуді, қызмет көрсету мен жағармай құюды қамтамасыз етеді.

VI бөлім. Инспекция өткізудің жалпы ережелері

1. Кездейсоқ жағдайларда инспекция тоқтатылуы мүмкін. Егер инспекциялайтын Қатысушы мемлекет немесе инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің құқығы мен міндеттемелерін жүзеге асырушы Қатысушы мемлекет кездейсоқ жағдайлардың себебінен инспекция өткізу кейінге қалдырылса, онда сол тоқтатудың себебі жазбаша түрде толық түсіндіреді, сондай-ақ шамамен тоқтатудың ұзақтығы төмендегідей к ө р с е т і л е д і :

(А) егер кездейсоқ жағдай инспекция өткізу ниеті туралы тиісті хабарламаға жауап ретінде инспекциялық топ келгенге дейін жарияланса;

(В) егер кездейсоқ жағдай инспекциялық топтың кіру/шығу пунктіне келгеннен кейін жарияланса, инспекциялық топқа және мүмкіндігінше тез дипломатиялық немесе өзге де ресми арналар бойынша барлық Қатысушы мемлекеттерге түсінік беріледі.

2. Кездейсоқ жағдайдың себебінен тоқтатылған жағдайда осы Хаттаманың XIII бөлімі 2-тармақшасының ережесі қолданылады.

3. Инспекциялық топ құрамына инспекциялайтын Қатысушы мемлекет болып табылмайтын Қатысушы мемлекеттерден инспекторлар енгізуі мүмкін.

4. Осы Хаттаманың VII, VIII, X және XI бөлімдеріне сәйкес өткізілетін инспекцияға қатысты инспекциялық топ тоғыз инспектордан аспайтын және үштен аспайтын кіші топтарға бөлінген құрамнан тұрады.

5. Осы Хаттаманың IX бөліміне сәйкес өткізілетін инспекцияға қатысты инспекциялық топ 20 инспектордан аспайтын немесе инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің 5 инспекторынан оған қоса несі көп соған байланысты, осындай инспекцияға қатысуға мүдделі Қатысушы мемлекеттердің әрқайсысынан бір-бір инспектордан тұрады. Бірде-бір Қатысушы мемлекет инспекциялық топта тоғыздан артық инспекторы болмауы тиіс. Инспекциялық топ 4-тен аспайтын кіші топтарға б ө л і н у і м ү м к і н .

6. Инспекторлар мен ілесіп жүретін топтың мүшелері, оларды тиісінше инспекторлар мен ілесіп жүретін топтың мүшелері ретінде ұқсас нақты белгі тағады.

7. Инспектор инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет аумағындағы кіру/шығу пунктіне келгеннен кейін өз міндеттеріне кіріскен және сол Қатысушы мемлекет аумағынан кіру/шығу пункті арқылы шыққаннан кейін сол міндеттерін орындауды т о қ т а т т ы д е п т а н ы л а д ы .

8. Көлік құралдары экипажы мүшелерінің саны 10 адамнан аспайды.

9. Олардың басымдылығы мен иммунитеті үшін залалсыз инспекторлар мен көлік құралдары экипажының мүшелері инспекция өткізілетін аумақтағы Қатысушы мемлекеттің заңдары мен қаулыларын сыйлайды және сол Қатысушы мемлекеттің ішкі істеріне араласпайды. Инспекторлар мен көлік құралдары экипажының мүшелері, сондай-ақ техника қауіпсіздігінің ережесі мен әкімшілік рәсімдерін қоса, инспекция жеріндегі қаулыны да сыйлайды. Егер инспекцияланатын Қатысушы мемлекет инспектордың немесе көлік құралы экипажы мүшесінің осы Хаттамада белгіленген

инспекциялық қызметті реттейтін сондай заңдарды және қаулыларды немесе басқа да шарттарды бұзған жағдайда, ол бұл туралы инспекциялайтын Қатысушы мемлекетті хабардар етеді, инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің талабы бойынша инспекторлардың немесе көлік құралдары экипажы мүшелерінің тізімінен тиісті адамдар дереу шығарылады. Егер сол адам инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет аумағында болса, онда инспекциялайтын Қатысушы мемлекет осы адамды сол елден ш ұ ғ ы л ш а қ ы р т ы п а л а д ы .

10. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет инспекциялық топ пен көлік құралдары экипажы мүшелерінің кіру/шығу пунктіне келу сәтінен олардың Қатысушы мемлекет аумағынан шығу мақсатында олардың кіру/шығу пунктінен шығу сәтіне дейін қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты болады.

11. Ілесіп жүретін топ инспекциялық топқа оның функциясын жүзеге асыруға жәрдемдеседі. Өз мүмкіндігіне қарай ілесіп жүретін топ инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет аумағына оның келген уақытынан бастап сол аумақтан оның шығу уақытына дейін өз құқығын инспекциялық топқа ілесіп жүруді жүзеге асыра а л а д ы .

12. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекет инспекциялық топтың және әрбір кіші топтың осы Хаттаманың IV бөлімі 2-тармағының (F) тармақшасына, 3-тармағының (F) тармақшасына және 4-тармағының (E) тармақшасына сәйкес хабарламада көрсетілген тілде ілесіп жүретін топпен еркін қарым-қатынас жасау үшін қажетті лингвистикалық дағдыларды игеруді қамтамасыз етеді. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет ілесіп жүретін топтың инспекциялық топпен және әрбір кіші топпен еркін қарым-қатынас жасауы үшін қажетті лингвистикалық дағдыларды игеруді қамтамасыз етеді. Инспекторлар мен ілесіп жүретін топ мүшелері, сондай-ақ басқа тілдерде де қ а р ы м - қ а т ы н а с ж а с а у ы м ү м к і н .

13. Инспекция барысында алынған бірде-бір ақпарат инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің айқын білдірген келісімінсіз жұртшылыққа жарияланбайды.

14. Инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет аумағында болған уақыт ішінде инспекторлар инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің ұсынатын тиісті байланыс құралдарын пайдалана отырып, сол аумақта орналасқан инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің елшілігімен немесе консульдігімен байланыс жасауға құқылы. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет, сондай-ақ инспекциялық топтың кіші топтары арасындағы байланыс құралдарын ұсынады.

15. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің таңдап алған әдісімен және жолсызбасымен инспекциялық топты инспекция орнына, инспекция орнынан және инспекция орындары аралығына жеткізеді . Инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің таңдап алған жолсызбасын өзгертуін сұрауына болады. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет мұндай сұрауды мүмкіндігінше орындайды. Өзара келісім бойынша инспекциялайтын Қатысушы

мемлекетке өзінің меншікті жерүсті көлік құралдарын пайдалануына рұқсат етіледі.

16. Егер инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет аумағындағы инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің инспекторларына инспекция жерінен кіру/шығу пунктіне не елшілікке немесе консульдікке жол жүретін төтенше жағдай туындаса, инспекциялық топ бұл туралы мұндай сапарды кідіріссіз ұйымдастыратын және қажет болған жағдайда тиісті көлік құралдарын беретін ілесіп жүретін топқа хабарлайды.

16. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет аппаратура мен материалдарды сақтау, есеп беруді жазу, демалу және тамақтану үшін инспекция жерінен тек инспекциялық топ пайдаланатын әкімшілік аймағын береді.

18. Инспекциялық топқа инспекция өткізу үшін қажетті құжаттар, атап айтқанда, жеке карталары мен схемаларын әкелуге рұқсат етіледі. Инспекторларға түнде көрудің ықшамды әрекетті құралдарын, дүрбілер, бейне түсіру камералары мен фотоаппараттар, диктофондар, рулеткалар, электр шамдарын, магнитті компастар мен ықшам компьютерлер әкелуге және пайдалануға рұқсат етіледі. Инспекторларға инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің мақұлдауына жататын басқа жабдықтарды пайдалануына рұқсат етіледі. Елде болған барлық кезең ішінде ілесіп жүретін топ инспекторлар әкелген аппаратураны қадағалауға құқылы, бірақ осы Хаттаманың V бөлімінің 5-7-тармақтарына сәйкес ілесіп жүретін топтың мақұлдауына жататын аппаратураны пайдалануға кедергі жасамайды.

19. Осы Хаттаманың VII, VIII немесе IX бөлімдеріне сәйкес өткізілетін инспекцияға қатысты инспекциялық топ, ол инспекция орнын тағайындаған, инспекция қай жерде өткізіледі, инспекция жаяу, өтімділігі жоғары көлік құралдарымен, тікұшақпен немесе осы тәсілдердің кез келген үйлесімді жолымен өткізіле ме, әрбір жағдайды көрсетеді. Егер тек өзге де келісімге қол жеткізілмесе, инспекцияланатын Қатысушы мемлекет әрбір кіші топ үшін инспекция жерінде өтімділігі жоғары тиісті көлік құралдарын б е р е д і ж әне п а й д а л а н а д ы .

20. Бұл қашан мүмкін болғанда, инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің ұшу қауіпсіздігі мен ережелерін және осы бөлімнің 18-21-тармақтарының ережелерін сақтай отырып, инспекциялық топ Хаттаманың VII, VIII немесе IX бөлімдеріне сәйкес өткізілетін инспекция кезінде инспекцияланатын Қатысушы мемлекет беретін және іске қосылатын тікұшақты пайдаланып, инспекция орнын тікұшақпен айнала ұшуды жү з е г е а с ы р у ға қ ұ қ ы л ы .

21. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет 20 шақырымнан аз алаңы бар кез келген инспекция орнында тікұшақ беруге міндетті емес.

22. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет әлсіз пункттердің үстімен тікұшақпен ұшуына қатысты кідіртуге, шектеуге немесе бас тартуға құқылы, бірақ әлсіз пункттердің болуы инспекция жерінің қалған аудандарын тікұшақпен айнала ұшуына кедергі болмайды. Әлсіз пункттерді немесе солардың үстінен тікұшақпен айнала ұшқан уақытта фотосуретке түсіруге тек ілесіп жүруші топтың мақұлдауымен рұқсат етіледі.

23. Инспекция орнын тікұшақпен осылай айнала ұшу ұзақтығы, егер тек инспекциялық топ пен ілесіп жүретін топ өзге туралы келіспесе осы Хаттаманың VII немесе VIII бөлімдеріне сәйкес өткізілетін инспекцияға қатысты бір сағаттың және IX бөлімге сәйкес өткізілетін инспекцияға қатысты 7 сағаттың жиынтығынан аспайды.

24. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет ұсынатын кез келген тікұшақ инспекциялық топтың кем дегенде екі мүшесін және ілесіп жүретін топтың кем дегенде бір мүшесін тасымалдау үшін жеткілікті ірі көлемді тікұшақ болып табылады. Инспекторларға инспекция жерін айнала ұшу кезінде осы бөлімнің 18-тармағында көрсетілген кез келген аппаратураны өзімен бірге алуына және пайдалануына рұқсат етіледі. Инспекциялық ұшу уақытында инспекциялық топ фотосуретке түсіруді жүзеге асырғысы келсе, бұл туралы олар ілесіп жүретін топқа хабарлайды. Тікұшақ инспекторлардың үздіксіз және ешбір кедергісіз жер шолуын қамтамасыз етеді.

25. Инспекторлар өз функцияларын жүзеге асыру кезінде инспекция жерінде өткізілетін қызметке тікелей араласпайды және инспекция жеріндегі қызметтер үшін немесе оның қауіпсіз жұмыс жасауына қатысты іс-қимылға ешбір қажетсіз кедергі жасаудан немесе тоқтатудан бас тартады.

26. Осы бөлімнің 27-32-тармақтарында көзделгенін қоспағанда инспекторларға бақылау объектісінің инспекциясы барысында не көрсетілген аудан шегінде немесе белгіленген аудан шегіне баруға, кіруге және кедергісіз инспекция жасауға рұқсат етіледі:

(А) көрсетілген ауданға қатысты - жарияланған орындарды қоспағанда, барлық аудан шегінде, егер мұндайлар бар болса осы ауданның шекарасында; немесе

(В) белгіленген ауданға қатысты - осы ауданның шекарасындағы жарияланған орынды қоса, барлық аудан шегінде; немесе

(С) бақылау объектісіне қатысты - тек қана басқа бақылау объектісіне жататын жер ретінде схемада бөлектелген, оны инспекциялау үшін инспекциялық топ белгілемеген жарияланған орынның барлық аумағы шегінде.

27. Осы Хаттаманың VII, VIII немесе IX бөлімдеріне сәйкес бақылау объектісіндегі немесе аталған аудан шегінде не белгіленген аудан шегінде инспекция уақытында және осы бөлімнің 28-тармағының ережесін сақтай отырып инспекторлар осы бөлімнің 26-тармағында аталған аудандар шегінде тұрақты немесе әдетте жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік тікұшақтар, жауынгерлік ұшақтар, қайта топтастырылған оқу-жаттығу жауынгерлік ұшақтар, бронетранспортерлер тәріздестер, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәріздестер немесе танкілік көпір салушылар тұратын кез келген жерге, ғимаратқа немесе ғимарат шегіндегі ауданға кіруге құқылы. Инспекторлардың басқа ғимаратқа немесе қызметкерлер үшін көлденеңі екі метрден аспайтын есік арқылы ғана өтуге рұқсат етілетін және ілесіп жүретін топ рұқсат етуден бас тартқан жағдайда, ғимарат шегінің аудандарына, пункттерге кіруге құқығы жоқ.

28. Осы Хаттаманың VII, VIII немесе IX бөлімдеріне сәйкес бақылау объектісіндегі немесе аталған аудан шегіндегі не белгіленген аудандағы инспекция уақытында инспекторлар ұшақтар тұратын жоғары қорғалған бойтаса ішінде қандай да бір жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік тікұшақтар, жауынгерлік ұшақтар, қайта топтастырылған оқу-жаттығу жауынгерлік ұшақтары, бронетранспортерлер тәріздестер, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәріздестер немесе танктік көпір салушылар бар ма, және егер бар болса, онда олардың санын және түрін, үлгісін немесе нұсқасын ең болмаса шола қарап көз жеткізуге құқылы. Осы бөлімнің 27-тармағының ережесінен тәуелсіз инспекторлар тек ілесіп жүретін топтың мақұлдауымен ұшақтар тұрпатын, сондай биік қорғалған бойтаса ішіне кіреді. Егер мұндай мақұлдаудан бас тартса, онда инспекторлардың өтініші бойынша ұшақтар үшін сондай жоғары қорғалған бойтаса ішіндегі кез келген жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік тікұшақтар, жауынгерлік ұшақтар, қайта топтастырылған оқу-жаттығу жауынгерлік ұшақтары, бронетранспортерлер тәріздестер, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәріздестер немесе танктік көпір салушылар сыртқа шығарылып қ о й ы л а д ы .

29. Осы Хаттаманың VII, VIII немесе IX бөлімдеріне сәйкес бақылау объектісіндегі немесе аталған аудан шегіндегі не белгіленген ауданын инспекциялау уақытында, осы бөлімнің 30-36-тармақтарында көзделгендерді қоспағанда, инспекторлар кәдімгі қару-жарақ пен техниканы сырттай шолып, олардың санына, түріне, үлгісіне немесе нұсқасына көз жеткізу үшін рұқсат алуға құқылы.

30. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекет жекелеген сезікті техника бірліктеріне қ а р а т п а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

31. Ілесіп жүретін топ саны мен көлемі соншалықты шектелген сезікті пункттерге, мүмкіндігінше қаптаулы объектілерге және екі метрден кем кез келген көлемді (ені, биіктігі, ұзындығы немесе диаметрі) контейнерлерге жіберуден бас тартуға құқылы. Сезікті пункт белгіленген немесе қаптаулы объектілер немесе контейнерлер болған жағдайда ілесіп жүретін топ осы сезікті пунктте қаптаулы объектіде немесе контейнерде қандай да бір жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік тікұшақтар, жауынгерлік ұшақтар, қайта топтастырылған оқу-жаттығу жауынгерлік ұшақтар, бронетранспортерлер тәріздестер, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәріздестер немесе танктік көпір салушылар бар ма, егер бар болса, онда олардың санын, түрін, үлгісін немесе нұсқасын жариялайды.

32. Егер ілесіп жүретін топ сезікті пункт қаптаулы объектіде немесе контейнерде осы бөлімнің 31-тармағында көрсетілген кез келген кәдімгі қару-жарақ пен техника шын мәнінде бар деп хабарласа, онда ілесіп жүретін топ сондай кәдімгі қару-жарақ пен техниканы инспекциялық топ алдына шығарып қояды немесе хабарлайды және жарияланған саннан көп емес сондай кәдімгі қару-жарақ пен техниканың бар екендігіне

инспекциялық топты сендіру үшін шара қабылдайды.

33. Егер осы Хаттаманың VII немесе VIII бөліміне сәйкес бақылау объектісін немесе аталған аудан шегіндегі инспекция уақытында Қолда бар түрлері туралы хаттамадағы көпмақсатты соққы беруші тікұшақтардың тізбесіне енгізілген немесе бұрын енгізілген тікұшақтар түрі инспекция жерінде тұрса және ілесіп жүретін топ жауынгерлік қамтамасыз ететін тікұшақ деп жарияласа немесе егер Ми-24р немесе Ми-24к тікұшақтары инспекция жерінде тұрса және Қайта топтастырылған тікұшақтар туралы хаттаманың 1-бөлімінің 3-тармақшасына сәйкес шектелетін деп жарияласа, мұндай тікұшақ осы Хаттаманың X бөлімінің 4-6-тармақтарына сәйкес ішкі инспекцияға жатады.

34. Егер осы Хаттаманың VII немесе VIII бөліміне сәйкес бақылау объектісіндегі немесе аталған аудан шегіндегі инспекция уақытында ұшақтарды Қайта топтастыру туралы хаттаманың II бөліміндегі тізбесіне енгізілген нақты үлгідегі ұшақ немесе оқу-жаттығу жауынгерлік ұшағының нұсқасы инспекция жерінде тұрса және ілесіп жүретін топ Ұшақтарды қайта топтастыру туралы хаттамаға сәйкес қарусыз ретінде сертификатталған деп жарияласа, ондай ұшақ осы Хаттаманың X бөлімінің 4 және 5-тармақтарына сәйкес ішкі инспекцияға жатады.

35. Егер осы Хаттаманың VII, VIII немесе IX бөліміне сәйкес бақылау объектісіндегі немесе аталған аудан шегіндегі инспекция уақытында бронетранспортерлер тәріздестерді немесе жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәріздестерді инспекция жерінде тұрса, ілесіп жүретін топ броньды машина деп жарияласа, инспекциялық топ ондай машиналар жаяу әскерлердің жауынгерлік бөлімшесін тасымалдауға мүмкіндігі жоқтығын айқындауға құқылы. Инспекторлар машинаның сыртынан ішкі бөлігіне шолу жасау үшін оның есіктерінің және/немесе люктарының ашық болуын талап етуге құқылы. Машиналар немесе ондағы сезікті жабдықтар қапталынуы мүмкін.

36. Егер осы Хаттаманың VII немесе VIII бөліміне сәйкес бақылау объектісіндегі немесе аталған аудан шегіндегі инспекция уақытында ілесіп жүретін топ Қысқарту туралы хаттама ережелеріне сәйкес қысқартылған деп жарияланған, қару-жарақ пен техника инспекция жерінде тұрса, инспекциялық топ ондай қару-жарақ пен техникаға, Қысқарту туралы хаттаманың III-XII бөлімдерінде көрсетілген рәсімдерге сәйкес олардың қысқартылғанын растау үшін инспекция өткізуге құқылы. Егер осы Хаттаманың IX бөліміне сәйкес белгіленген аудан шегіндегі инспекция уақытында ілесіп жүретін топ Қысқарту туралы хаттама ережелеріне сәйкес қысқартылған деп жарияланған, жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар немесе артиллерия инспекция жерінде тұрса, инспекциялық топ ондай жауынгерлік танктерге, жауынгерлік броньды машиналарға немесе артиллерияға Қысқарту туралы хаттаманың III-XII бөлімдерінде көрсетілген рәсімдерге сәйкес олардың қысқартылғанын растау үшін инспекция өткізуге құқылы.

37. Шарттың қолданыс аясына жататын кәдімгі қару-жарақ пен техниканың, оның ішінде тұрақты қоймалық сақтаудың белгіленген жері шегінде немесе қоймалық сақтауға қойылған 50 бірліктен аспайтын сондай кәдімгі қару-жарақ пен техниканың бар екендігін тіркеу мақсатында инспекторлар фотосуретке, оның ішінде бейнетаспаға түсіруге құқылы. Фотоаппараттар 35 миллиметрлік таспалы аппараттармен және суреттерді дереу шығара алатын мүмкіншілігі бар аппараттармен шектеледі. Инспекциялық топ фотосуреттерге түсіруді жоспарлайтындығы туралы ілесіп жүретін топқа алдын ала хабарлайды. Ілесіп жүретін топ фотосуреттерді шығаруда инспекциялық топпен ынтымақтасады.

38. Сезімтал пункттерді фотосуретке түсіру тек ілесіп жүретін топтың мақұлдауымен рұқсат етіледі.

39. Осы бөлімнің 41-тармағында көзделгенді қоспағанда, осы бөлімнің 37-тармағында көрсетілген қоймалық сақтау жері болып табылмайтын ғимараттың ішін фотосуретке түсіру тек ілесіп жүретін топтың мақұлдауымен рұқсат етіледі.

40. Инспекторлар инспекция уақытында туындаған түсініксіз мәселелерді шешу үшін шамалауларды жүзеге асыруға құқылы. Инспекция уақытында тіркелген ондай шамалауларды, олар жүзеге асырылғаннан кейін дереу инспекциялық топтың бір мүшесі және еріп жүретін топтың бір мүшесі бекітеді. Ондай бекітілген деректер инспекция туралы есеп беруге енгізіледі.

41. Қатысушы мемлекеттер, мүмкіндігі бар кезде нақты ақпаратқа қатысты туындаған кез келген түсініксіз мәселелерді инспекция барысында шешеді. Инспекторлар ондай түсініксіз мәселелерді түсіндіру туралы ілесіп жүретін топтан сұратқан кезде ілесіп жүретін топ инспекциялық топқа кідіріссіз түсінік береді. Егер инспекторлар фотосуреттердің шешілмеген түсініксіз мәселелерін құжаттандыруға шешім қабылдаса, осы бөлімнің 38-тармағындағы ережені сақтай отырып, ілесіп жүретін топ дереу фотосурет шығару мүмкіндігі бар фотоаппараттарды пайдаланып, инспекциялық топпен тиісті фото түсірулерді жүзеге асыруда ынтымақтасады. Егер түсініксіз мәселе инспекция кезінде шешілмесе, онда осы фотосуретке байланысты кез келген мәселелер және тиісті түсініктер осы Хаттаманың XIV бөліміне сәйкес инспекция туралы есеп беруге енгізіледі.

42. Осы Хаттаманың VII, VIII және IX бөлімдеріне сәйкес өткізілген инспекцияға қатысты инспекция туралы есеп беруге екі тарап та қол қойған сәттен бастап аяқталды деп саналады.

43. Жарияланған орындағы немесе аталған аудан шегінде инспекция аяқталмас бұрын инспекциялық топ бұдан кейін де инспекция өткізуге ниеті бар екендігі туралы ілесіп жүретін топқа хабарлайды. Егер инспекциялық топтың бұдан кейін инспекция өткізу ниеті болса, инспекциялық топ сол уақытта келесі инспекция орнын белгілейді. Мұндай жағдайларда осы Хаттаманың VII бөлімінің 6 және 20-тармақтарындағы және VIII бөлімі 6-тармағының (А) тармақшасындағы ережелерді сақтай отырып,

инспекциялайтын Қатысушы мемлекет алдындағы инспекция аяқталғаннан кейін мүмкіндігіне қарай тез, бұдан кейінгі инспекция орнына инспекциялық топтың жетуін қамтамасыз етеді. Осы Хаттаманың VII бөлімінің 8-тармағында немесе VIII бөлім 6-тармағының (В) тармақшасында көрсетілген мерзімдер қолданылуына байланысты қолданылады. Егер инспекциялық топтың бұдан кейін инспекция өткізетін ниеті болмаса, онда осы бөлімнің 40 және 46-тармақтарындағы ережелер қолданылады.

44. Бұдан бұрын инспекция өткізген сол инспекциялық топ осы Хаттаманың VII және VIII бөлімдеріндегі ережелерді сақтай отырып Қатысушы мемлекеттің аумағында бұдан кейін де инспекция өткізуге құқылы:

(А) бұрынғы инспекция жерінде сол кіру/шығу пунктіне немесе келген инспекциялық топтың сол кіру/шығу пунктіне байланысты кез келген жарияланған о р ы н д а ;

(В) келген инспекциялық топқа кіру/шығу пункті Ақпарат алмасу туралы хаттаманың V бөліміне сәйкес хабарламада көрсетілген кіру/шығу пункті ең жақын болып табылатын аталған ауданның кез келген шегінде; немесе

(С) сол әскери округ шегіндегі бұрынғы инспекция жерінен шамамен 200 шақырымда орналасқан кез келген жерде; немесе

(D) осы Хаттаманың VII бөлімі 12-тармағының (А) тармақшасына сәйкес инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің мәлімдемесі бойынша, егер сондай кәдімгі қару-жарақ пен техника Ақпарат алмасу туралы хаттамаға сәйкес ең соңғы хабарламада көрсетілген сондай кәдімгі қару-жарақ пен техниканың санынан 15 пайыздан аспайтынын құраса, бұрынғы инспекция жеріндегі бақылау объектісіне инспекция уақыты жоқ болған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерияның, жауынгерлік тікұшақтардың немесе жауынгерлік ұшақтардың уақытша орналасқан жері болып табылатын жерде; немесе

(Е) осы Хаттаманың VII бөлімі 12-тармағының (В) тармақшасына сәйкес инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің мәлімдемесі бойынша жарияланған орындағы Ақпарат алмасу туралы хаттамаға сәйкес ең соңғы хабарламада сол бұрынғы инспекция жерінде орналасқан ретінде көрсетілген сандардан артық, бұрынғы инспекция жеріндегі жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерияның, жауынгерлік тікұшақтардың немесе жауынгерлік ұшақтардың бастапқы пункті болып табылатын егер осындай кәдімгі қару-жарақ пен техника осылайша хабарланған, сондай кәдімгі қару-жарақ мен техниканың санынан 15 пайыз а р т ы қ б о л с а .

45. Егер келесі инспекция туралы жарияланбаса, жарияланған орындағы немесе аталған аудан шегіндегі инспекция аяқталғаннан кейін, не белгіленген аудан шегіндегі инспекция аяқталғаннан кейін инспекциялық топ мүмкіндігінше тез тиісті кіру/шығу пунктіне жеткізіледі, 24 сағат ішінде инспекция өткізілген Қатысушы мемлекеттің а у м а ғ ы н а н ш ы ғ а д ы .

46. Инспекциялық топ, егер өзге туралы келісіспесе, келу жүзеге асырылған сол кіру/шығу пункті арқылы инспекция өткізген Қатысушы мемлекеттің аумағынан шығады. Егер инспекциялық топ инспекция жасау мақсатымен басқа Қатысушы мемлекеттің аумағындағы кіру/шығу пунктіне жүруге шешім қабылдаса, оны осы Хаттаманың IV бөлімінің 1-тармағына сәйкес инспекциялайтын Қатысушы мемлекет қажетті хабарлама берген жағдайда ғана жасауға құқылы.

47. Осы Хаттаманың VII және/немесе VIII бөліміне сәйкес өткізілетін инспекцияға қатысты, инспекцияның аяқталуы бойынша инспекциялық топтың шығуынан 72 сағаттан кешіктірмей немесе инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің инспекциясы өткізілген инспекцияның санын, қандай жарияланған орындар мен бақылау объектілері не аталған аудандар инспекцияланады, өткізілген әрбір инспекцияның шығынын төлейтін Қатысушы мемлекет, сондай-ақ санның жалпы түріндегі жарияланған орын инспекциясындағы оның пассивтік үлесінің қалдығын және инспекциялайтын Қатысушы мемлекет есебінен өткізілетін инспекциялар түрінің санын хабарламада барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлайды.

IX бөлімге сәйкес өткізілетін инспекцияға қатысты, инспекция өткізілген аумақтан Қатысушы мемлекеттің инспекциялық тобы кеткеннен кейін 72 сағаттан кешіктірмей, қандай белгіленген ауданның инспекцияланғандығы туралы барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді.

VII бөлім. Жарияланған орындардың инспекциясы

1. Осы Хаттамаға сәйкес жарияланған орынның инспекциясынан бас тартуға жол берілмейді. Мұндай инспекциялар тек кездейсоқ жағдайларда немесе осы Хаттаманың II бөлімнің 7, 25 және 26-тармақтарына сәйкес тоқтатылуы мүмкін. Кездейсоқ жағдайда осы Хаттаманың VI бөлімі 1-тармағының ережесі қолданылады.

2. Осы бөлімнің 3-тармағында көзделгендерді қоспағанда, Ақпарат алмасу туралы хаттаманың V бөліміне сәйкес жарияланған орынмен байланысты кіру/шығу пункті арқылы инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекет аумағына инспекциялық топ келеді, онда ол осы бөлімнің 7-тармағына сәйкес инспекцияның бірінші орыны ретінде белгілеуді жоспарлайды.

3. Егер инспекциялайтын Қатысушы мемлекет кіру/шығу пункті ретінде құрылықтағы шекараны қиып өту пунктін немесе теңіз портын пайдалануды қаласа және инспекцияланатын Қатысушы мемлекет осы бөлімнің 7-тармағына сәйкес бірінші инспекция орыны ретінде белгілеуді қалайтын инспекциялайтын Қатысушы мемлекет жарияланған орынға байланысты, Ақпарат алмасу туралы Хаттаманың V бөліміне сәйкес кіру/шығу пункті ретінде құрылықтағы шекараны қиып өту пунктін немесе теңіз порты туралы бұрынырақ хабарламаса, инспекциялайтын Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың IV бөлімінің 2-тармағына сәйкес кіру/шығу пункті ретінде құрылықтағы шекараны қиып өту пунктін немесе теңіз портын қалайтыны берілген хабарламада көрсетеді. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет осы Хаттаманың IV бөлімінің 5-

тармағына сәйкес көзделген хабарламаны алғандығын растауда осы кіру/шығу пункті ыңғайлы ма әлде жоқ па, соны көрсетеді. Соңғы жағдайда инспекцияланатын Қатысушы мемлекет инспекциялайтын Қатысушы мемлекетті мүмкіндігінше өздері қалаған кіру/шығу пунктіне ең жақын орналасқан басқа кіру/шығу пункті туралы және Ақпарат алмасу туралы Хаттаманың V бөліміне сәйкес хабарланған ол әуежай, теңіз порты немесе құрылықтағы шекараның қиылысу пункті болуы мүмкін, солар арқылы инспекциялық топ және көлік құралдарының экипажы оның аумағына келетіні туралы х а б а р л а й д ы .

4. Егер инспекциялайтын Қатысушы мемлекет осы бөлімнің 3-тармағына сәйкес кіру/шығу пункті ретінде құрылықтағы шекаралардың қиылысу пунктін немесе теңіз портын пайдалануды қалайтындығы туралы хабарласа, ол сондай хабарламаға дейін жерүсті көлік құралдарын пайдалана отырып, осы бөлімнің 8-тармағына сәйкес көрсетілген уақыт ішінде, қай жерде сол Қатысушы мемлекет инспекция өткізуді қалайды, оның инспекциялық топ алғашқы жарияланған орынға келе алатынына с е н і м д і л і г і н а н ы қ т а й д ы .

5. Егер инспекциялық топ және көлік құралдарының экипажы жарияланған орынмен байланысты ретінде Ақпарат алмасу туралы Хаттаманың V бөліміне сәйкес хабарланған кіру/шығу пунктінен гөрі инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекеттің аумағына осы бөлімнің 3-тармағына сәйкес келген болса, оны ол бірінші инспекция орны ретінде белгілеуді қаласа, инспекциялайтын Қатысушы мемлекет мүмкіндігінше тез сол жарияланған орынға рұқсаттаманы жеңілдетеді, бірақ оған, егер ол қажет болса, осы бөлімнің 8-тармағында көрсетілген уақыт лимитін көтеруге мүмкіндік беріледі.

6. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің жарияланған орнын белгіленгеннен кейін инспекциялық топ сол жерге келуге даярлану үшін алты сағатқа дейін п а й д а л а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

7. Кіру/шығу пунктіне келгеннен кейін кемі бір сағатты және 16-дан аспайтын сағатты құрайтын, осы Хаттаманың IV-бөлімі 2-тармағының (Е) тармақшасына сәйкес хабарламада көрсетілген кіру/шығу пунктіне келгеннен кейінгі сағаттар саны арқылы инспекциялық топ инспекция өткізілетін орында бірінші жарияланған орынды б е л г і л е й д і .

8. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекет ең жылдам қолайлы қозғалыс құралымен алғашқы жарияланған орынға жүретін инспекциялық топтың, егер тек инспекциялық топ пен ілесіп жүретін топ өзгеше келіспесе немесе таулы не жетуі қиын орналасқан жерде болмаса, инспекция өткізілетін жерде, белгіленген орын кейін тоғыз сағаттан кешіктірмей мүмкіндігінше тез жетуін қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда инспекциялық топ сол инспекция орнын белгіленгеннен кейін 15 сағаттан кешіктірмей инспекция орнына жеткізіледі. Тоғыз сағаттан тыс жеткізілу уақыты сол инспекциялық топтың елдегі болу мерзіміне кірмейді.

9. Жарияланған орынға келуі бойынша дереу, ол осы Хаттаманың I бөлімі 1-

тармағының (М) тармақшасында айқындалғанындай инспекциялық топты, оларға жарияланған орынның схемасы берілетін брифинг (баспасөз) өткізілетін орынға ілесіп апарады. Жарияланған орынға келуі бойынша берілетін жарияланған орынның схемасы, жарияланған орынның анықтауында айтылатын элементтерге қосымша нақты нұсқамадан тұрады:

(А) инспекция жерінің шегінде қолайлы, солтүстікті нақты көрсетумен 10 секунд жақындыққа дейінгі дәлдікпен оның географиялық координатын келтіре отырып, жарияланған орын шекарасы ішіндегі қиылысу нүктесі;

(В) осы бөлімде аталған оның элементтерін дәл көрсету үшін жеткілікті түрде ірі болуға тиісті орын схемасының масштабы;

(С) жарияланған орынның дәл белгіленген аумағы мен оның шаршы шақырым алаңы;

(D) жарияланған орында тек әрбір бақылау объектісіне жататын сол аудандардың дәлме-дәл сызылған шекараларды, сондай-ақ әрбір сондай аудан жататын әрбір бақылау объектілеріндегі құралымдар мен бөлімдердің тиісті тіркелім нөмірлері және әрбір бақылау объектілеріне жататын жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік тікұшақтар, жауынгерлік ұшақтар, қайта топтастырылған оқу-жаттығу жауынгерлік ұшақтар, бронетранспортерлер тәріздестері, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәріздестері немесе танктік көпір салушылар тұрақты тіркелген сол жеке орналасқан ауданды қоса;

(Е) жарияланған орындағы негізгі ғимараттар мен жолдар;

(Е) жарияланған орынға кірулер;

(G) әкімшілік аймақтың, медициналық пункттер мен тамақтандыру пункттерінің орналасқан орны, сондай-ақ, егер бұл қолданыла қалса, инспекциялық топтың пайдалануы үшін тікұшақтар қону үшін орындар; және

(H) Инспекциялайтын Қатысушы мемлекет пайдалы деп санаған кез келген қосымша ақпараттар.

10. Жарияланған орынның схемасын алғаннан кейін 30 минут ішінде инспекциялық топ инспекция өткізілетін бақылау объектісін белгілейді. Бұдан кейін инспекциялық топпен кемі бір сағатқа созылатын және оған мынадай элементтер кіретін инспекция алдындағы брифинг өткізіледі:

(А) техникалық қауіпсіздік ережесі мен инспекция орнындағы әкімшілік рәсімдер;

(В) инспекция орнында инспекторларды тасымалдау мен байланыс тәртібі;

(С) инспекция орнындағы, соның ішінде жарияланған орынның жалпы аудандары шегіндегі, инспекция өткізілетін сол бақылау объектісіне жататын жеке орналасқан бағынысты элементтерге жататындығы қоса жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік тікұшақтар, жауынгерлік ұшақтар, қайта топтастырылған оқу-жаттығу жауынгерлік ұшақтар, бронетранспортерлер тәріздестер, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәріздестер мен танктік көпір

салушылардың қолда бар және орналасқан жері; және

(D) Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер жеке құрамының саны туралы келіссөздердің қорытынды актісі VI бөлімнің 2-тармағына сәйкес ақпараттар.

11. Инспекция алдындағы брифинг барысында инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің ұйғарымы бойынша инспекциялық топқа инспекцияға жататын бақылау объектісі ауданының жеке схемасын немесе жарияланған орын схемасының қосымша бөліктерін беру қарастырылуы мүмкін. Бұл схемада мынадай элементтер көрсетіледі:

(A) жарияланған орынға жататын барлық аумақ пен тек қана бақылау объектісіне жататын, инспекцияға жататын, оған жататын және инспекцияның осы орында тұрған жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллерия, жауынгерлік тікұшақтар, қайта топтастырылған оқу-жаттығу жауынгерлік ұшақтар, бронетранспортерлер тәріздестерді, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналары тәріздестер және танктік көпір салушылар орналасқан барлық жеке аумақты қоса сол аудандардың шекараларын анық көрсететін сұлбасы;

(B) нағыз сол түстік;

(C) осы бөлімде аталған элементтерді дәл көрсету үшін жеткілікті мөлшерде ірі болуы тиіс схеманың масштабы;

(D) барлық жолдар мен ірі ғимараттар, сондай-ақ:

(1) инспекция жерінде тұрған Шарттың қолданыс аясына жататын барлық кәдімгі қару-жарақ пен техника орналасқан жерді;

(2) есіктерінің көлденеңі 2 метрден асатын ғимараттарды; және

(3) инспекцияға жататын бақылау объектісінің жеке құрамы және жарияланған орынның жалпы ауданында тұрған барлық басқа да бөлімдер пайдаланатын казармалар мен тамақтану пункттерін ерекше көрсете отырып;

(E) тұрақты немесе уақытша кіруге болмайтындарды қоса инспекцияға жататын бақылау объектілеріне кіретін барлық кірулер; және

(F) инспекциялайтын Қатысушы мемлекет пайдалы деп санаған кез келген қосымша ақпарат.

12. Мынадай ережелерге сәйкес инспекция алдындағы брифинг инспекция орнында тұрған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерияның немесе жауынгерлік тікұшақтар сандары және Ақпарат алмасу туралы хаттамаға сәйкес ең соңғы хабарламада көрсетілген тиісті сандары арасындағы кез келген айырмашылықтарға түсініктерді енгізеді:

(A) егер инспекция орнында тұрған сондай кәдімгі қару-жарақ пен техника саны, сол ең соңғы хабарламада көрсетілген саннан кем болса, мұндай түсінікке сондай кәдімгі қару-жарақ пен техниканың уақытша орналасқан жері, кеткен күні мен күтілетін қайтып келетін күні енгізіледі; және

(B) егер инспекция орнында тұрған сондай кәдімгі қару-жарақ пен техниканың саны, сол ең соңғы хабарламада көрсетілген саннан артық болса, мұндай түсінікке бастапқы

пункті, бастапқы пункттен шығу уақыты, инспекция орнына келу және инспекция орнына сондай қосымша кәдімгі қару-жарақ пен техниканың алдын ала жоспарланатын уақыты туралы нақты ақпараттар енгізіледі.

13. Бұдан басқа инспекция алдындағы брифингке инспекция орнында тұрған бронетранспортер - санитарлық машиналардың жалпы саны туралы ақпарат енгізіледі.

14. Осы Хаттаманың VI бөлімі 44-тарауының (D) тармақшасындағы ережелер деп тәуелсіз, егер 12-тармақтың (A) тармақшасына сәйкес, жоғарыда бақылау объектісінде жоқ болғандығы туралы хабарланғандай кәдімгі қару-жарақ пен техниканың саны, Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканың 30 бірлігінен артығын, немесе кез келген жеке алынған санаттың 12 бірлігінен артығын құраса, онда инспекциялық топтың сол аталған бақылау объектісі инспекциясының шеңберінде инспекцияланатын Қатысушы мемлекет аумағы шегіндегі бір орынға баруға құқылы, мұнда инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің пайымдауы бойынша осы қару-жарақ пен техниканы инспекциялау үшін, егер бұл орын инспекция жерінен 60 шақырым шегінде болса бұл орын осындай жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерияның, жауынгерлік тікұшақтардың немесе жауынгерлік ұшақтардың уақытша орналасқан жері болып табылады. Жеткізілу уақыты осы инспекциялық топтың елде болу кезеңінде есепке алынбайды.

Әскери оқу-жаттығу немесе уақытша өрістету нәтижесінде аумақтық шекті деңгейден немесе аумақтық шекті төменгі деңгейден асса, осындай орын не Ақпарат алмасу туралы хаттаманың XVIII бөлімінің 3 немесе 4-тармағына сәйкес хабарламада көрсетілген ауданда, не осы Хаттаманың IX бөлімінің 12-тармағына сәйкес жарияланған белгіленген ауданда тұрса осы тармақтың ережесі қолданылмайды.

15. Инспекциялық топ инспекция өткізілетін бақылау объектісін белгілеген кезде, инспекциялық топ сол бақылау объектісі инспекциясының бір бөлігі ретінде, сол бақылау объектісіне жататын орын ретінде схемада бөліп алынған, сол бақылау объектісіне жататын, Шарттың қолданыс аясына кіретін, кәдімгі қару-жарақ пен техника тұрақты тұратын сол Қатысушы мемлекет аумағындағы жеке орналасқан аудандарды қоса, барлық аумақты инспекциялауға құқылы.

16. Жарияланған орындағы бір бақылау объектісінің инспекциясы, инспекция үшін инспекциялық белгілемеген, тек қана басқа бақылау объектісіне жататын орын ретінде схемада бөліп алынған аудандардан басқа, жарияланған орынның барлық аумағы шегінде инспекциялық топтың рұқсат етілуін, кіруін және еш кедергісіз инспекциялау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осындай инспекция уақытында осы Хаттаманың VI бөлімінің ережелері қолданылады.

17. Егер ілесіп жүретін топ хабарланғанындай жарияланған орынның бір бақылау объектісінің қолда бары ретінде тек ғана басқа бақылау объектісіне жататын орын ретінде схемада бөлініп алынған ауданда тұрған жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар, артиллериялар, жауынгерлік тікұшақтар, жауынгерлік ұшақтар,

сұрау салу ретінде ол хабардар етуге ниет білдірген кез келген ғимараттарды немесе объектіні көрсетуге құқылы.

3. Талап бойынша инспекцияға сұрау салған аумақтың Қатысушы мемлекеті көрсетілген аудан белгіленгеннен кейін дереу сол көрсетілген аудан туралы, оның сыртқы шекарасын көрсете отырып, географиялық суреттеуін қоса, инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің келісімі бойынша пайдаланылатын құрылыстарды немесе объектілерді басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлайды.

4. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет көрсетілген аудан шегінде талап бойынша инспекция өткізуден бас тартуға құқылы.

5. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет көрсетілген аудан белгіленгеннен кейін екі сағат ішінде инспекцияға сұрау салу қанағаттандырыламаса, сол туралы хабарлайды.

6. Егер көрсетілген ауданға рұқсат етілсе:

(А) инспекцияланатын Қатысушы мемлекет көрсетілген ауданға инспекциялық топтың келуіне дайындалу үшін инспекцияға келісім бергеннен кейін алты сағатқа дейін пайдалануға құқылы;

(В) инспекцияланатын Қатысушы мемлекет инспекциялық топтың ең жылдам қолайлы қозғалыс құралымен бірінші көрсетілген ауданға жүруін, инспекция өткізілетін жердің орны белгіленгеннен кейін мүмкіндігінше тез, бірақ сондай инспекцияға келісім берілген уақыттың тоғыз сағатынан кешіктірмей келуін, егер тек инспекциялық топ пен ілесіп жүретін топ өзгеше келіспесе немесе егер тек инспекция орыны таулы немесе жетуі қиын жерде тұрмаса қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда ондай инспекцияға келісім берілгеннен кейін, инспекциялық топ инспекция орнына 15 сағаттан кешіктірмей жеткізіледі. Жеткізу уақыты тоғыз сағаттан тыс сол инспекциялық топтың елде болу кезеңі есебіне кірмейді; және

(С) осы Хаттаманың VI бөлім ережесі қолданылады. Сондай көрсетілген аудан шегінде ілесіп жүретін топ сол көрсетілген ауданның жекелеген бөлімдеріне немесе оларды айналып ұшуға рұқсат етуді кідірте алады. Егер кідірту 24 сағаттан асса, инспекциялық топ инспекцияны тоқтатуға құқылы. Кідірту кезеңі елде болу кезеңі немесе көрсетілген аудан шегіне рұқсат етілген уақыт есебіне кірмейді.

7. Егер инспекциялық топ инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің келісімі бойынша басқа Қатысушы мемлекет пайдаланатын ғимаратқа немесе объектіге рұқсат сұраса инспекцияланатын Қатысушы мемлекет сондай сұрау салу туралы сол Қатысушы мемлекетке дереу хабарлайды. Ілесіп жүретін топ инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің келісімі бойынша басқа Қатысушы мемлекет оның пайдалану жөніндегі келісімге сәйкестігі көлемінде инспекцияланатын Қатысушы мемлекетпен бірлесе отырып, сол ғимаратты немесе объектіні пайдаланушы Қатысушы мемлекеттің техникаларына немесе объектілеріне қатысты инспекцияға байланысты осы Хаттамада көзделген құқық пен міндеттемелерді жүзеге асыратындығы туралы инспекциялық

8. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің тілегі бойынша инспекциялық топтың көрсетілген ауданға келуі бойынша брифинг өткізілуі мүмкін. Брифингтің ұзақтығы бір сағаттан аспауы керек. Осы брифингте, сондай-ақ техникалық қауіпсіздік ережесі мен әкімшілік рәсімдері де көрініс табуы мүмкін.

9. Егер көрсетілген ауданға кіруге рұқсат етілмесе:

(А) инспекцияланатын Қатысушы мемлекет немесе инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асырушы Қатысушы мемлекет көрсетілген ауданда Шартпен шектелетін, кәдімгі қару-жарақ пен техниканың жоқтығына орынды кепілдік береді. Егер мұндай қару-жарақ пен техника бар болса және бейбіт уақытта ішкі қауіпсіздік қызметін жүзеге асыру үшін құрылған және құрылымдық ұйымдастырылған ұйымдарға тіркелсе, инспекцияланатын Қатысушы мемлекет немесе инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асырушы Қатысушы мемлекет, егер тек оған кездейсоқ жағдай кедергі болмаса, олардың тұрғандығына көз жеткізу үшін сырттай шолу жасауға рұқсат етеді; мұндай жағдайда, сырттай шолу жасауға мүмкіндігінше тез рұқсат етіледі; және

(В) инспекция үлеске есепке алынбайды және көрсетілген ауданды белгілеу мен одан кейінгі бас тарту аралығындағы уақыт та елде болған кезеңнің есебіне кірмейді. Инспекциялық топ инспекция үшін басқа көрсетілген ауданды немесе жарияланған орынды белгілеуге не инспекция аяқталды деп жариялауға құқылы.

IX бөлім. Белгіленген аудан шегіндегі инспекция

1. Белгіленген аудандағы инспекция әскери оқу-жаттығу немесе уақытша өрістету нәтижесінде аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтың шекті кіші деңгейді арттыру туралы хабарламаға жауап ретінде өткізіледі. Сонымен, осы Хаттаманың VI бөлімі 27, 28 және 29-тармақтарының ережесінен тәуелсіз, осы инспекцияның жауынгерлік танктері, жауынгерлік броньды машиналары мен артиллериясы болып табылады; бірақ, сондай-ақ жауынгерлік ұшақтар мен соққы беруші тікұшақтарды қадағалауға рұқсат е т і л е д і .

2. Белгіленген аудан шегінде инспекция өткізуден бас тартуға жол берілмейді. Осындай инспекция, оның осы Хаттаманың VII немесе VIII бөлімдеріне сәйкес сол ауданда өткізілетіні және белгіленген аудан шегіндегі инспекция аяқталғаннан кейін жүзеге асырылатыны туралы бұдан кейін хабарланған кез келген инспекцияға қатысты басымдыққа ие болады. Кездейсоқ жағдайларда осы Хаттаманың VI бөлімі 1-тармағының ережелері қолданылады.

3. Егер әскери оқу-жаттығулар нәтижесінде:

(А) Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті кіші деңгейі 21 күннен артық мерзім ішінде уақытша арттырылады, бұл Қатысушы мемлекет белгіленген аудан шегінде бір инспекцияны қабылдайды. Инспекция аумақтық шекті деңгейдің немесе аумақтық шекті кіші деңгейдің арттырылғаны туралы

хабарламада көрсетілген күннен кейін 7 күннен ерте емес және Ақпарат алмасу туралы хаттаманың XVIII бөлімінің 5-тармағына сәйкес берілген хабарламадан кейін 7 күннен кешіктірмей өткізілуі мүмкін; және

(В) Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін уақытша арттыру 42 күннен артық жалғасады, бұл оқу-жаттығулар уақытша өрістету ретінде қаралады және аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті кіші деңгейді арттыру туралы хабарламада көрсетілген күннен кейін 60 күннен кешіктірмей қосымша инспекциялауға жатады. Кез келген одан кейінгі инспекция аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті кіші деңгейді арттырылғаннан кейін 150 күннен ерте емес және одан кейін әр 90 күн сайын орын алады.

4. Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті деңгейін немесе аумақтық шекті кіші деңгейін уақытша арттыру кезінде жауынгерлік танктерді, жауынгерлік броньды машиналарды немесе артиллерияны 153 жауынгерлік танктен, 241 жауынгерлік броньды машинадан немесе 140 артиллерия бірлігінен артық емес мөлшерде уақытша өрістету нәтижесінде:

(А) бұл Қатысушы мемлекет белгіленген аудан шегінде аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті кіші деңгейді арттырылғанның 30-шы күнінен ерте емес мерзімде бір инспекцияны қабылдайды;

(В) егер аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті кіші деңгейді арттыру жалғасатын болса, бұл Қатысушы мемлекет белгіленген аудан шегіндегі аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті кіші деңгейді арттырылғанның 90-шы күнінен ерте емес мерзімде екінші инспекцияны қабылдайды; және

(С) егер аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті кіші деңгейді арттыру жалғасатын болса, бұл Қатысушы мемлекет белгіленген аудан шегіндегі аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті кіші деңгейді арттырылғаннан 180-ші күнінен ерте емес мерзімде үшінші инспекцияны және одан кейін белгіленген аудан шегінде әр 90 күн сайын бір қосымша инспекцияны қабылдайды.

5. Қатысушы мемлекеттің аумақтық шекті деңгейін уақытша арттыру кезінде жауынгерлік танктерді, жауынгерлік броньды машиналарды немесе артиллерияны 153 жауынгерлік танктен, 241 жауынгерлік броньды машинадан немесе 140 артиллерия бірлігінен артық мөлшерде уақытша өрістету нәтижесінде:

(А) бұл Қатысушы мемлекет белгіленген аудан шегінде аумақтық шекті деңгей арттырылғаннан 27-ші күнінен ерте емес мерзімде бір инспекцияны қабылдайды;

(В) егер аумақтық шекті деңгейді арттыру жалғасатын болса, бұл Қатысушы мемлекет белгіленген аудан шегінде аумақтық шекті деңгей арттырылғаннан 75-ші күнінен ерте емес мерзімде екінші инспекцияны қабылдайды; және

(С) егер аумақтық шекті деңгейді арттыру жалғасатын болса, бұл Қатысушы мемлекет белгіленген аудан шегінде аумақтық шекті деңгейі арттырылған 90-шы күнінен ерте емес мерзімде үшінші инспекцияны және одан кейін белгіленген аудан

шегінде әр 90 күн сайын бір қосымша инспекцияны қабылдайды.

6. Егер аумақтық шекті деңгейі 4-тармақтың ережелерінен тәуелсіз, 153 жауынгерлік танктен, 241 жауынгерлік броньды машинадан немесе 140 артиллерия бірлігінен артық емес құрайтын мөлшерде арттырылатын болса, онда бұл қару-жарақ пен техника егер ол қару-жарақ пен техника Ақпарат алмасу туралы хаттаманың VII бөлімі 1-тармағының (А) тармақшасына сәйкес ақпарат алмасу кезінде және одан кейінгі әр жыл сайынғы ақпарат алмасу кезінде олардың басқа Қатысушы мемлекеттің аумағында уақытша орналасқан нақты орыны тиісінше хабарланған болса, осы бөлімге сәйкес инспекциялық міндеттемелер құрамайды.

7. Әрбір Қатысушы мемлекет аумақтық шекті деңгейі немесе аумақтық шекті кіші деңгейі уақытша арттырылатын Қатысушы мемлекеттен және аумағында сол Қатысушы мемлекеттің Шарттың қолданылу аясына кіретін кәдімгі қару-жарағы мен техникасы бар Қатысушы мемлекеттерден басқа белгіленген аудан шегінде инспекцияға қатысуға құқылы. Жалпы ереже ретінде инспекциялық топ көпұлтты болып табылады. Инспекциялық топқа қатысатын Қатысушы мемлекеттердің бірі осы Хаттамаға сәйкес инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің міндеттемелерін өзіне қ а б ы л д а й д ы .

8. Белгіленген аудан шегіндегі инспекцияға қатысуға ниет білдірген Қатысушы мемлекет оны жоспарлауда ынтымақтасады.

9. Инспекция жағдайында осы бөлімнің 3-тармағының (А) тармақшасына сәйкес мынадай рәсімдер қолданылады:

(А) инспекцияға қатысуға мүдделі әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді аумақтық шекті деңгей немесе аумақтық шекті кіші деңгей арттырылған күнінен кейін бір күннен кешіктірмей Ақпарат алмасу туралы хаттаманың XVIII бөлімі 3-тармағының (А) немесе (С) тармақшаларына сәйкес ол туралы хабарлама ұсынылғанын хабарлайды. Егер Қатысушы мемлекет инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің міндеттемелерін өзіне қабылдауға мүдделі болса, ол оның хабарламасында көрсетілуі тиіс. Бұл хабарламаның көшірмесі Бірлескен консультативтік топтағы барлық делегацияларға және Бірлескен консультативтік топтың Төрағасына бір уақытта ұсынылады.

(В) бұдан кейін өздерінің инспекцияға қатысуға мүдделілігі туралы хабарлаған Қатысушы мемлекеттер егер олар өзге шешім қабылдамаған болса, мыналарды анықтау үшін бір күн мерзім ішінде Бірлескен консультативтік топ шеңберінде консультациялар ө т к і з е д і :

(1) инспекциялайтын Қатысушы мемлекетті;

(2) осы Хаттаманың VI бөлімі 5-тармағының ережелерін назарға ала отырып, инспекциялық топтың құрамын, және

(3) олар инспекция өткізудің мақсатты деп санайтын кез келген басқа да шарттарын.

10. Инспекция жағдайында осы бөлімнің 4 немесе 5-тармақтарына сәйкес мынадай
р ә с і м д е р қ о л д а н ы л а д ы :

(А) осы бөлімнің 4-тармағының (А) тармақшасына немесе 5-тармағының (А) тармақшасына сәйкес инспекцияға қатысуға мүдделі әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді Ақпарат алмасу туралы хаттаманың XVIII бөлімі 4-тармағының (А) тармақшасына сәйкес ол туралы хабарламада берілген аумақтық шекті деңгей немесе аумақтық шекті кіші деңгей арттырылған күнінен кейін 9 күннен кешіктірмей хабарландырады. Егер Қатысушы мемлекет инспекциялаушы Қатысушы мемлекеттің міндеттемелерін өзіне қабылдауға мүдделі болса, ол оның хабарламасында көрсетілуі тиіс. Бұл жазбаша хабарламаның көшірмесі Бірлескен консультативтік топтағы барлық делегацияларға және Бірлескен консультативтік топтың Төрағасына б і р у а қ ы т т а ұ с ы н ы л а д ы .

(В) осы бөлімнің 4-тармағының (В) немесе (С) тармақшаларына немесе 4-тармағының (В) немесе (С) тармақшаларына, не 3-тармағының (В) тармақшасына сәйкес одан кейінгі инспекция жағдайында ондай инспекцияға қатысуға мүдделі әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді мұндай одан кейінгі инспекцияны қабылдау міндеттемесі қолданысқа енетін күнінен тоғыз күннен к е ш і к т і р м е й х а б а р д а р е т е д і .

(С) бұдан кейін өздерінің инспекцияға қатысуға мүдделілігі туралы (А) немесе (В) тармақтарына сәйкес хабарлаған Қатысушы мемлекеттер, егер олар өзге шешім қабылдаса, мыналарды анықтау үшін бір күн мерзім ішінде Бірлескен консультативтік топ шеңберінде консультациялар өткізеді:

(1) инспекциялайтын Қатысушы мемлекетті;

(2) осы Хаттаманың VI бөлімі 5-тармағының ережелерін назарға ала отырып, инспекциялық топтың құрамын; және

(3) олар мақсатқа сәйкес деп санайтын кез келген басқа да инспекция өткізудің ш а р т т а р ы н .

11. Осы бөлімге сәйкес инспекция өткізетін инспекциялық топ белгіленген аудан шегінде 72 күннен асырмай өткізеді.

12. Осы Хаттаманың IV бөлімі 3-тармағының (Е) тармақшасына сәйкес хабарламада көрсетілген кіру/шығу пунктіне келгеннен кейін кіру/шығу пунктіне келгеннен кейін бір сағаттан аз емес және 16 сағаттан артық емес болып табылатын сағаттар саны арқылы инспекциялық топ өзі инспекциялауға тілек білдіретін белгіленген ауданын белгілейді. Белгіленген аудан белгіленгенде инспекциялық топ ілесіп жүретін топқа инспекцияға сұрау салудың бөлігі ретінде сол ауданның шекаралары көрсетілген географиялық суреттеме береді. Инспекциялық топ осындай сұрау салудың бөлігі ретінде ол инспекциялауға тілек білдірген кез келген құрылысты немесе объектіні к ө р с е т у г е қ ұ қ ы л ы .

13. Аумағында белгіленген аудан шегінде инспекцияға сұрау салынған Қатысушы

мемлекет белгіленген ауданды белгіленгеннен кейін дереу күші бар немесе құрылыстарды немесе объектілерді инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің келісімі бойынша қолданатын барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге ол белгіленген аудан туралы сыртқы шекараларын көрсете отырып оның географиялық суреттемесін қоса х а б а р л а й д ы .

(А) Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет инспекцияға дайындалу үшін белгіленген аудан белгіленгеннен кейін алты сағатқа дейін пайдалануға құқылы;

(В) инспекцияланатын Қатысушы мемлекет инспекция өткізілетін жер белгіленгеннен кейін инспекциялық топтың белгіленген ауданға ең шапшаң қол жететін қозғалыс құралымен аттануын және мүмкіндігінше тез, бірақ егер инспекциялық топ пен ілесіп жүретін топ өзге келіспесе немесе егер инспекция жері таулы немесе жетуі қиын жерде болмаса ғана тоғыз сағаттан кешікпей жетуін қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайларда инспекциялық топ инспекция жеріне инспекция өткізілетін жер белгіленгеннен кейін 15 сағаттан кешіктірмей жеткізіледі.

14. Белгіленген ауданға келгеннен кейін инспекциялық топ брифинг өтетін жерге апарылады және оған белгіленген ауданның картасы (1:210 000 масштабынан ұсақ емес) мен географиялық сипатын Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техника өрістетілген және осы инспекцияның негізі болып табылатын жарияланған орындардың, аудандардың орналасуын қоса, сондай-ақ олардың болжамды санын, тікұшақтар қону үшін орындарды және инспекторлар үшін брифинг өткізу орнын және әкімшіліктік аймақтарын береді.

15. Брифинг өткізілетін жерге келгеннен кейін 30 минуттан кешіктірмей белгіленген ауданда инспекциялық топ бір сағаттан аспайтын және мынадай элементтерді қамтитын инспекция алдындағы брифинг өткізеді:

(А) инспекция орнындағы техника қауіпсіздігінің ережесі мен әкімшіліктік рәсімдер ;

(В) инспекция орнындағы тасымалдау тәртібі, тікұшақтар қону үшін орындар мен инспекторлардың байланыс тәртібі;

(С) төменде көрсетілгеніндей инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің аумағында немесе шекті кіші деңгейлі аумақта нақты тұрған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың және артиллерия бірліктерінің Қатысушы мемлекеттерге бөлінген жалпы саны туралы қолда бар ең соңғы ақпарат:

(1) жыл сайын ақпарат алмасу кезінде инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің аумағында немесе оның шекті кіші деңгейлі аумағында орналасқан жерлерде және ол жерлерде нақтылы бар деп жарияланған;

(2) жыл сайын ақпарат алмасу кезінде инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің аумағында немесе оның шекті кіші деңгейлі аумағында орналасқан жерлерде, бірақ ол жерде нақтылы бар және тиісті аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шекті кіші деңгейді арттырмайды деп жарияланбағандар;

(3) жыл сайын ақпарат алмасу кезінде инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің аумағында немесе оның шекті кіші деңгейлі аумағында орналасқан жерлерде, бірақ ол жерде нақтылы бар және тиістілігінен артық аумақтық шекті деңгейді немесе аумақтық шектеулі кіші деңгейді арттырмайды деп жарияланбағандар.

Инспекция алдындағы брифингте аумақтық шекті деңгейден немесе аумақтық шекті кіші деңгейден нақтылы артық және Ақпарат алмасу туралы хаттаманың XVIII бөлімінің 3 немесе 4-тармағында көрсетілген тиісті санынан артық жауынгерлік танктер, жауынгерлік броньды машиналар және артиллерия бірліктері саны арасындағы кез келген айырмашылықты түсіндіруді қамтиды.

(D) төменде көрсетілгеніндей белгіленген ауданда нақтылы тұрған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың және артиллерия бірліктерінің Қатысушы мемлекеттерге бөлінген жалпы саны туралы қолда бар ең соңғы ақпаратты:

(1) жыл сайын ақпарат алмасу кезінде белгіленген аудан шегінде орналасқан жерде тұрғаны және белгіленген ауданда нақтылы тұрғаны жарияланғандар;

(2) жыл сайын ақпарат алмасу кезінде Қатысушы мемлекеттің аумағында орналасқан жерде белгіленген аудан шегінен тыс тұрғаны, алайда белгіленген ауданда нақтылы тұрғаны туралы жарияланғандар;

(3) жыл сайын ақпарат алмасу кезінде инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің аумағында орналасқан жерде, бірақ белгіленген ауданда нақтылы тұрғаны жарияланбағандар.

(E) әрбір жарияланған орында белгіленген аудан шегіндегі кез келген жаңартылған хабарлама ескеріле отырып, 1 қаңтардағы жағдай бойынша хабарланған туралы сол жерде нақтылы тұрған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың және артиллерия бірліктерінің қолда бар саны туралы қолда бар ең соңғы ақпараттарды ; ж ә н е

(F) инспекциялық топтың инспекция жүргізуін жеңілдете алатын қосымша а қ п а р а т т ы .

16. Инспекция алдындағы брифингтен кейін инспекциялық топ инспекция өткізу жоспарын жариялайды. Бұл инспекциялық топтың инспекция барысында бастапқы жарияланған жоспарын өзгерту құқығына нұқсан келтірмейді.

17. Инспекция өткізуді жеңілдету мақсатында инспекция уақытында инспекциялық топқа брифингтерді, схемалар мен карталарды қоса қосымша ақпараттар берілуі м ү м к і н .

18. Егер инспекциялық топ жарияланған орынды инспекциялауға ниет білдірсе, ілесіп жүретін топ инспекциялық топтың өтініші бойынша сол жарияланған орын туралы брифинг өткізуді қамтамасыз етеді.

19. Ілесіп жүретін топ белгіленген аудан шегінде сол белгіленген ауданның жекелеген бөлімдерінде болу мен олардың үстінен айнала ұшуды тоқтата алады. Егер тоқтату төрт сағаттан асатын болса, төрт сағаттан артық тоқтату кезеңі белгіленген

аудан шегінде рұқсат етілген максимальды уақытқа есептелмейді.

20. Егер инспекциялық топ инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің келісімімен басқа Қатысушы мемлекет пайдаланатын құрылыста немесе объектілерде болуға сұрау салса, инспекцияланатын Қатысушы мемлекет ондай сұраныс туралы ол Қатысушы мемлекетті кешіктірмей хабардар етеді. Ілесіп жүретін топ инспекциялық топты басқа Қатысушы мемлекеттің инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің келісімімен инспекцияланатын Қатысушы мемлекетпен пайдалану туралы келісімге сәйкес дәрежедегі ынтымақтастықта хабардар етеді, осы Хаттамада белгіленген сол құрылысты немесе объектілерді пайдаланатын Қатысушы мемлекеттің техникасына немесе объектілеріне қатысты құқықтар мен міндеттемелерді жүзеге асырады.

Х бөлім. Сертификаттау инспекциясы

1. Әрбір Қатысушы мемлекет осы бөлімнің, Тікұшақтарды қайта жіктеп топтастыру туралы хаттаманың және Ұшақтарды қайта жіктеп топтастыру туралы хаттаманың ережелеріне сәйкес бас тартуға құқығынсыз қайта жіктеп топтастырылған көп мақсатты соққы беруші тікұшақтар мен қайта жіктеп топтастырылған оқу-жауынгерлік ұшақтарды сертификаттау инспекциясын өткізуге құқылы. Осындай инспекциялар осы Хаттаманың II бөлімінде белгіленген үлестерге саналмайды. Осындай инспекцияларды өткізетін инспекциялық топтар әртүрлі Қатысушы мемлекеттердің өкілдерінен құралуы мүмкін. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет әр сертификаттау орнында бір инспекциялық топтан артық қабылдауға міндетті емес.

2. Сертификаттау инспекциясын өткізу кезінде осы бөлімге сәйкес инспекциялық топ егер өзге туралы келіспесе, сертификаттау орнында екі күнге дейін болуға құқылы.

3. Қайта жіктеп топтастырылған көп мақсатты соққы беруші тікұшақтарды немесе қайта жіктеп топтастырылған оқу-жауынгерлік ұшақтарды сертификаттау басталғанға дейін кемі 15 күн бұрын сертификаттауды өткізуші Қатысушы мемлекет барлық басқа да Қатысушы мемлекеттерге мыналар туралы хабарлама береді:

(А) географиялық координаттарын қоса сертификаттау өткізілетін орын;

(В) сертификаттау процесінің жоспарланған күні;

(С) сертификатталатын тікұшақтардың немесе ұшақтардың болжанған саны мен түрі, моделі немесе нұсқасы;

(D) әрбір тікұшақ немесе ұшақ үшін зауыттық сериялы нөмірі;

(Е) тікұшақтар немесе ұшақтар бұрын тіркелген бөлімдер немесе орналасқан жерлер;

(F) болашақта сертификатталған тікұшақтар немесе ұшақтар тіркелетін бөлімдер немесе орналастырылатын жерлер;

(G) инспекциялық топ пайдаланатын кіру/шығу пункттері; және

(P) инспекциялық топ сертификаттау инспекциясын өткізу мақсатында кіру/шығу пунктіне келетін күні мен уақыты.

4. Инспекторлар сертификаттауды өткізетін Қатысушы мемлекет тарапынан бас

тартуға құқығынсыз, тікұшақтардың немесе ұшақтардың кабиналарына кіруге және зауыттық сериялы нөмірін тексерумен қоса ішкі бөлігін көзбен шолып байқауға құқылы.

5. Инспекциялық топ сұрау салған жағдайда ілесіп жүретін топ тікұшақтарды қайта жіктеп топтастыру туралы хаттаманың және Ұшақтарды қайта жіктеп топтастыру туралы хаттаманың ережелеріне сәйкес бас тарту құқығынсыз, компоненттер мен сымдар қайта монтаждalған жерлерді жауып тұратын алдын ала сақтандыру қалқандарын алады.

6. Инспекторлар сертификаттауды өткізетін Қатысушы мемлекет тарапынан бас тарту құқығымен сертификатталатын немесе қайта жіктеп топтастырылған деп жарияланатын көп мақсатты соққы беруші тікұшақ қаруы жүйесінің кез келген компонентін іске қосуға сұрау салуға және бақылауға құқылы.

7. Әрбір сертификаттау инспекциясы аяқталар кезде инспекциялық топ осы Хаттаманың XIV бөлімінің ережелеріне сәйкес есеп беруді жасайды.

8. Сертификаттау орнында инспекция аяқталған соң инспекциялық топ инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің аумағынан кетуге немесе егер инспекциялық топ осы Хаттаманың IV бөлімінің 3-тармағына сәйкес тиісті хабарлама берген болса, басқа бір сертификаттау орнында немесе қысқарту орнында кезекті инспекция өткізуге құқылы. Инспекциялық топ белгіленген шығу уақытынан кемі 24 сағат бұрын ілесіп жүретін топқа өзінің сертификаттау орнынан шығатынын және егер орынды болса, басқа сертификаттау орнына немесе қысқарту орнына баратынын хабарлайды.

9. Сертификаттау аяқталғаннан кейін жеті күн ішінде сертификаттауға жауапты Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге сертификаттаудың аяқталғаны туралы хабарлайды. Осындай хабарламада сертификатталған тікұшақтардың немесе ұшақтардың саны, түрлері, модельдері немесе нұсқалары және зауыттық сериялы нөмірлері, сертификаттаудың осы орнын, сертификаттаудың нақтылы күндері және қайта жіктеп топтастырылған тікұшақтар немесе қайта жіктеп топтастырылған ұшақтар тіркелетін бөлімдер немесе орналастырылатын жерлер көрсетіледі.

XI бөлім. Қысқартулар инспекциясы

1. Әрбір Қатысушы мемлекет осы бөлімнің ережелеріне сәйкес жерлерде инспекцияланатын Қатысушы мемлекет тарапынан бас тарту құқығынсыз, Қысқартулар туралы хаттаманың I-VIII және X-XII бөлімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын қысқарту процесіне инспекция жүргізуді өткізуге құқылы. Мұндай инспекция осы Хаттаманың II бөлімінде белгіленген үлеске саналмайды. Мұндай инспекцияларды өткізетін инспекциялық топтар әртүрлі Қатысушы мемлекеттердің өкілдерінен құралуы мүмкін. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет әрбір қысқарту орнында қатар бір инспекциялық топтан артық қабылдауға міндетті емес.

2. Инспекцияланатын Қатысушы мемлекет қысқарту процесін Шарттың VIII бабында және Қысқартулар туралы хаттамада мазмұндалған ережелерді сақтай отырып қана ұйымдастыруға және жүзеге асыруға құқылы. Қысқарту процесін инспекциялау қысқартылатын орындағы ағымдағы қызметке араласу, қысқарту процесін жүзеге асыруға қажеттілігінсіз кедергілер жасау, оны тоқтату немесе күрделендіру болмайтындай етіп өткізіледі.

3. Егер Ақпарат алмасу туралы хаттаманың III бөліміне сәйкес хабарламада көрсетілген қысқарту орынын біреуден артық Қатысушы мемлекеттер пайдаланатын болса, қысқарту процесін инспекциялау қысқарту орынын пайдаланатын әрбір Қатысушы мемлекет ұсынған осындай пайдалану кестелеріне сәйкес өткізіледі.

4. Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканы қысқартуға ниет білдірген әрбір Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді күнтізбелік есепті мерзім ішінде әрбір қысқарту орынында қандай кәдімгі қару-жарақ пен техника қысқартылатыны туралы хабардар етеді. Мұндай әрбір күнтізбелік есепті мерзімнің ұзақтығы 90 күннен артық емес және 30 күннен кем емес болады. Бұл ереже қысқарту процесі үздіксіз немесе дискретті негізде жүзеге асырылатындығына қарамастан қысқартудың орнында қолданылады.

5. Күнтізбелік есепті мерзімде қысқарту басталғанға дейін кемі 15 күн бұрын қысқарту рәсімдерін жүзеге асыруға ниет білдірген Қатысушы мемлекет барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді күнтізбелік есепті мерзім туралы хабардар етеді. Мұндай хабарламада қысқарту орынын географиялық координаттарымен қоса белгілеу, күнтізбелік есепті мерзім ішінде қысқарту үшін белгіленген кәдімгі қару-жарақ пен техниканы қысқартуды бастау жоспарланған күн мен қысқартуды аяқтау жоспарланған күн қамтылады. Одан басқа хабарламада мыналар көрсетіледі:

(А) қысқартылатын кәдімгі қару-жарақ пен техниканың болжамды саны мен түрлері ;

(В) қысқартылатын бірліктер шығарылған бақылау объектісі немесе объектілері;

(С) қысқартылатын кәдімгі қару-жарақ пен техниканың әр түрі үшін Қысқартулар туралы хаттаманың III-VIII бөлімдеріне және X-XII бөлімдеріне сәйкес қолданылатын қысқарту процедуралары ;

(D) осы күнтізбелік есепті кезеңге арналып хабарланғаны туралы қысқартуларды өткізетін инспекциялық топ пайдаланатын кіру/шығу пункті; және

(Е) инспекциялық топ кәдімгі қару-жарақ пен техниканы инспекциялауды қысқарту басталғанға дейін өткізу мақсатында кіру/шығу пунктіне келуі тиіс күні мен уақыты.

6. Осы бөлімнің 11-тармағында көрсетілгенді қоспағанда инспекциялық топ қысқарту орнына күнтізбелік есепті кезең ішінде хабарламада көрсетілген күнтізбелік есепті кезең аяқталғаннан кейінгі үш күнді қоса кез келген уақытта келуге немесе кетуге құқылы. Одан басқа, инспекциялық топ ол кезеңдердің алшақтығы үш күннен аспайтын жағдай кезінде бір немесе одан көп күнтізбелік есепті кезеңде қысқарту

орнында қалуға құқылы. Инспекциялық топ қысқарту орнында қалатын кезеңі ішінде Қысқартулар туралы хаттамаға сәйкес жүзеге асырылатын қысқартулардың барлық рәсімдерін бақылауға құқылы.

7. Осы бөлімде мазмұндалған ережелерге сәйкес инспекциялық топ қысқартылатын кәдімгі қару-жарақ пен техниканың зауыттық сериялы нөмірлерін кедергісіз тіркеуге немесе ондай техникаларды қысқарту аяқталғанға дейін арнайы маркалауға және одан кейін ондай нөмірлер мен маркаларды қысқарту процесі аяқталғаннан кейін тіркеуге құқылы. Қысқартулар туралы хаттаманың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген қысқартылған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың бөлшектері мен элементтері немесе әскери емес мақсаттарға қайта жабдықталған машиналар қайта жабдықталған жағдайда, егер ол қысқартылған элементтердің инспекциясы ерте аяқталмаған болса, хабарламада көрсетілген күнтізбелік есепті кезең аяқталғаннан кейін үш күннен кешіктірмей инспекциялауға ұсынылады.

8. Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканы қысқарту процесіне қатысатын Қатысушы мемлекет әрбір қысқарту орнында қысқартудан өтетін әрбір бірліктің зауыттық сериялы нөмірлері, сондай-ақ қысқарту рәсімінің басталған және аяқталған күні тіркелетін жұмыс тізілімін жасайды. Бұл тізілімде, сондай-ақ әрбір күнтізбелік есепті кезең бойынша жиынтық деректер қамтылады. Тізілім инспекция өткізілетін кезеңде инспекциялық топтың иелігіне беріледі.

9. Әрбір қысқарту процесін инспекциялау аяқталғаннан кейін инспекциялық топ инспекциялық топтың жетекшісі мен инспекцияланатын Қатысушы мемлекеттің өкілі қол қоятын стандартталған есеп беруді жасайды. Осы Хаттаманың XIV бөлімінің ережелері қолданылады.

10. Қысқарту орнындағы инспекция аяқталғаннан кейін инспекциялық топ инспекциялаушы Қатысушы мемлекеттің аумағынан шығуға немесе егер осы Хаттаманың IV бөлімінің 4-тармағына сәйкес тиісті хабарлама берілген болса, басқа қысқарту орнында немесе сертификаттау орнында кезекті инспекция өткізуге құқылы. Инспекциялық топ ілесіп жүретін топқа өзінің инспекцияланатын қысқарту орнынан шығатын ниетін және егер орынды болса, өзінің басқа қысқарту орнына немесе сертификаттау орнына баратын ниеті туралы белгіленген шығу уақытына дейін 24 сағат бұрын хабарлайды.

11. Әрбір Қатысушы мемлекет Қысқартулар туралы хаттаманың VIII бөліміне сәйкес кәдімгі қару-жарақ пен техниканы әскери емес мақсаттар үшін машиналарға қайта жабдықтаудың аяқталғанын куәландыру үшін жыл сайын 10 инспекцияға дейін қабылдауға міндетті. Ондай инспекциялар мыналарды қоспағанда осы бөлімінің ережелеріне сәйкес өткізіледі:

(А) осы бөлімнің 5-тармағының (Е) тармақшасына сәйкес хабарламада инспекциялық топ қару-жарақ пен техниканы, оларды әскери емес мақсаттар үшін - қайта жабдықтау аяқталғаннан кейін инспекциялауды жүргізу үшін кіру/шығу пунктіне

келуі тиісті күні мен уақыты қана көрсетіледі; және

(В) инспекциялық топ қысқарту орнынан хабарламада көрсетілген қайта жабдықтаудың аяқталатын күнінен кейін үш күн ішінде ғана келуге немесе шығуға қ ұ қ ы л ы .

12. Қысқартуға жауапты Қатысушы мемлекет күнтізбелік есепті кезең ішіндегі қысқарту процесі аяқталғаннан кейін жеті күн ішінде бар басқа Қатысушы мемлекеттерге осы кезеңдегі қысқартудың аяқталғаны туралы хабарлайды. Мұндай хабарламада қысқартылған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың саны мен түрлері, қолданылған қысқарту рәсімдері қолданылған тиісті қысқарту орындары және осы күнтізбелік есепті кезеңдегі қысқарту процесінің нақтылы басталған және аяқталған күндері көрсетіледі. Қысқартулар туралы хаттаманың Х, XI және XII бөлімдеріне сәйкес қысқартылған кәдімгі қару-жарақ пен техника үшін хабарламада, сондай-ақ ондай кәдімгі қару-жарақ пен техника тұрақты орналастырылатын орын көрсетіледі. Қысқартулар туралы хаттаманың VIII бөліміне сәйкес қысқартылған кәдімгі қару-жарақ пен техника үшін хабарламада соңғы қайта жабдықтау жүзеге асырылатын қысқарту орны немесе қайта жабдықтау үшін әрбір бірлік жіберілетін қоймалық сақтау орыны көрсетіледі.

XII бөлім. Шартпен шектелетін кәдімгі қару-жарақ пен техниканы жою/қайта жабдықтау жолымен қысқарту нормасынан тыс пайдаға асыру

1. Жауынгерлік танктерді, жауынгерлік броньды машиналарды, артиллерияны, жауынгерлік ұшақтарды немесе соққы беруші тікұшақтарды жою/қайта жабдықтау жолымен қысқарту нормасынан тыс пайдаға асыруды жүргізуге ниет білдірген әрбір Қатысушы мемлекет пайдаға асыру басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлама береді. Мұндай хабарламада географиялық координаттарын көрсете отырып, пайдаға асыру орнының белгіленгені туралы, пайдаға асырудың басталуы мен аяқталуының белгіленген күндері, жойылатын/қайта жабдықталатын техниканың әрбір атауының болжамды саны мен түрлері, жою/қайта жабдықтау әдістері, осы бөлімнің 4 және 11-тармақтарында мазмұндалғандарға сәйкес жою/қайта жабдықтау процесінің нәтижелерін куәландырудың ұсынылатын әдісі туралы а қ п а р а т т а р д ы қ а м т и д ы .

2. Пайдаға асыруды жою/қайта жабдықтау жолымен жүргізген Қатысушы мемлекет пайдаға асыру аяқталғаннан кейін жеті күннен кешіктірмей барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге хабарлама береді. Ондай хабарламада географиялық координаттары көрсетілген пайдаға асыру орынын белгілеу, пайдаға асыру процесінің нақтылы басталу және аяқталу күні, пайдаға асырылған әрбір бірліктің түрі мен зауыттық сериялы нөмірін қоса пайдаға асырылған қару-жарақ пен техниканың саны және жою/қайта жабдықтау әдісі көрсетіледі.

3. Пайдаға асыруды жүзеге асыратын әрбір Қатысушы мемлекет пайдаға асыру

нәтижелерін

куәландыруды:

(А) не осы бөлімнің 4-тармағының ережелеріне сәйкес қадағалау тобын шақырып;

(В) не кәдімгі қару-жарақ пен техниканы, олар жойылған немесе әскери мақсаттарға пайдалану үшін жарамсыз жағдайға келтірілгендігіне жеткілікті көрнекі куәландыруды қамтамасыз ететін рәсімдерге сәйкес жою мақсатында осы бөлімнің 11-тармағының ережелеріне сәйкес ынтымақтастық негізіндегі шараларды жүзеге асыра отырып қамтамасыз етеді.

4. Пайдаға асыруды жасайтын әрбір Қатысушы мемлекет жауынгерлік танктерді, жауынгерлік броньды машиналарды, артиллерияны, жауынгерлік ұшақтарды немесе соққы беруші тікұшақтарды жою/қайта жабдықтау жолымен қысқарту нормаларынан тыс жабдықтау жағдайында қадағалау мақсатында баруды ұйымдастырудың мынадай нұсқаларының бірін таңдап алуға құқылы:

(А) тікелей әрбір пайдаға асыру процесін аяқтау уақытында жүзеге асыруды қадағалау мақсатында бару;

(В) осы бөлімнің 2-тармағына сәйкес хабарлама берілгеннен кейін 90 күн шегінде орын алған екі немесе одан да көп пайдаға асыру процесін қамту үшін қадағалау мақсатында бару кейінге қалдырылады. Бұл жағдайда пайдаға асыруды жою/қайта жабдықтау жолымен жүргізген Қатысушы мемлекет барлық пайдаға асыру процестер барысында жойылған/қайта жабдықталған қару-жарақ пен техниканы қадағалау мақсатында баратын күнге дейін сақтайды.

(С) пайдаға асыруды қадағалау мақсатында инспекция жүргізуге қадағалау тобы шақырылады. Мұндай инспекция осы бөлімде қарастырылғанынан басқа жағдайларда осы Хаттаманың VII және VIII бөлімдерінің ережелеріне сәйкес жүргізіледі және осы Хаттаманың II бөліміне сәйкес белгіленген қандай да бір үлеске инспекция ретінде тіркелмейді. Мұндай инспекцияға осы бөлімнің 1 және 2-тармақтарына сәйкес хабарлама берілгені туралы пайдаға асырылатын қару-жарақ пен техника ғана жатады.

5. Қадағалау мақсатында баруға қарай осы бөлімнің 1-тармағына сәйкес хабарламада қадағалау мақсатында бару мерзімі мен қадағалайтын топ пайдаланатын кіру/шығу пункті қамтылады. Қадағалау тобы пайдаға асыру орнына шақыратын Қатысушы мемлекет көрсететін мерзімдерде келеді немесе шығады.

6. Қадағалау мақсатында баруды жүзеге асыруға ниет білдірген Қатысушы мемлекет, ол туралы шақырушы Қатысушы мемлекетке қадағалау тобының ұсынылған кіру/шығу пунктіне есепті бару уақытына дейін жеті күннен кешіктірмей хабарлайды. Ондай хабарламада мыналар:

(А) пайдаланылатын кіру/шығу пункті;

(В) кіру/шығу пунктіне келуді есепті уақыты;

(С) кіру/шығу пунктіне жеткізетін құралдары;

(D) қадағалау тобы қолданатын және осы Хаттаманың III бөлімінің 12-тармағына сәйкес көрсетілген тіл болып табылатын тілі;

(Е) қадағалаушылар мен көлік құралдарының экипаждары мүшелерінің толық аты-жөндері; олардың жыныстары, туған күндері, туған жерлері, азаматтықтары мен төлқұжаттарының нөмірлері көрсетіледі. Өзге туралы уағдаластық болмаған кезде қадағалаушылар мен көлік құралдары экипаждарының мүшелері осы Хаттаманың III бөлімінің 6-тармағына сәйкес ұсынылған инспекторлар мен көлік құралдары экипаждары мүшелерінің тізіміне қосылуы тиіс.

7. Қадағалау мақсатында баруды жүзеге асыру ниеті туралы хабарлама жолданатын Қатысушы мемлекет, оны алғаннан кейін ондай хабарламаның көшірмелерін барлық басқа Қатысушы мемлекеттерге жолдайды.

8. Пайдаға асыруды жүргізетін Қатысушы мемлекет жою/қайта жабдықтау жолымен пайдаға асыру процесінің соңғы нәтижелерін қадағалау мүмкіндігіне ие болуын қамтамасыз етеді. Қадағалау мақсатында бару барысында қадағалау тобы жойылған/қайта жабдықталған әрбір техника бірлігінің зауыттық сериялы нөмірін т і р к е у г е қ ұ қ ы л ы .

9. Осы бөлімнің 4-тармағының (С) тармақшасына сәйкес қадағалау және инспекция мақсатында бару қадағалайтын Қатысушы мемлекет есебінен жүзеге асырылады. Осындай төлемнің тәртібі Бірлескен консультациялық тобымен айқындалады.

10. Қадағалайтын Қатысушы мемлекет кешіктірмей барлық басқа Қатысушы мемлекеттерді бару нәтижелері туралы хабардар етеді.

11. Кәдімгі қару-жарақ пен техниканы жоюды жеткілікті көрнекі куәландыруды ұсыну мақсатында ынтымақтастық негізіндегі шаралар жағдайында мынадай рәсімдер қ о л д а н ы л а д ы :

(А) пайдаға асырылатын әрбір техника бірлігі пайдаға асыру жүргізілетін айқын сызылған жерде нақтылы жою басталғанға дейін 14 күннен кешіктірмей бірыңғай жиынтық түрінде қойылады; және

(В) әрбір бірыңғай жиынтықтың бөлімдері жойылғаннан кейін нақтылы жою аяқталған соң 14 күн мерзімге сол сызылған жерге қойылады.

XIII бөлім. Инспекцияларды тоқтату

1. Егер инспекциялық топ кіру/шығу пунктіне келудің бастапқы есепті уақытынан кейін немесе осы Хаттаманың IV бөлімінің 7-тармағына сәйкес хабарланған жаңа бару уақытынан кейін алты сағат ішінде жетуге қабілетсіз болса, инспекциялайтын Қатысушы мемлекет ол туралы осы Хаттаманың IV бөлімінің 1-тармағына сәйкес хабарланған Қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді. Мұндай жағдайда инспекция өткізу ниеті туралы хабарлама күшін жояды және инспекция тоқтатылады.

2. Инспекциялық топ кіру/шығу пунктіне келгеннен кейін болатын және инспекциялық топтың белгіленген инспекция орнына осы Хаттаманың IV бөлімінің 43-тармағында немесе VII бөлімінің 8-тармағында немесе VIII бөлімі 6-тармағының (В) тармақшасында, немесе IX бөлімінің 12-тармағында көрсетілген уақыт ішінде келуіне мүмкіндік бермейтін, инспекциялайтын Қатысушы мемлекетке байланысты емес

жағдайларға байланысты кешіккен жағдайда инспекциялайтын Қатысушы мемлекет инспекцияны тоқтатуға құқылы. Егер VII немесе VIII бөлімге сәйкес инспекция тоқтатылатын болса, ондай жағдайларда ол Шартта көзделген қандайда бір үлеске саналмайды.

XIV бөлім. Инспекциялар туралы есеп берулер

1. Осы Хаттаманың VII, VIII, IX, X немесе XI бөліміне сәйкес өткізілген инспекцияны аяқтау үшін және инспекция орнынан кетер алдында:

(А) инспекциялық топ ілесіп жүретін топқа жазбаша есеп береді; және

(В) ілесіп жүретін топ жазбаша түрде жасалған инспекция туралы есеп беруге ескертулер қосуға құқылы және егер инспекциялық топ пен ілесіп жүретін топ ұзарту туралы уағдаласпаған болса ғана инспекциялық топтан есеп беру алынғаннан кейін бір сағат ішінде қол қояды.

2. Есеп беруге инспекциялық топтың жетекшісі қол қояды, ал алынғанын ілесіп жүретін топтың жетекшісі жазбаша түрде куәландырады.

3. Есеп беру фактологиялық және стандартталған болып табылады. Инспекциялардың әрбір түріне арналған форматтарды Бірлескен консультациялық топпен келіседі.

4. Осы Хаттаманың VII бөліміне және VIII бөліміне сәйкес өткізілетін инспекциялар туралы есеп берулерге мыналар:

(А) инспекция орны;

(В) инспекциялық топтың инспекция орнына келетін күні мен уақыты;

(С) инспекциялық топтың инспекция орнынан кететін күні мен уақыты; және

(D) инспекция уақытында қадағаланған кез келген жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерияның, жауынгерлік ұшақтардың, жауынгерлік тікұшақтардың, бронетранспортерлерге ұқсастардың, жаяу әскерлердің жауынгерлік машиналарына ұқсастардың немесе танк көпірін салушылардың саны мен түрі, моделі немесе нұсқасы, егер орын болса, олар жататын бақылау объектісін көрсету қосылады.

5. Осы Хаттаманың IX бөліміне сәйкес өткізілетін инспекциялар туралы есеп берулерге мыналар:

(А) географиялық координаттармен айқындалатын белгіленген ауданы;

(В) инспекциялық топтың белгіленген ауданға келетін күні мен уақыты;

(С) инспекциялық топтың белгіленген ауданнан кететін күні мен уақыты;

(D) инспекция уақытында қадағаланған жауынгерлік танктердің, жауынгерлік броньды машиналардың, артиллерия бірліктерінің саны мен түрі, моделі немесе нұсқасы, жиынтық және Қатысушы мемлекеттер бойынша бөлінген түрі қосылады.

6. Осы Хаттаманың X және XI бөлімдеріне сәйкес өткізілетін инспекциялар туралы есеп берулерге мыналар:

(А) қысқарту немесе сертификаттау процесі жүзеге асырылған қысқарту немесе

с е р т и ф и к а т т а у

о р ы н ы ;

(В) инспекциялық топтың осы орында қатысқан күні;

(С) қысқарту немесе сертификаттау процедуралары қадағаланған кәдімгі қару-жарақ пен техниканың саны мен түрі, моделі немесе нұсқасы;

(D) инспекция уақытында тіркелген кез келген сериялы нөмірлердің тізбесі;

(Е) қысқартуларға қатысты - нақтылы қолданылған немесе қадағаланған қысқарту р ә с і м д е р і ; ж ә н е

(F) егер инспекциялық топ қысқарту орнында күнтізбелік есепті кезеңнің барлық бойына қатысқан болса, қысқартуларға қатысты - қысқарту рәсімдерінің басталуы мен аяқталуының нақтылы күндері қосылады.

7. Инспекциялар туралы есеп берулер осы Хаттаманың IV бөлімі 2-тармағының (G) тармақшасына немесе 3-тармағының (F) тармақшасына сәйкес инспекциялайтын Қатысушы мемлекет көрсеткен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның ресми тілінде жасалады.

8. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекет пен инспекцияланатын Қатысушы мемлекет есеп берудің бір-бір данасын сақтайды. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекет инспекция туралы есеп беруді сұрау салу бойынша кез келген Қатысушы мемлекетке б е р е д і .

9. Шарттың қолданылу аясына кіретін кәдімгі қару-жарақ пен техникасы инспекцияланған кез келген Қатысушы мемлекет:

(А) өзінің кәдімгі қарулы күштерінің инспекциялануына байланысты жазбаша түрдегі ескертулерге қосуға құқылы; және

(В) өзінің кәдімгі қарулы күштері инспекцияланған жағдайда инспекция туралы есеп берудің бір данасын сақтайды.

XV-бөлім. Инспекторлар мен көлік құралдары экипаждарының артықшылықтары мен иммунитеттері

1. Инспекторлар мен көлік құралдары экипаждары мүшелерінің жеке мүдделері үшін емес, өздерінің функцияларын тиімді жүзеге асырулары үшін Шартты жүзеге асыру мақсатында 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының 29-бабына, 30-бабының 2-тармағына, 31-бабының 1, 2 және 3-тармақтарына және 34 пен 35 баптарына сәйкес дипломатиялық агенттер пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер беріледі.

2. Инспекторлар мен көлік құралдары экипаждарының мүшелеріне, сондай-ақ 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының 36-бабы 1-тармағының, (b) тармақшасына сәйкес дипломатиялық агенттер пайдаланатын артықшылықтар беріледі. Оларға инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекеттің аумағына кіргізуге немесе шығаруға сол Қатысушы мемлекеттің заңымен тыйым салынған немесе карантиндік ережемен реттелетін заттарды енгізуге рұқсат етілмейді.

3. Егер Шартта өзге көрсетілмесе, инспекциялық топтың көлік құралдары қол

сұғылмайтын

болып

табылады.

4. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің пікірі бойынша иммунитет әділ қазылықты жөнелтуге кедергі жасайтын және одан Шарттың ережелерін жүзеге асыруға залалсыз бас тартуға болатын болса, ол өзінің инспекторлары мен көлік құралы экипажы мүшелерінің кез келгенінің иммунитетінен, юрисдикциясынан бас тарта алады. Инспекциялайтын Қатысушы мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын инспекторлар мен көлік құралы экипажы мүшелерінің иммунитетінен ол инспекторлар азаматтары болып табылатын Қатысушы мемлекеттер ғана бас тарта алады. Бас тарту әркез айқын көрсетілген болуы тиіс.

5. Осы бөлімде көзделген артықшылықтар мен иммунитеттер инспекторлар мен көлік құралы экипажы мүшелеріне мына жағдайларда беріледі:

(А) басқа бір Қатысушы мемлекеттің аумағында инспекция өткізу мақсатымен кез келген Қатысушы мемлекеттің аумағы арқылы өту кезінде;

(В) олар инспекция өткізілетін Қатысушы мемлекеттің аумағында болған бар к е з е н д е ;

(С) бұдан әрі - олардың бұрын инспектор немесе көлік құралы экипажының мүшесі ретінде өздерінің ресми функцияларын жүзеге асыруы кезінде жасаған іс-әрекеттеріне қ а т ы с т ы .

6. Егер инспекциялайтын Қатысушы мемлекет инспектор немесе көлік құралы экипажының мүшесі өзінің артықшылықтары мен иммунитеттерін жеке мүддесіне пайдаланды деп санаса, онда осы Хаттаманың VI бөлімінің 9-тармағында мазмұндалған ережелер қолданылады. Кез келген мүдделі Қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша ондай жеке мүддеге пайдаланудың алдын-алу үшін олардың арасында консультация өткізіледі".

28-бап

1. Бірлескен консультациялық топ туралы хаттаманың 3-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"3. Бірлескен консультациялық топ, егер ол өзге шешім қабылдамаса, жылына екі рет өткізілетін тұрақты сессиясына жиналып тұрады".

2. Бірлескен консультациялық топ туралы хаттаманың 11-тармағы алынып тасталады және мыналармен ауыстырылады:

"11. Бірлескен консультациялық топтың жұмысына байланысты жалпы шығыстарды бөлу шкаласы, егер Бірлескен консультациялық топ өзге шешім қабылдамаса, былайша қолданылады:

10,73% Германия Федерациялық Республикасы үшін, Италия Республикасы үшін, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі үшін, Америка Құрама Штаттары үшін және Француз Республикасы үшін;
9,00% Ресей Федерациясы үшін;

6,49% Канада үшін;
 5,15% Испания Корольдігі үшін;
 4,23% Бельгия Корольдігі үшін және Нидерланд Корольдігі үшін;
 2,47% Дания Корольдігі үшін және Норвегия Корольдігі үшін;
 1,75% Украина үшін;
 1,72% Польша Республикасы үшін;
 1,20% Түрік Республикасы үшін;
 0,84% Венгрия Республикасы үшін, Грек Республикасы үшін және Румыния үшін;
 0,81% Чех Республикасы үшін;
 0,70% Беларусь Республикасы үшін;
 0,67% Болгария Республикасы үшін, Люксембург Ұлы Герцогтігі үшін және Португалия Республикасы үшін;
 0,40% Словак Республикасы үшін;
 0,20% Әзербайжан Республикасы үшін, Армения Республикасы үшін, Грузия үшін, Исландия Республикасы үшін, Қазақстан Республикасы үшін және Молдова Республикасы үшін".

3. Бірлескен консультациялық топ туралы хаттаманың 12-тармағы алынып тасталады.

29-бап

Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы хаттаманың кейбір ережелерін уақытша қолдану туралы хаттама жойылады.

30-бап

1. Төменде Бейімдеу жөніндегі келісім деп аталатын Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шартты Бейімдеу жөніндегі келісімге қол қою мен қолданысқа енуі арасындағы кезеңде Шарттың ережелеріне сәйкес хабарлама берілген шекті деңгейлерді өзгерту, сондай-ақ Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамадағы және ол туралы тиісті Қатысушы мемлекет сұрайтын болса мынадай жағдайларда Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамадағы өзгертулер болып саналады:

(А) ондай өзгертулер Хаттаманың IV бабының 3 және 4-тармақтарында және V бабының 4 және 5-тармақтарында белгіленген шектеулерге сәйкес келсе; сондай-ақ:

(В) Шарттың IV бабының 4-тармағында және V бабының 5-тармағында белгіленген сандық шектеулер Бейімдеу жөніндегі хаттамаға қол қойылған сәтінен күшіне енген сәтіне дейінгі өткен уақытқа барабар қолданылса.

2. Шарттың IV бабының 4-тармағында, V бабының 5-тармағында мазмұндалғанындай мұндай өзгертулер барлық басқа Қатысушы мемлекеттердің келісімін қажет ететін жағдайларда Бейімдеу жөніндегі келісімге қол қойылған сәтінен бастап 60 күн ішінде бірде-бір қатысушы мемлекет мұндай өзгертулерге жазбаша түрде қарсылық білдірмеген жағдайда мұндай өзгертулер Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамада көрсетілген деңгейлерге өзгертулер болып саналады.

3. Егер Қатысушы мемлекет өзінің қолда барына арналған шекті деңгейін біржақты қысқарту туралы хабарласа, егер ол туралы сол Қатысушы мемлекет өзі сұрамаса ғана хабарлама берілген өзгертулер осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне карамай Ұлттық шекті деңгейлер туралы хаттамаға және Аумақтық шекті деңгейлер туралы хаттамаға өзгертулер болып саналмайды.

31-бап

1. Осы Бейімдеу жөніндегі келісім Қатысушы мемлекеттің конституциялық рәсімдеріне сәйкес олардың әрқайсысының бекітуіне жатады.

2. Бекіту грамоталары депозитарийдің сақтауына тапсырылады.

3. Осы Бейімдеу жөніндегі келісім кіріспеде аталған көрсетілген Қатысушы мемлекеттердің бәрі бекіту грамоталарын сақтауға тапсырғаннан кейін он күннен соң күшіне енеді, одан кейін Шарт өзгертілген күйінде қолданылады.

4. Бейімдеу жөніндегі келісімнің күшіне енуі бойынша Шарттың IV бабының 4-тармағында және V бабының 5-тармағында белгіленген сандық деңгейлер күшіне енген күн және XXI баптың 1-тармағына сәйкес өткізілетін қарау жөніндегі келесі конференция аралығындағы қалған уақыт кезеңіне барабар қысқартылады.

5. Орыс, ағылшын, испан, итальян, неміс және француз тілдеріндегі мәтіндері түпнұсқаларға тең болып табылатын осы Бейімдеу жөніндегі келісімнің түпнұсқасы депозитарий мұрағатына сақтауға тапсырылады. Осы Бейімдеу жөніндегі келісімнің тиісінше куәландырылған көшірмелерін депозитарий барлық Қатысушы мемлекеттерге б е р е д і .

6. Осы Бейімдеу жөніндегі келісімді депозитарий Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркейді.

Төменде қол қойған соған тиісінше өкілеттілер куәландыру үшін осы Бейімдеу жөніндегі келісімнің астына өз қолдарын қойды.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылғы қараша айының он тоғызы күні Стамбулда орыс, ағылшын, испан, итальян, неміс және француз тілдерінде жасалды.

Төменде қол қойған соған тиісінше өкілеттілер куәландыру үшін осы Бейімдеу жөніндегі келісімнің астына өз қолдарын қойды.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылғы қараша айының он тоғызы күні Стамбулда жасалды.

Германия	Федерациялық	Республикасы	үшін
Америка	Құрама	Штаттары	үшін
Қазақстан		Республикасы	үшін
Люксембург	Ұлы	Герцогтігі	үшін
Молдова		Республикасы	үшін
Армения		Республикасы	үшін
Әзербайжан		Республикасы	үшін

Беларусь	Республикасы	үшін
Бельгия	Корольдігі	үшін
Болгария	Республикасы	үшін
	К а н а д а	ү ш і н
Дания	Корольдігі	үшін
Испания	Корольдігі	үшін
Француз	Республикасы	үшін
Венгрия	Республикасы	үшін
Исландия	Республикасы	үшін
Италия	Республикасы	үшін
	Г р у з и я	ү ш і н
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен	Корольдігі	үшін
Грек	Республикасы	үшін
Норвегия	Корольдігі	үшін
Нидерланд	Корольдігі	үшін
Польша	Республикасы	үшін
Португалия	Республикасы	үшін
	Р у м ы н и я	ү ш і н
Ресей	Федерациясы	үшін
Словак	Республикасы	үшін
Чех	Республикасы	үшін
Түрік	Республикасы	үшін

Украина үшін